



ЗАҢ МЕН ТАЛАП

ҚАУІПСІЗДІК ҚАМЫ

Айырқалпақты ағайынның «Айылдан келген апа» деп аталатын картинасы бар. Екі-үш жыл бұрын түсірілген. Бір жарым сағаттық фильм әзілге құрылғанмен, шынайы өмірден алынған. Көркем картина ауылдан келген кейуаның Бішкектегі қызыққа толы бір апталық өмірі туралы. Апа ауылдан ұлы мен қызына келеді. Олар пәтер жалдап тұратын. Үйдің иесі қытымыр. «Қонақ келмесін» деп шарт қойған. «Айылдан келген апа» қожайынға пысыра ма, пәтер иесінің мазасын алады. Ауылдағы аңқылдаған мінезбен әбден ығырын шығарған соң, кейуанадан құтылғысы келген үй иесі тәртіп сақшыға арызданады. Құлқынын көк қағаз тескен сақшы өз қолынан «заң» шығарып, «Бішкекте тіркеусіз бір ай тұруға болмайды» – деп «Айылдан келген апаны» түн ортасында пәтерден қуып шығарады. Сонда әлгі апаның «Бішкегің құрысын. Енді айылымнан келмеймін» – деп жылайтын жері бар. Жүректі елжірететін көрініс.



Мәулен ӘШІМБАЕВ,
Мәжіліс депутаты:

«Жалпы, ел азаматтарына ІІМ 10 күнді ұсынып, кейіннен тіркеуге тұру қажеттігін ескерген еді. Бірақ та түрлі жағдайлардың болуын қарастыра отырып, яғни қонаққа, не жұмысы барысымен барған жағдайда 10 күн уақыт жетпеуі мүмкін. Осы ретте бұл мерзімді 30 күнге дейін арттыруды ұсынып отырмыз»

(Жалғасы 3-бетте)

БІЗДІҢ СҰХБАТ



ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ - ЭКОНОМИКА ТІРЕГІ

Жас қазак: Мұртаза мырза, сіз белгілі дінтанушы ғалымсыз. Түркия мемлекетінде тұрып келгеніңіз де білеміз. Ал еліміздің тәуелсіздігін алған сәті есіңізде сақталды ма? Оны қалай деп бағалайсыз?

Мұртаза Бұлғай: Тәуелсіздікке қол жеткізген күн – менің есімнен мәңгі шықпас зор қуанышым еді. Алғашында Қазақ КСР-ның егемендігі 1990 жылы жарияланғанда төбеміз көкке жеткендей болды. Одан кейін одақтас республикалар бірінен соң бірі тәуелсіздіктерін жариялап жатқанда «Қазақстан неге кешікті?» деп уайымдағаным есімде. Дәл тәуелсіздік жарияланған күні мен Түркияның Бурса қаласындағы кәсіпкерлердің жиналысында отыр едім. Телеарналардан Қазақстан тәуелсіздігін жариялады және Түркия оны бірінші болып таныды дегенді естігенде жиналысқа қатысып отырған түрік бауырларымыздың орнынан тұрып, мені құшақтап, құттықтап жатқаны әлі көз алдымда. Сол жерде әрбір фирманың атынан жеке құттықтау хат ұйымдастырып, Алматыдағы Президент аппаратының факс нөміріне жібергеніміз бар. Мен де Еуропа және Түркиядағы қазақтар атынан Елбасын құттықтап, хат жазып, оны факс және телеграмма арқылы жөнелттім. Міне, содан бері жүйткіген желдей 25 жыл өте шыққан екен. Тау етіп келген Тәуелсіздігіңнің өмірі мәңгілік болсын, сүйікті елім Қазақстаным! – деймін, шын жүректен.

(Толығырақ 4-бетте)

ЖҮЙРІК ЖАҢАЛЫҚ



Үкімет үйінде Премьер-Министр Бақытжан Сағынтаевтың төрағалығымен Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының Өзара іс-қимыл жөніндегі кеңесінің кезекті отырысы өтті. Жиын барысында Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының ұсыныстарын іске асыру бойынша Жол картасын әзірлеу және бұл ұйыммен алдағы уақыттағы өзара іс-қимыл мәселелері талқыланды.



Елімізде 3 263,6 мың тонна арпа жиналды. Бұл өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 594 мың тоннаға артық. Сонымен қатар қарақұмық жинау науқаны да аяқталды. Айта кету керек, еліміздің 7 облысында шаруалар қарақұмық егумен айналысады. Қарақұмық, негізінен, солтүстік өңірде өсіріледі.



Елімізде пайдаланудан шыққан көліктерді тапсыруды ынталандыру жөніндегі бағдарламасы іске қосылды. 21 қарашадан бастап ескі көліктерді өткізуге болады. Ол үшін 150 мың теңге, ал тіпті жарамсыз темір «тулпарға» 48 мың теңге беріледі. Бұл туралы «Оператор РОП» ЖШС басқарушы директоры Рустам Темірбек хабарлады.

Нұрлан ЕРМЕКБАЕВ,
дін істері және азаматтық
қоғам министрі:

«5 маусым күні Ақтөбеде болған жағдай болашақта қайталанбайды. Оған бүкіл мемлекеттік орган күш-жігерін салады. Сіздердің қауіпсіздіктеріңізді қамтамасыз ете аламыз. Ол үшін алаңдамауға болады. Қазақстан зайырлы мемлекет. Дін мемлекет істеріне кедергі келтірмеуі қажет. Бұл – әр адамның жеке мәселесі және оның рухани дүниесі. Мемлекет қоғамдық қатынастарды шариғаттық негізде емес, заң негізінде реттейді. Бірақ бұл



адамдардың дінге сенуіне кедергі келтірмейді. Дінге берілген, сенетін адамдарға мемлекет барлық қажетті жағдайды жасайды»

(Ақтөбелік студенттермен кездесуінде айтты)

ЕУРАЗИЯ ЖҮРЕГІНДЕ ПАРИЖДЕГІ ДЕМАЛЫС

«Эйр Астананың» арнайы демалыс күнгі тарифін пайдаланып, Париж қаласында естен кетпес демалысыңызды өткізіңіз. Тариф құны Астанадан ұшатын рейс үшін небары 105 000 теңге*, ал Алматыдан ұшатын рейс үшін небары 111 000 теңгені* құрайды.

* Барып-қайту билет құны, әуежай алымдарын қамтиды. Валюта айырбас бағамының өзгеруіне байланысты билеттің соңғы бағасы да өзгеруі мүмкін.

airastana.com

air astana



ҰЛТТЫҚ БРЕНД

Қайдасың, қазақы қазанат?!

У-шу, азан-қазан. Аспан айналып жерге түскендей. Айқұлақтанып, атойлаған, ышқынып, қиқулаған желекпе жанкүйер. Қырық шақырымдық қашықтықтың қақ жартысын еңсерсе де құйысқанның асты ғана ақ сабынданып, терлеген көкқасқа жақтан суырылған жалғыз жебедей ағып келеді.



(Жалғасы 15-бетте)



БОЛАШАҒЫМЫЗ – БІРЛІКТЕ!

Билік

Биыл бірқатар елдерде егін бітік шықты. Бұл астық нарығындағы бәсекеге әкеліп соғуы мүмкін. Еліміз соған дайын болуы тиіс. Елбасы осыған орай үкімет басшысы Бақытжан Сағынтаевқа нақты тапсырма берді.

Астықтың әлеуетін пайдалану қажет

Мемлекет басшысының қабылдауында Б.Сағынтаев еліміздің биылғы 9 айдағы әлеуметтік-экономикалық дамуының нәтижелері және басты мемлекеттік бағдарламалардың орындалу барысы туралы баяндады.

Қазақстан Президенті қазіргі уақытта жүзеге асып жатқан барлық бастаманы келесі жылы одан әрі тиімді жалғастыру үшін қажетті негіз қалыптасқанын атап өтті. Елбасы осыған орай, «Біріншіден, бюджетке тиісті өзгерістер енгізілді. Сондай-ақ барлық қажетті мемлекеттік бағдарламалар қабылданды. Атап айтқанда, республиканың қарқынды индустриялық-инновациялық дамуын қамтамасыз ету және тиімді көлік-логистика инфрақұрылымын қалыптастыруды көздейтін «Нұрлы жол» даму бағдарламасы аясында тұрғындардың әл-ауқатын арттыру үшін шаралар қабылдаудың маңызы анық», – деді.

Өз кезегінде Премьер-Министр республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуының барлық негізгі көрсеткіштері жөнінен оң серпін бар екенін айтты. Ол Қазақстан Президентінің биылғы 9 қыркүйектегі кеңейтілген Үкімет отырысында берген тапсырмаларының уақытында орындалып жатқанын мәлімдеді. Атап айтқанда, ел экономикасының одан әрі дамуына ықпал ету мақсатымен қосымша 481 млрд теңге көлемінде қаражат бөлу мәселесі шешілді. Б.Сағынтаев, сонымен қатар күніне 90 мың баррель мұнай өндіретін Қашаған мұнай-газ кен орнының



іске қосылғанына назар аударып, ең алдымен, азық-түлік пен аса қажетті тауарлар бағасы, тұрғындар мен әлеуметтік мекемелерді үздіксіз жылумен қамтамасыз ету мәселесі, сондай-ақ тұрғын үй құрылысы бағдарламасы аясында жоспарланған нысандарды уақтылы тапсыру тұрақты бақылауда екендігін атап өтті. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевқа елдің экспорттық әлеуетін одан әрі арттыру үшін қабылданып жатқан шаралар туралы баяндалды.

Қазақстан Президенті егін ақаптарында жиын-терім науқанының аяқталғанына тоқталып, енді

үкіметке астықты экспорттау мәселесін пысықтау қажет екендігін атап өтті. Мемлекет басшысы «Ірі дөңді-дақыл өсіруші болып саналатын көптеген елдерде егіннің жақсы шыққанын байқап отырмыз. Осыған байланысты бұл нарықта бәсеке жоғары болады. Біз осыған дейін бірқатар елдермен астық экспорты жөнінде келісім жасалдық. Осы уағдаластық аясында жеткізілетін өнім көлемін анықтап алу қажет» – деді Нұрсұлтан Назарбаев кездесу қорытындысы бойынша үкіметке бірқатар нақты тапсырма берді.

(Өз тілшіміз)

Құрмет

Астанада Халық қаһарманы Рақымжан Қошқарбаевқа арналған ескерткіш ашылды.

Ер есімі ел есінде

Ескерткіш Б.Момышұлы және Р.Қошқарбаев даңғылының қиылысында орналасқан. Жобаға сөйкес, мүсіндік композицияның биіктігі – 6 метр, ал гранит тұғырдың биіктігі 4,5 метр. Ескерткіштің авторы «Қазақ елі» монументін жасауға қатысқан белгілі мүсінші Аскар Нартов.

Салтанатты шара барысында сөз сөйлеген Астана әкімінің орынбасары Ермек Аманшаев «Бүгін қазақ жауынгері Рақымжан Қошқарбаевтың ерлігін мәңгілік ету үшін осы монументті ашып отырмыз. Оның есімі өскелең ұрпақтың жадында ерліктің символы ретінде сақталуы керек, сол себепті Қазақстан Тәуелсіздігінің 25 жылдығы қарсаңында елордада аты аңызға айналған нағыз жауынгерімізге арнап ескерткіш орнатылды», – деді. Салтанатты шараға Рақымжан Қошқарбаевтың қызы – Әлия, оның немерелері, сондай-ақ лейтенант Қошқарбаев туралы кітаптың авторы – Қасым Аппасұлы қатысты.



Сөз-жебе

Бағлан МАЙЛЫБАЕВ, Президент Әкімшілігі басшысының орынбасары:

«Тәуелсіздік алған 25 жылдың ішінде сырттан қаншама қандасымыз келді. Ол бауырларымызды оралман деп айтып жүрміз. Меніңше, оралман дегеннен гөрі ағайын деп айтқанымыз дұрыс болады. Сондықтан, осындай ұсыныс жасағым келіп отыр»

(Астанада өткен саясаттанушылар мен әлеуметтанушылардың халықаралық форумында айтқан сөзі)



АПТАНЫҒА АЙТАРЫ

2,8

млрд теңге.

Елімізде инновациялық жобаларды жүзеге асыруға бөлінетін қаржы көлемі

9,5

млн теңге.

Екібастұзда төртіп сақшылары осынша ақшаға жоқ дизель отынын сатқан алаяқты ұстады

36

мың ақтөбелік азаматқа радикализмнің қауіпті екені түсіндірілді

БАҚ

Келер жылы қаралады

Бұқаралық ақпарат құралдарына қатысты заң жобасы алдағы жылдың алғашқы жартысында Парламентке жіберіледі. Бұл туралы сәрсенбі күні ақпарат және коммуникациялар министрі Дәурен Абаев хабарлады.

Ол осы министрліктің алқа мәжілісінде сөйлеген сөзінде құжаттың жан-жақты талқылаудан өтетінін атап өтті. Министр осы мәселеге орай былай деді. «Біз тұжырымдаманың өзін жалпыға ортақ талқылауға шығарған бірінші министрлікпіз. Ендігі уақытта заңның өзі барлық қажетті процедурадан өтеді. Оң немесе сыни пікірлер ескеріледі».

Министр заң жобасының әділет министрлігі жанындағы заң жобалау қызметі мәселелері жөніндегі

ведомствоаралық комиссиямен келісілгенін айта келе, қазіргі мемлекеттік мекемелер, депутаттар, азаматтық қоғам өкілдері және сарапшылардан тұратын жұмыс тобы құрылып жатқанын айтты. Биылғы қараша-желтоқсан айларында заң жобасын талқылау өткізіледі. Жалпы, қараша айының соңына дейін жұмыс тобы

мүшелерімен бірге құжат мәтінін дайындау көзделген.

Д.Абаев «2017 жылдың наурызына дейін барлық мемлекеттік органдармен келісілген құжатты Үкіметке және 2017 жылдың алғашқы жартысында Парламент Мәжілісіне енгізу қажет» – деді.



ҰСЫНЫС



Бақытбек СМАҒҰЛ, Мәжіліс депутаты:

«Баршаға белгілі, 2014 жылғы 29 мамырда қазақ жерінде Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа қол қойылды. Жас ұрпақ арасында

ынтымақтастық идеяларын насихаттау және қос құрлықтың – Еуропа мен Азияның ықпалдастығы қай елде басталғанын әлемге паш ету үшін мен «Еуразиялық ықпалдастық күні» деген жаңа мереке енгізуді ұсынамын»

Жаңа тәсіл

Инвестициялар және даму министрлігі туризм индустриясы департаменті осындай ұсыныс жасап отыр. Аталған департамент директоры Марат Иғали шетелдік саяхатшы ел аумағына өткені үшін тәулігіне 500 теңге қалдыра алатынын айтады.

Ол

«Туризм индустриясы департаменті Bed Tax – туристерді орналастыру салығын енгізуді алға тартып отыр. Біздің есептеуімізше, әрбір турист күніне қонақүйде тұрған ақысының 3%-ын, яғни 500 теңгені қалдырып кету керек. Еліміз аймақтық мол ақша табады», – деді. bnews.kz сайты хабарлағандай, мұндай салық Грузия, Еуропа, Араб Әмірліктерінде бар екен. 2020 жылға дейін туризмді дамытудың арнайы тұжырымдамасы әзірленген. Бұдан басқа, жақында елімізде шетелге шығатын отандастарымызды қолдау

Тосқауыл

Биыл жалған кәсіпкерліктен мемлекетке 94 млрд теңге зардап келді. Бұл туралы Жоғары сотта өткен «Экономикалық қылмыстарға байланысты істерді қарау кезіндегі өзекті проблемалар» атты дөңгелек үстелде қаржы министрлігі мемлекеттік кірістер комитеті төрағасының орынбасары Тілеу Жаңғарашев мәлім етті.

Оның айтуынша, жалған кәсіпкерлік арқылы салықтан жалтару, қаражатты заңсыз сыртқа шығару немесе керісінше оны заңдастыру сынды құқықбұзушылықтар жасалған. Ол «Ресми дерек бойынша, 2015 жылы аталған қылмыстардың кесірінен мемлекетке 92 млрд теңге залал келген. 2016 жылдың 9 айында оның көлемі 94 млрд теңгеден асып отыр. Біз бұны мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігіне келіп отырған тікелей қауіп деп санаймыз. «Көленкелі экономиканың» үлесі ЖІӨ-нің 28 пайызын құрайды. Оның негізгі бөлігін жалған

Кәсіпкер қадамы назарда



кәсіпкерлік арқылы заңсыз қаражатты заңдастыру алып жатыр. Қазіргі уақытта экономикалық тергеу органдарының қарауында 2 мыңнан астам қылмыстық іс бар. Онда шамамен 15 мыңнан астам контрагент тергеуге алынып отыр», – деді. Комитет төрағасы тиісті заңдарға өзгерту мен толықтыру енгізілмесе, жалған кәсіпкерлікке қатысы жоқ бизнеске залалы келуі ықтимал. Себебі тергеуге алынғандардың қатарында өз ісін адал атқарып жүрген кәсіпкерлер де бар.

Эльмира СУХАНБЕРДИЕВА, Білім және ғылым вице-министрі:

«Мектеп жарғысында көрсетілген тәртіпке қарамастан, балаларын мектепке діни киіммен әкелетін ата-аналармен бір емес, көп мәрте түсінбеушіліктер орын алып келгенін білесіздер. Ата-аналар бізге нақты ұстанымдарымызды жариялауды сұрағандықтан, біз оң көзқарас болатынына үміттенеміз. Егер оқушы діни киіммен келетін болса, ата-анаға ескерту жасалады. Баланы біз қумаймыз, діни атрибутиканы шешу үшін ата-анасын шақыртамыз. Оқушы ары қарай сабағына қатыса береді. Мектептен шығысымен қайта кесе де болады. Мұнда ешкімге де моральдық зардап тигізбейміз деп ойлаймын»



Ғалым ШОЙКИН, дін істері және азаматтық қоғам министрлігі дін істері комитетінің төрағасы:

«Ата-аналармен әңгімелескен жөн деп санаймын. Бірінші кезекте діни киім киетін ата-аналарға түсіндірген абзал. Мемлекеттік органдар бұл жұмысты діни ұйымдармен бірге атқарып келеді. Нәтиже де бар. Мысал келтіре кетсем, Атырауды алатын болсақ, 2015 жылы мектепке оқушы хиджабен келген 315 оқиға тіркелген. Мемлекеттік органдар мен діни ұйымдардың бірлескен жұмысының арқасында енді тек 113 бала қалды. Дегенмен жұмыс әлі аяқталған жоқ»

Әр саяхатшыдан – 500 теңге



мақсатында қор құрылады. Басқарма басшысының айтуынша, осы аптада шетелге шығатын туристерді кепілді сақтандыру жүйесі мақұлданды. М.Иғали «Ол үшін арнайы қор құрылады. Оған туристерді шетелге жіберетін туризм операторлары белгілі бір соманы салады. Аяқ астынан болатын түрлі жағдай болып қалса, сол қордағы қаржыдан алып, туристерімізді елге қайтара аламыз. Бұған дейін мұндай оқиғалар көп болды», – деді.

Заң мен талап

(Басы 1-бетте)

Қауіпсіздік қамы

Осы аптада Мәжіліс депутаттары Алматы мен Астана сияқты қалаларда тіркеусіз 30 күнге дейін тұруға мүмкіндік беретін заң жобасын ұсынды. Сол сәтте менің ойыма бірден Алатаудың арғы жағындағы киіз-туырлықты қырғыздар түсірген фильм түсті. Алайда біздің көкесегеніміз қауіпсіздік мәселесі.

Сонымен, мұндай заң жобасын кім ұсынды? Жауабын іздедік. Таптық.

Апта басында Сенатта үлкен отырыс өтті. Онда елімізде діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2013-2017 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы қаралады. Заң жобасын депутаттар мен мемлекеттік орган қызметкерлерінің кездесуінде Мәжіліс депутаты Мәулен Әшімбаев мәлім етті.



кейіннен тіркеуге тұру қажеттігін ескерген еді. Бірақ та түрлі жағдайлардың болуын қарастыра отырып, яғни қонаққа, не жұмыс барысымен барған жағдайда 10 күн уақыт жетпеуі мүмкін. Осы ретте бұл мерзімді 30 күнге дейін арттыруды ұсынып отырмыз. Егер де қалаға келген азамат жұмыс бабымен, туыстарына сапарлап келсе, басқа қалада тіркеусіз жүріне 30 күнге дейін ғана мерзім берілуі тиіс. Осыдан кейін тіркеуге тұру қажет. Ішкі істер

де жауапты болады. Яғни барлық пәтер иелерін туыскандары келген жағдайда тіркеуге тұрғызу міндеттелген болатын. Егер де тіркеу жасалмаса, онда айыппұл қарастырылады» — деп түсіндіреді.

Мұндай талап — экстремизм мен терроризмге қарсы күрес идеясынан туғаны анық. Ақтөбе, Алматыда болған оқиғаны еске алсақ, депутатпен келісуге тура келеді. Бірақ қазақтың қонақжай халық екенін де ескеру керек. Оны өткен жолы Сенат депутаттары Бірғаным Әйтимова мен Ахмет Мұралов та айтты. Алайда ішкі істер вице-министрі Рашид Жақыпов жаңашылдыққа қатысты мынадай жауап берді. Ол «Бұл жерде біз «прописка» туралы айтып отырған жоқпыз. Қазір «уақытша тіркеу» деген қызмет бар. Заңға сөйкес, үй иесі он күннің

ішінде ол адамдарды «уақытша тұрушы» ретінде тіркеуге қойса болды. Артынан ол үйде қанша тұрса да, өз еркі. Ал адамды уақытша тіркеу үшін көп құжаттың қажеті жоқ. Жеке күлік болса болды. Біз ел қауіпсіздігі мақсатында адамдардың көші-қонын бақылауда ұстауымыз қажет. Осыны дұрыс түсініңіздер», — деді. Әліптің артын бағып, мәселенің түп-төркінін түсінгеніміз де дұрыс



болар. Себебі қауіпсіздік мәселесі ескерілген жерде, бейбіт өмір, таныштық болатыны анық.

Жарас КЕМЕЛЖАН



Мәулен Әшімбаев

М.Әшімбаев «Жалпы, ел азаматтарына ИМ 10 күнді ұсынып,

министрлігінің ұсынысы бойынша, егер ол азамат тіркелмесе, оның өзі де, сондай-ақ пәтердің иесі

Құқық

Алаяқтық жасап, ала жіпті аттау қылмыстың кең таралған түріне айналды. Теріс ниеттілер жетімнің көз жасынан да қорықпайды. Еліміздің Бас прокуратурасы таяуда алаяқтардың жолын кескенін хабарлады. Алматы облысында жетімдердің баспанасын жекелеп алған алаяқтар әшекерленді. Олар соңғы үш жыл бойы баспананы жалға беріп, табыс тауып отырған. Алматы қаласында да осындай жағдай тіркелді. Алаяқ Поляховтарға тиесілі үйді жалға беріп, 4 мың долларды қалтасына басқан. Енді олардың ісін сот қарайды. Жалпы, биыл қылмыс саны 3,5 пайызға азайып, 256 мыңды құрады.

Әр адам ертенгі күнге үкілі үмітпен қарайды. Алдынан жақсылық күтеді. Осы ойдың жетегімен жүрсе, былтырға қарағанда, алаяқтық әрекет саны еліміз бойынша біршама азайған. Оның бір ғана мысалы: Оңтүстік Қазақстан облысы республикада үшінші орында болатын. Күнгейдің прокурорлары соңғы 5 жылда тұрақты түрде өсіп келе жатқан бұл санаттағы қылмыс биыл төмендеді деп сүйіншілеп отыр. Биыл жыл басынан бері Павлодар облысында да алаяқтық оқиғалары 40 пайызға азайған. Ашығын айтсақ, еліміздің Бас прокуроры Жақып Асанов осы салаға басшылық жасағалы бері кері жетектеген кемшілік жойылып, қылмыс саны қысқарып, көзбояушылық ақпарға тосқауыл қойылды.

Алаяқ қапысыз жүрген халықтың баспанасы алдап-арбаумен иемденіп алуға алдына жан салмайды. Енді бірі — «жер өперемін» деп сан соқтырады. Онсыз да қалт-құлт өмір сүріп жүргендердің тірнектеп жиған-тергенін сыпырып әкеткенде, беті бүлк етпейді. Олардан адамгершілік, ар-ұят іздеп әуре болудың қажеті шамалы. Бетпақдала құмында жоғалған инені іздеумен пара-пар. Керек десеңіз, ірі шенеуніктің «туысы» да бола қояды. Жер комитетінде де «істеген» болып шығады. Алдына келгенде алдап арбаудың небір қитұрқы әрекетін жайып салып, тіпті форма кигені де әшкереленіп жатты.

Сонда бұл не өзі? Сикыр ма? Халық жаппай неге алданады? Неге олардың жолы болғыш? Сан-сауалдар осылай алдынды орайды. Ең біріншіден, пәтер сатып алу, сату құжаты туралы сауатымыз жоқтың қасы. Алаяқтың қолындағы жалған құжатқа сене қаламыз. Оның түбін тексеріп жатуды артық санаймыз. Құжаттың түп нұсқасын бере салып, артынан өкініп жататынымыз жасырын емес. Екіншіден, алаяқтар «әргіс». Кез келген мамандық иесінің образына ене алады. Сендіріп сөйлейді. Сондықтан, ол «қызмет ететін» мекемеге, банкке, т.б. телефон шалып, мәлімет жинауға асықпаймыз. Тіпті сатылатын пәтердің нәліктен тым аразан екені ойландырмайды. Іштей «арзан алатын болдым! Пәленбай мың теңге өзімде қалады!»

деп мәз боламыз. Соңында сан соғып, соттан-сотқа сүйретіліп жүргеніміз. Бүгінде құжаттың көшірмесін берудің өзі қауіпті болып тұр. Олар сол көшірмені түрлі-түсті принтер арқылы онай жасап алатын көрінеді. Жалған нотариус «аша қалып», мөр басып беру дегеніміз, олар үшін түк те емес. Жаналық болмай қалды. Енді алаяқтар жетімдерге де ауыз салып келеді. Жетімдерді жылатып, олардың атындағы үйді, пәтерді жалған құжатпен рәсімдеп алады да, екінші, үшінші біреулерге сатып жіберіп, көл-көсір пайдаға кенеліп жатқандары қаншама. Қазақ «Жетім көрсен, жебей жүр» деген нақыл сөз бар. Алаяқтар жетімдерден жырып жегенді өз мақсатына айналдырып алғалы қашан? Енді Бас прокуратураның баспасөз қызметі таратқан мәліметке назар аударсақ. Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша «Қазпошта» АҚ-ның Төле би аудандық бөлімшесінің бұрынғы басшығы Османова балалар үйі тәрбиеленушілерінің есепшотынан ақша ұрлағаны үшін сотталып кетті. Ал Алматы облысы Үштөбе

бүгінде заң алдында жауап беруде. Төрт жылдай сандалған балалар үйінде тәрбиеленуші апалы-сіңілілі Нетруненколар өз үйіне кіре алмай, сыртынан көз салып қана жүрген еді. Бүгінде олар психолог, зангер Александр Шевченконың қамқорлығы арқасында жеңіске жетіп отыр. «Өз үйімізге кіре алмай қалдық. Үйді биік дуалмен қоршап тастапты. Көз жасымызды төгіп, амал жоқтықтан пәтер жалдап



тұрып жаттық. Жалған құжатпен рәсімдеп алғандар сотта өз кінәсін мойындады. Өкініштісі, үйді қиратып, тіпті есік-терезесіне дейін алып еткен...» деп еске алады Нетруненколар. Алаяқтар жетімдердің үйі заңмен қорғалғанына қарамастан, құжатты басқа адамға рәсімдеп жіберген. Ал Кристина Паршинаның үйінен ештеңе қалмаған. Сотталатындарын білген алаяқтар үйді қиратып кетіпті. Алматыдағы «Айналайын» балалар үйінің директоры да айтары жоқ, алаяқ болып шықты. Ол тәрбиеленуші Веретникованың атындағы үйді үшінші біреуге

балалар үйінің әлеуметтік педагогы З.Орманова мекеме тәрбиеленушілеріне тиесілі 1,5 млн теңгені жымқырып үлгерген. Шығыс Қазақстан облысында да жетімді жылатқан оқиға тіркелді. Қамқоршы Н.Крикунованың кесірінен кемелетке толмаған бала өзінің 1 млн теңгеге жуық жинағынан айырылып қалды. Алматы облысында өз қызын тәрбиелеуден бас тартқан әкенің балалар үйінде тәрбиеленіп жүрген қызына асыраушысынан (анасынан) айырылғаны үшін тағайындалған 500 мың теңгелен астам жәрдемақыны ұятты ысырып қойып, зансыз алып келгені анықталды.

Елімізде 30 мыңнан астам жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар бар. Олардың үштен бірі балалар үйінде тәрбиеленуде екенін ескерсек, отыз мыңнан астам жетім тағдыры ойландырмай, толғандырмай қоймайды. Алматы облысында алаяқтар, тіпті еркінсіп кетті десек те болады. Олар жаппай жетім балалардың баспанасын алаяқтық жолмен тартып алып жатыр. Жетім балалардың бесеуін бебелетіп жылатқан алаяқтар

жалған құжаттармен сатып, енді еңкілеп жылап отырған сынайды... Балалар үйіндегі жетімдерді тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселесінде де «мүйіз» шығып тұр. Қызметтен кеткен мемлекеттік қызметкерлерге жетімдер есебінен кезексіз пәтер беріліпті. Прокуратураның араласуымен 247 бала кезекке қойылды. Араны ашылған алаяқтар Алматыдағы балалар үйінде тәрбиеленушілерге берілетін жәрдемақының 2,5 миллион теңгесін жымқырып, жым-жылас еткен! Жаркенттегі мектеп-интернаттың директоры да жетім балаларға бюджеттен бөлінетін ақшаға ауызды аймай салған. Өзінің жеке иелігіндегі кәсібін жарты миллион теңге жұмсап, интернетка кір жуатын машиналар сатып алу барысында 123820 теңгені талан-таражға салды.

Отандастарымыз ертенгі күнді қуанышымен, жақсылықпен қарсы алғанды қалайды. Прокурорлар осылайша бастаған істі аяғына дейін жеткізіп отырса, алаяқтар өзіне тиесілі жазасын алатыны хақ.

Мұхтар ШЕРІМ

ҚОҒАМ

www.jasqazaq.kz
E-mail: jas_qazaq@mail.ru



Бақылау

Жауапкершілікті күшейтейік!

«Азаматтар үшін үкімет» корпорациясындағы жемқорлыққа қарсы жұмысты күшейту қажет. Бұл туралы ақпарат және коммуникациялар министрлігінің алқа отырысында ведомство басшысы Дәурен Абаев айтты.



Министр «Екі апта бұрын Петропавлда мемлекеттік корпорацияның қызметкері жемқорлық фактісі бойынша ұсталды. Мұндай факті барлығымызға «көлеңке» түсіреді деп санаймын. Сондықтан алдағы уақытта осындай келенсіздікке жол бермеу шарасын күшейтуді тапсырамын. Барлықтарыңыз жеке жауапкершілік арқалайтын боласыздар», — деді. Сонымен қатар Д. Абаевтың айтуынша, ағымдағы жылдың 9 айында елімізде 30 миллионнан астам электрондық қызмет көрсетілген. 17 мыңнан астам электрондық лицензия, 433 мың рұқсат құжаты берілген. «ҚазАқпарат» хабарлағандай,

бүгінде мемлекеттік қызметтер тізімінде 739 атау бар. Оның ішінде 530-ын электрондық үкімет порталынан және мемлекеттік корпорациядан алуға болады. Азаматтарға ыңғайлы болуы үшін қажетті қенес алуға болатын 1414 бірінші нөмірі енгізілген. Осы ретте Абаев жылдың соңына дейін мемлекеттік корпорация арқылы электронды нысанда кемінде 65 пайыз мемлекеттік қызметтер көрсетуді қамтамасыз етуді, мемкорпорацияға берілген жана 53 мемқызметті интеграцияланған ақпарат жүйесіне қосуды аяқтауды тапсырды.

Тәртіп

Елімізде мектеп оқушыларынан ақша жинаған мұғалімдер қатаң жазаға ұшырайды. Тіпті жұмыстан қуылуы мүмкін. Бұл туралы бүгін білім және ғылым вице-министрі Эльмира Суханбердиева мәлімдеді.

Мұғалімге ескерту



мақсаттарға ақша жинауға тыйым салу бойынша нақты қағидалар бекітілген. Ол бұрыннан бар. Бұл бірінші бұйрық емес. Ол туралы барлық білім беру департаменті мен бөлімшесіне айтылды. Біз мектептерде ақша жинауға тыйым салуға қатысты саясатты қатаң ұстанамыз. Бірақ бұл талап жергілікті

Орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте вице-министр «Бізге министр бұйрығымен мектепте түрлі

жерлерде бұзылып жатады», — деді.

Оның айтуынша, осы бұйрықты бұзған қызметкерлерге қатаң жаза қолданылады. Тіпті жұмыстан шығаруға дейін баруы мүмкін. Э. Суханбердиева «Біз барлық оқиғаларға қатаң шара қолданып келеміз. Оны жігі бақылап, ата-аналармен бірге ақша жинауға мүлдем қарсы екенімізді білдіреміз. Мектепте оқушылардың ата-аналарынан ақша жинауға тыйым салу туралы министр бұйрығы барлық облыстың, Астана мен Алматы қалаларының білім беру департаменттеріне жолданған. Ақша жинауға жол берген қызметкерлерді жұмыстан шығаруға дейін барамыз», — деп өз ойын аяқтады.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Әсет ИСЕКЕШОВ,
Астана қаласының әкімі:

«Ақша жинау мәселесі бойынша комиссия өз жұмысын бастады. Ақша жинау деректерінің барлығы зерттелетін болады, сәйкесінше шаралар да қолданылады. Бұл мәселе түбегейлі шешілетін болады. Комиссия атқарған жұмыстың қорытындысы бойынша мен сіздермен кездесіп, тағы да осы мәселені талқылауға дайынмын. Әр мектепке баратын боламыз!»

(Facebook парақшасынан)

Тағзым

Келбеті қалпына келеді

Венгр ғалымдары алдағы 2-3 айда Кейкі батырдың келбетін қалпына келтіруді жоспарлап отыр. Олар бұл жұмыста батырдың бас сүйегін қолданатын болады.

жасалады», — деді. Tengrinews.kz сайты хабарлағандай, ғалымдар батырдың бас сүйегіне сараптама жүргізіп, бас сүйекке тиген



Бұл туралы антрополог Андраш Жолт Биро хабарлады. 13 қазан күні Орталық мемлекеттік мұражайы Венгриядағы елшіліктің қолғабысымен Будапешт қаласына Кейкі батырдың бас сүйегі жеткізілген болатын. Ж. Биро «Ғылыми нәтижені біз Қазақстанның Тәуелсіздігі күні таныстыратын шығармыз. Әрине, бізді шақырған кезде. Біз үш өлшемді үлгісін жасайтын боламыз. Бұл батырдың есімі мәңгілік есте сақталу үшін

зақымдарды анықтап, Кейкі батырдың қалай қайтыс болғанын да анықтауды жоспарлап отыр. Еске салайық, антропологиялық сараптаманы Андраш Жолт Биро мен Шандор Евингер жүргізеді. Ал Кейкі батырдың бет-бейнесін қалпына келтіру жұмыстарымен Агнеш Куштар айналысады. Осыған дейін, 2011 жылы Агнеш Куштар кезде. Біз үш өлшемді үлгісін жасайтын боламыз. Бұл батырдың есімі мәңгілік есте сақталу үшін

Серпін (Басы 1-бетте)


Мойынқұм ауданының көлемі – бүкіл Жамбыл облысы жерінің 42 пайызын алып жатыр. Мұнда адам игілігіне керекті табиғи ресурстардың бәрі бар. Оны игеру бұрындары там-тұмдап қана қолға алынса, еліміз Тәуелсіздігін алғалы бері Мойынқұм қазынасына мықтап бет бұрылды. Көптеген жаңа кен орындары ашыла бастады. Соның бірі – Мыңарал цемент зауыты. Біз «Мыңарал тас компани» ЖШС бас директоры Мұртаза Бұлұтаймен сұхбаттасқан едік.

– Мойынқұмдықтар үшін негізгі күнкөріс көзі – мал. Ежелден бері солай. Кеңестік кезеңінде еліміздегі мал шаруашылығы дамыған бірегей аудан тәуелсіздік жылдары бірігіп өндіріске де бет бұра бастады. Бүгінгі таңда аумағынан алтын, күміс, гранит, барит, көмір, қорғасын, цемент, тұз өндірілуі ауданның атын алысқа танытуда. Өндіріс жана индустриялық жобалар іске асырылып, көптеген кәсіпорындар өз жұмыстарын қыздыра түсуде. Мемлекет қолдауымен жер қойнауынан өндірілетін қазба байлықтарды өзімізде өңдеп, дайын өнім шығара білу – бұл үлкен олжа деп білемін. Егемендіктің арқасында бұл істі де сәтпен үйлестіріп отырмыз. Өндіріс өркендеуінің

кәсіпкерлер ісіне риза болып: «Мойынқұмдағы жаңа өндіріс орындары өте қуантады. Себебі әр уақытта Мойынқұм халқы аз, жағдайы нашар, суы жоқ жер еді. Қазір осынау өзгерістерге бет алып, халық сонша жұмыс

Мұртаза Бұлұтай: Үстіміздегі жылдың шілдесінде айында өткен телекөпір барысында Елбасының жамбылдық міндетті мемлекеттік сертификаттаудан өткен. Жеке теміржол паркміз өнімдерімізді еліміздің кез келген аумағына жеткізу мәселесін жедел әрі еш кедергісіз шешуге мүмкіндік береді. Тапсырыс берушілер қажетті цемент түрлерін қалаған көлемінде сатып ала алады.
Жас қазак: Зауыт жұмыс мүмкіндігін қаншалықты игере алады? Мамандардың

жоқ. Шын мәнінде, еліміз өндірістерімен бірге өсіп, өркенін кенге жая бастады.
Жас қазак: Жұмысшылардың әлеуметтік жағдайы қай дәрежеде? Жалпы, зауыттың бұл салаға қамқорлығын қалай деп атай аласыз?
Мұртаза Бұлұтай: Алты жүзге жуық адамды жұмыспен қамтып отырған өндіріс орны халықаралық жоғары талаптарға сай



ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ – ЭКОНОМИКА ТІРЕГІ

Озық технологиялармен жаратандырылған. Зауыттың жеке теміржол терминалы, ҚТЖ желісіне жалғану бекеті, кенселік



– елімізді Мәңгілік елге айналдыруына зор ықпалы бар. Сонымен қатар биылдан бастап, нақты жүзеге асуының тәжірибелік кезеңі басталған 5 халықтық реформаны іске асыру жөніндегі «100 нақты қадам» – Ұлт жоспарынан да елдің күтері көп. Бұл тұрғыда да, әлемдегі дамыған 30 елдің шоғырына ену мақсаты көзделуде.
Жас қазак: Цемент зауытының қазіргі жағдайымен таныстырып өтсеңіз?

алып, азаматтар өндіріске тартылғаны мені өте қуантады», – деуі ауданымыздың шын мәніндегі өндірісті өңірге айнала бастағанын тағы да дәйектей түсті. Өзім басшылық етіп отырған – Мыңарал цемент зауыты да тәуелсіздігіміздің жемісі. Қазақ жерінде дәл мұндай ірі өндіріс орны бұрын-соңды болған емес. Біз бұрындары тек шикізат дайындаумен ғана шектеліп келдік. Ендігі жерде жерасты қазба байлығымызды: алтынды да, күмісті де, басқасын да – өз жерімізде өндіріп, өңдеп, экспорттауға әлеуетіміз бен мүмкіндігіміз өбден жетеді. «Жамбыл цемент өндірістік компаниясы» ЖШС – бұл алғашқы Қазақстан-Франция бірлескен ірі цемент зауыты, Үлемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы аясындағы басымдыққа ие жобалардың бірі. Бізде өндірілген цемент сапасы қазақстандық және еуропалық сапа стандарттарына өбден сай келеді. Өндіріс орны қоршаған ортаны қорғау бойынша алдыңғы қатарлы технологиялармен жаратандырылған. Зауыт экологиялық қауіпсіздік жөніндегі мемлекеттік нормалар мен талаптарға толықтай жауап береді.
Сонымен қатар кәсіпорында жеке сынақ зертханасы жұмыс жасайды. Цемент сапасы сағат сайын бақыланады. Кәсіпорын өнімі

біліктілігін арттыру бағытында қандай жұмыстар жүргізіліп жатыр?
Мұртаза Бұлұтай: XXI ғасыр – білімнің заманы. Сондықтан, жұмысшыларды оқыту және біліктілігін арттыру мәселесіне де айрықша назар аударумен келеміз. Біздің негізгі инвесторымыз – «Visat» француз тобының білікті мамандары кәсіпорын ішкілік тренингтер өткізіп отырады. Барлық техникалық мамандар және инженерлер үшін міндетті оқу-үйрену және біліктілікті арттыру курстары, қызметкерлерді қауіпсіздік техникасы мен еңбекті қорғау бойынша оқыту қарастырылған. Жалпы, жұмысшыларға жағдай жасау – жауапты міндеттеріміздің бірі.
Бытыр зауытымыз 1 миллион 300 мың тонна цемент өндіріді. Бүгінгі таңда кәсіпорынның өндірістік қуаттылығын толықтай игеріп, еліміз нарығын қанағаттандыра алатын аз-ақ жылда Қазақстанның құрылыс материалдары өндірісі саласының көшбасшысына айналып үлгердік. Еліміз егемендікті енішлеген күннен бастап әрбір өңірде дерлік ірі кәсіпорын, зауыт, фабрикалар жаппай бой көтерді. Олардың жергілікті тұрғындарға оның ішінде, жағдайы төмен отбасыларға қолдау көрсетуде де қол қусырып қалғаны

үй-жайлары, су тұтығу стансасы мен материалдық қоймалары, өрт сөндіру орталығы, жанармай құю және қосалқы электр стансалары, медициналық орталығы, асханасы, вахталық әдіспен қызмет ететіндер мен қонақтарға арналған мейманханасы бар. Арнайы техникалық мамандар отбасыларына арналып Балқаш көлінің жағасынан тұрғын үйлер салынып, үй жиһаздарымен толықтай жабдықталып беріледі. Зауыт қалашығы аумағының барлық қажетті инфрақұрылымы жасақталған, электр, газ, су жүйелері, интернет пен кабельлік телеарналар желілері жүргізіліп, асфальт жолдар салынған. Мұнда, сондай-ақ балабақша, мектеп, шағын рынок, дәрігерлік амбулатория, тұрмыстық қызмет көрсету орындары, кинозал, жаттығу залы, бильярд, караоке, теннис кордтары, кітапхана, басқа да мәдени-әлеуметтік кешендер жұмыс істейді. Осылай жапан далада жана қалашық пайда болып, күн санап көркейіп, гүлдену үстінде. Мұның барлығы тәуелсіздіктің, еркіндіктің арқасы.

Дүйсенбек АЙБЕКОВ,
Мойынқұм ауданы
Жамбыл облысы

Қолдау Биыл мемлекеттік бюджеттен «ҚазАгро» холдинген 51,7 млрд теңге бөлінді. Ол тұрғындардың табысын арттыру, ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспортын ұлғайтуға арналған жобаға жұмсалды.

Қажетті салаға қомақты қаржы



«ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ басқарма төрағасының орынбасары Айгүл Мұхамедиянованың айтуынша, қазірдің өзінде сүт қабылдау пункттерінің желісін құруға және отбасылық сүт фермаларын қолдауға, отбасылық бордақылау алаңдарын құруға және оның базасында ауыл шаруашылық кооперативтерін ұйымдастыру мен құруға, жеміс, көкөніс өсіру бойынша жеке қосалқы шаруашылық құруға арналған жобалар қаржыландырылып жатыр. primeminister.kz сайты хабарлағандай, «ҚазАгро» холдингі «Жұмыспен қамтудың жол картасы-2020» аясында шағын несиелеуге алынған қаражат есебінен және меншікті қаражат есебінен жобаларды қаржыландыру бойынша жұмысты бастап кетті. А.Мұхамедиянова «9 мыңнан астам жұмыс орны құрылады. Ет, сүт, жеміс пен көкөністің өндірісі бойынша кемінде 192 мың жеке қосалқы шаруашылықты беіресми айналымнан шығаруға мүмкіндік береді. Сүт зауыттары мен ет комбинатының өндірістік қуатын арттырады. Салық төлемінің түсімін ұлғайтады» – дейді. Қазіргі уақытта ауыл шаруашылығы өнімдерін экспорттау бойынша 43 жоба холдингінің қарауында жатыр.

Қант

Биылғы жиналған өнімнен Көксу қант зауыты осы маусымның алғашқы қантын алды. Зауыт ұжымын құттықтауға Алматы облысының әкімі Амандық Баталов өңдеу орнын аралап, дайын өнімді көрді.



Алғашқы өнім

Мұндай жақсы көрсеткішке мемлекет қолдауының арқасында және қызылшашылар мен қант зауыты қызметкерлерінің адал еңбегінің нәтижесінде қол жеткенін айтты. А. Баталов «Бүгін биылғы жылдың алғашқы қантын алдық. Бұл – маңызды оқиға, ұзақ та қажырлы еңбектің көрсеткіші. Өзара ынтымақтаса атқарған жұмыстың нәтижесінде Алматы облысында биылғы жылы 6800 гектарға қант қызылшасы себілді. Шамамен 240-250 мың тонна өнім жинаймыз деп жоспарлап отырмыз. Одан мөлшері 24-25 мың тонна қант алынады. Жақсы көрсеткіш. Егіс айналымының талаптарын ескере отырып, қызылша алқабының көлемін жылдан-жылға арттырамыз. Яғни алынатын қант көлемі де өседі деген сөз. Өңдеу жұмысы кедергісіз жүру үшін алдағы уақытта Қарабұлақ, Алакөл, Ақсу

қант зауыттарын да іске қосуды жоспарлап отырмыз. Қабылданған кешенді шаралар мемлекет басшысының халықты отандық қантпен қамтамасыз ету туралы тапсырмасын абыроймен орындауға серпін береді деп ойлаймын. Ішкі қажеттілікті өтегеннен кейін өнімді экспортқа шығаруға талпынамыз», – деді. Өңір басшысы А. Баталов Н.Тілеубаевтың ұсынысы бойынша келесі жылы мемлекеттік-жекеменшік әріптестік негізінде қант қызылшасын өсіретін аудандарда облыс әкімдігінің көмегімен қант қызылшасын қабылдайтын пункттер ашылатынын айтты. Онда зауыт құрылтайшылары зертхана мен өлшеу құрылғыларын орнатпақшы. Қызылша өсірушілер өсірген тәтті түбірді қабылдау пунктінде әкеліп тапсырады. Ал құрылтайшылар оны зауытқа өз күштерімен жеткізеді. Жергілікті жерде сол мезетте есептеседі. Сонымен қатар Көксу ауданындағы қабылдау пунктінде қабылдау ісін жылдамдатуға мүмкіндік беретін германиялық құрылыс қойылады.

Жоба

NASDAQ бізді қолдайды

Нью-Йоркте «Астана» халықаралық қаржы орталығы (АХҚО) делегациясының АҚШ-қа сапары аясында АХҚО басқарушысы Қайрат Келімбетов пен Nasdaq, Inc президенті Адена Фридман өзара түсіністік пен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.

құралдарды, есептік-клирингтік операцияларды саудалап және жүзеге асыратын халықаралық стандарттарды, бизнес ережелер мен реттеу, АХҚО Кор биржасының жұмысына жоғары технологиялық шешімдерді дайындап, енгізу, операциялық процедураларды дайындау, қызметкерлерге тренингтер ұйымдастыру, сонымен қатар жана

нарықтар мен жетекші биржалардың халықаралық сауда жүйесімен ықпалдасуын қамтамасыз ететін болады. Яғни АХҚО биржасы жергілікті инвесторлар мен шетелдік инвесторлардың бірлесуіне ықпал етпек және әлемдік қаржының Астанаға келуіне әсер етпек.
«Біз АХҚО-ның үздік әлемдік стандарттарға сай келетін жоғары технологиялық




Мұндай уағдаластық жасаудың басты мақсаты – АХҚО-ның биржалық инфрақұрылымы шеңберінде өзара тиімді қарым-қатынас орнату болып табылады. Меморандумға қол қою – Nasdaq, Inc компаниясының АХҚО (AIX) биржасының құрылымындағы қолдау көрсетудің алғашқы қадамы. Nasdaq, Inc АХҚО-ға жасаған стратегиялық серіктестік бойынша ұсынысында қаржылық

қаржылық технологияларды енгізудің жолдарын іздеу бойынша іс-шараларды қарастырған. АХҚО басқарушысы Қайрат Келімбетов атап өткендей, жұмысы 2017 жылдың ортанғы шенінде басталатын АХҚО биржасында әртүрлі бағалы қағаздар мен өндірістік қаржылық құралдары саудаланатын болады. К.Келімбетовтің сөзінше, АХҚО биржасы ұлттық

биржалық инфрақұрылымды құру бойынша жоспарларын қолдаймыз және алдағы уақытта ұзақмерзімдік ынтымақтастық жасауға дайынбыз», – деп атап өтті Nasdaq, Inc президенті Адена Фридман. Жалпы алғанда, тараптар атап өткендей, аталған меморандумның қол қойылуы АХҚО-ның биржалық инфрақұрылымын дамытуға арналған маңызды қадам болып саналады.

Жетістік

Қара уылдырық та өндіріледі



Жамбыл облысында келер жылы қара уылдырықтың алғашқы топтамасы 100 келіге жуық түседі. Ал жеңіс астың басты өндірушісі – «ЛКЗ» ЖШС.
Бүгінгі күні зауытта бекіре тұқымдас балықтың төрт түрі өсіріліп жатыр: орыс бекіресі, лендік бекіре, сібір-орыс бекіресінің гибриді және бестер. Зауыттың күш-қуаты жылына 60 тонна сатылымдағы балықты және 2 тонна бекіре уылдырығын өндіруге жетеді. Аталмыш жоба облыста 2014 жылдан бастап қолға алынған. Ет және бекіре балығы уылдырығын өндіретін «ЛКЗ» ЖШС технологиясы «Люкс» класындағы өнімді алуға мүмкіндік береді.
«ЛКЗ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің басшысы, (бұрынғы Луговой жылқы зауыты) Халит Базаралиевтің айтуынша, 6 жылдан соң бекіре уылдырығының жылдық мөлшері 7-8 тоннаға дейін жететін болады.
Айта кетейік, 27,8 мың шаршы шақырым аумақта орналасқан «ЛКЗ» ЖШС көпсалалы және қалдықсыз өнім өндіретін өндіріс орны болып табылады. Сондай-ақ мұнда асылтұқымды жылқы шаруашылығы және емдік өсімдік өсіру қолға алынған.

Алматыда «Қазақстан. Ұлы саяхат тарихы» атты фильмнің түсірілімі жүріп жатыр. Аталған туынды елімізге келген Томас Аткинсонның ұрпағы туралы баяндайды. Фильм сол кезде аты әлемге таралған британдық саяхатшының қазақ еліне келгеніне 170 жыл өткен соң түсіріле бастады. Туынды авторлары көп қызықты жайттарды баяндайтын болады, сондай-ақ британ отбасыларында балаларды нәліктен Алатау Тамшыбұлақ деп атайтынын түсіндіреді.

КЕЛДІК ЖӘНЕ ТАҢ ҚАЛДЫК

Осы жазда Қазақстанға Томас Аткинсонның ұрпақтары келген еді. Томас XIX ғасырда Шығыс және Солтүстік Қазақстанға барып, сол жерлерді зерттеген алғашқы британдық саяхатшы. Томас мамандығы бойынша сәулетші еді, ал біздің жерімізде аз да емес, көп те емес жеті жыл тұрыпты. Ол қазақ жерінде көргеннің бәрін қағаз бетіне сурет түрінде түсіріп, қазақтардың тұрмыс-тіршілігін, салт-дәстүрін күнделікке жазып отырған. Сондай-ақ Томас пен оның әйелінің басты қуанышы — ұлдары қазақ жерінде өмірге келген.


Люси Аткинсонның 1847-1852 жылдары Шығыс Қазақстанға жасаған саяхаты кітабының тұсауын кескен. Енді Қазақстан да бұл кітаппен таныс, келешекте кітап қазақ және орыс тілдеріне аударылатын болады.

*Менің білуімше, кітаптың жазылу тарихы былай екен: Ник Филдинг Қазақстан және Орталық Азияның басқа мемлекеттерін аралап қайтады. Бұл оның жеке сапары еді. Сосын ол біздің еліміз туралы ақпарат іздей бастайды. Іздеп жүріп Томас пен Люсидің тарихына тап болады, — дейді сценарий авторы Диана Әлішева. — Ақпаратпен мұқият танысып, көптеген материалдар жинап, сол жерлерді іздеп Қазақстанға қайта келеді. Әрине, көп уақыт өткендіктен, жерлердің атауы өзгеріп кеткен-ді. Алайда тапқан материалдардың барлығын өз кітабында жариялаған.

АТКИНСОННЫҢ ІЗІМЕН

Саяхатшылар тобы Аткинсонның «ізімен» жүрді. Аталары сияқты олар да атқа мініп, киіз үйлерде өмір сүрді. * Сол заманның қиыншылықтарын түсінгіміз келді. Мысалы, қазір біз дайын көлікке отыра салып, тауға бір күннің ішінде шығып, қайтып келеміз. Ал Томас болса, кішкентай баласымен, әйелімен, оның үстіне жүгін аркалап, атқа мініп, түйеге отырып, жүздеген километр жүріп өткен. Бұған үлкен күш-қайрат керек, — деп түсіндіреді Оскар Бахтеев. — Ол кезде заман да тыныш емес еді ғой. Қарапайым жағдайы жоқ адам қалай сурет салды екен деп біз де, оның ұрпағы да таң қалдық. Адам өз ісіне деген сүйіспеншілігінің арқасында ғана қиыншылыққа мойымайтын шығар. Аткинсон сұлтандар мен билердің, бақсылардың, қарапайым

калын қамырға орап, пештің көмірмен жылынатын жеріне жатқызу керек деп кеңес беретін. Және осындай әңгімелер өте көп.



*Мәселен, Филдингтің айтуынша, сұлтандардың бірі — Люсиге ес-түссіз ғашық болып, әйелі болуға ниет білдіреді екен. Әрине, ол кезде

Люси Томаспен шаңырақ көтерген тұрмыстағы әйел еді. Сондықтан сұлтанның шетел қызына ғашық болып, махаббаты туралы мұңлы әні жазылады. Кейін ол ән ауылдан-ауылға тарап кеткен. Филдинг сол өлеңді табуға тырысқан еді, алайда әзірге таппады. Енді біз де қазақ халқының ауыз әдебиетінде Люси туралы бір әннің бар екенін білеміз...

ҚОНАҚЖАЙЛЫҚ ҚАЗАҚТЫҢ ҚАНЫНДА

Томас Аткинсонның еңбегіне сүйсіну мүмкін емес. Жат жерге барып, суретші ретінде өзінің кәсіби мүмкіндіктерін шындай түсемін деп, құнды тарихи материал жинаған.

* Томас Аткинсонды «есінен адасқан» адам деуге болады. Сурет салу үшін кең далаға, адамдарға ғашық болу керек. Ол жылы әрі әдемі басқа мемлекеттерге барса да болатын еді. Алайда Қазақстанға келіп, жерімзді зерттеп, жеті жыл осы жерде өмір сүрді. Бұл оның мінезін көрсетеді. Сол уақытты, яғни XIX ғасырдың ортасын сурет арқылы сапалы түрде көрсете алған Томас қана, кейін осы жерге орыс географы Семенов Тянь-Шанский келеді. Томастың көптеген шығармашылық туындылары фильмде көрсетілген.

Томас Аткинсон көпшіліктің адамы еді, адамдармен тез тіл табысатын. Жергілікті тұрғындар ағылшындарға көп көмектесіп тұрған, өйткені олардың аласып кетуі де мүмкін еді. Оларды қонақ қылып, дастарқан жайып қарсы алатын. Аткинсонның туғандары Қазақстанға келгенде, қонақжайлық қазақтардың қанымен

халықтың, таулы жерлердің суреттерін бүгешегесіне дейін қалдырмай салған.

МАҢЫЗДЫ ЕСІМ

1848 жылы Жонғар Алатауының Қапал жерінде Люси мен Томас ұлды болады. Оған Батыс мәдениеті үшін ерекше Алатау Тамшыбұлақ есімі беріледі.

* Аткинсон ұрпағының айтуынша, Алатау Тамшыбұлақ еш уақытта атын британдықтарша Эл немесе басқаша қысқартып айтуға рұқсат бермеген, — дейді сценарий авторы. — Ол қашан да өзін Алатау Тамшыбұлақ Аткинсон деп таныстырып, атын толық жазатын. Ал ол дүние салған соң,

отбасындағы тағы бірнеше балаға оның есімін берген екен. Белгілі болғандай, Алатау Тамшыбұлақ Ұлыбританиядан Гавайға көшіп кетіп, сол жерде қоныстанған.

Аткинсонның шөпшегі Пол Дэлквистің әйелі фильмде өз баласының есімін Алатау Тамшыбұлақ деп қойғысы келгенін айтады. Алайда оған Пол рұқсат бермейді. Дегенмен, кейін Қазақстанға келгенде осы жайтты Полдың өзі өкінішпен есіне түсіреді.

Айта кететін жайт, ағылшын саяхатшылары өз баласының атын қойған Алматы облысындағы Қапал ауылында Тамшыбұлақ бұлағында мемориал ашылған екен. Бір қызығы, Қапалдың жергілікті тұрғындарының өздері осыдан жарты ғасыр уақыт бұрын болған бұл оқиғаны білмейтін көрінеді.

*Ол заманда күн көру қиын еді. Нәрестелердің үштен бірі ғана шетініп кетпей, аман қалатын. Өзіңіз ойлап қараныз, қонақүй, жылы төсек-орын жок, тұз дала. Аңыз бойынша, Люси баласын Тамшыбұлақ суына шомылдырды екен, — дейді фильм түсірушілері. — Кейін өз кітабында осының арқасында бала аман қалған, — деп жазады. Негізі, Люси жергілікті емшілермен көп ақылдасатын. Олар баланы суықтан қалай аман алып қалуға болатынын көп айтатын (алайда бұл тарихта дәлелденбеген). Оған баланы



бұйырған деп айтқан екен. Олар ертеректе көп елді араласа да, оларды еш жерде қазақ сияқты қонақ қылмаған көрінеді.

*Бұл фильм танымал саяхатшы жайында ғана емес. Келешекте туристер көбірек келу үшін еліміздің жарнамасы мен имиджі үшін де түсіріліп жатыр. Қазақстанның ең әдемі, ең көрікті жерлері көрсетілген. Сондай-ақ Томастың тарихы да керемет. Деректі емес, бір көркем киноға жетерлік.

«Қазақстан. Ұлы саяхат тарихы» фильмі тәуелсіз Қазақстанның 25 жылдығына арналған, ал тұсаукесері жыл соңына жоспарланып отыр. Фильм Би-би-сидің коллажумен түсірілген. Сондай-ақ



британдық телеарна Аткинсон ұрпақтарының Қазақстанға келуі жайында өз деректі фильмін көрсететін болады.

Айдос ҚҰСАЙЫН

www.jasqazaq.kz
E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Құлаққағыс

Астанада Қазақстан мен Қырғызстанның сыртқы істер министрлері Ерлан Ыдырысов пен Ерлан Әбділдаев бірқатар маңызды құжатқа қол қойды. Енді отандастарымыз бен қырғыз азаматтары 30 күнге дейін екі елдің аумағында тіркеусіз жүре алады.

Игі ниет

Е.Әбділдаев «Біз азаматтарымыздың екі елде тіркеусіз болуын реттейтін құжатқа қол қойдық. Бұл екі ел азаматтарының екі ел аумағында болу тәртібі туралы келісімге өзгеріс енгізу туралы хаттама. Осыған сәйкес, екі ел азаматтары 30 күнге дейін тіркеусіз екі елдің аумағында бола алады.



Әрине, бұл құжат мемлекет ішіндегі бекіту рәсімдерін талап етеді. Біз екі елдің азаматтары күтіп жүрген осы құжат бекіту кезінде Парламентте кідіріп қалмайды деген сенімдеміз», — деп хабарлады. Сондай-ақ министрлер шекарадағы өткізу бекеттерінің қызметін дамыту мәселесін талқылады.

Қырғызстан СІМ басшысының айтуынша, бұл жұмыс басталып, бүгінде өз нәтижесін беріп жатыр. Ол «Ең бастысы, бізде күн тәртібінде тұрған барлық мәселені шешуге деген ниет пен үлкен ұмтылыс бар. Біз — одақтас, ағайынды мемлекеттерміз. Біз сондай болдық, солай болып қаламыз да», — деді.

Дипломатия

Словениядағы еліміздің Құрметті консулдығы



Тәуелсіздіктің 25 жылдығын мерекелеу қарсаңында Словенияның Марибор қаласында еліміздің Құрметті консулдығы ашылды.

Шараға Словения сыртқы саясат ведомствосының өкілдері, Марибор қаласының басшылығы, ақпарат құралдары, іскери және мәдени орта, консулдық корпус өкілдері қатысты.

Австрия мен Словениядағы Қазақстан елшісі Қайрат Сарыбай Құрметті консул Горазд Шифферге консулдық патент тапсырып, оның екі ел арасындағы байланыстың нығайтуына елеулі үлес қосатынына сенім білдірді. prmeminister.kz сайты хабарлағандай, елші екіжақты қатынастың келешегі туралы айтып, Қазақстанның Словениямен түрлі салаларда өзара ынтымақтастықты одан әрі дамытуға қызығушылық білдіріп отырғанын мәлімдеді. Словения сыртқы істер министрлігінің

Шығыс Еуропа, Оңтүстік Кавказ және Орталық Азия департаментінің басшысы Андрей Пукарт Мартинец Марибор қаласындағы Қазақстанның Құрметті консулдығының ашылуын құптап, өз елінің Қазақстанмен серіктестік байланысты тереңдетуге мүдделі екенін жеткізді. Танымал заңгер әрі қоғам қайраткері Г.Шиффер екі ел арасындағы достық байланысты нығайту үшін барлық күш-жігерін жұмсауға дайын екенін айтты.

Құрметті консулдық ашылуы аясында Марибор университетінің кітапханасында еліміздің суретшілерінің өнер туындылары көрмесі өтті. Сонымен қатар Еуропа елдері консерваторияларында дәріс алып жатқан еліміздің жас музыканттары өнер көрсетті. Айта кету керек, Словенияның екінші ірі қаласы болып табылатын Марибор — осы елдің ірі экономикалық және мәдени орталықтарының бірі.

Көрме

Ангола да қатысады

«Астана ЭКСПО-2017» АҚ басқарма төрағасы Ахметжан Есімов Ангола Республикасы Ұлттық секциясының комиссары Альбина Африканомен кездесті.

барысында жүргізіліп жатқан жұмыс барысымен таныстырып, «Болашақ энергиясы» тақырыбындағы көрменің мазмұны мен контентіне тоқталды. Ал А.Африкано өз кезегінде Ангола «Барлығына арналған энергия» тақырыбын



Кездесу барысында ұлттық компания басшысы Ангола комиссарының жақында ғана болған тағайындауымен құттықтай отырып, оның мол тәжірибесін тілге тиек етті. Әсіресе, Миланда өткен ЭКСПО-2015 көрмесінде Ангола павильонының жүлделі екінші орын алғанын айтты. Сонымен қатар Ахметжан Есімов көрмені ұйымдастыру

тандағанын жеткізді. Ол «Бұл бағыттың жүзеге асуы бізге келіліктен күресуге көмек беріп, мемлекеттің экономикалық және әлеуметтік дамуына өзіндік көпір боларына сенімдіміз», — дейді. Кездесу соңында Анголаның «Астана ЭКСПО-2017» халықаралық мамандандырылған көрмесіне қатысу келісімшартына қол қойылды.

ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНДАҒЫ АҒЫЛШЫН ІЗІ



*Фильм идеясын ұсынған Samruk-Kazyna Trust, бізде түсірілім жұмыстарына қуана-қуана кірісіп кеттік, — дейді режиссер Оскар Бахтеев. — Аткинсонның туған-туыскандарымен бірге бір аптадан аса уақыт бойы Қазақстанды араладық. Бір қызығы, олардың барлығы — бұл тоғыз адам — егде жастағы адамдар. Біз оларды Астананың әуежайында алғашқы рет көргенде, біздің маршрутпен жүре алатынына қатты күмәндандық. Алайда олар бәріне шыдады. Алла тағала осындай жасқа келгенде бәрімізге де осындай денсаулық берсін. Ағылшындардың қазақ жеріне аяқтары тиген кезде қалай жайдары келсе, елдеріне де сол көңіл-күйде қайтты.

Айта кететін жайт, Томас Аткинсонның ұрпағы көшпенділер сияқты жердің түкпір-түкпіріне



кетіпті. Алайда оларды АҚШ, Ұлыбритания, Жаңа Зеландиядан іздеп тауып, Қазақстанға шақырдық. Олар — Астана, Алматы, Талдықорған, Сарканд, Қапал, Алакөлге барып қайтты.

*Олар бізден шақыру алған кезде, көп ойланбастан, бірден келісті. Өздеріне қызық еді, өйткені өз отбасының тарихын біледі, — деп сөзін жалғастырды режиссер. — Аталары танымал адам болғанын біледі. Ұлыбританияда Аткинсонның есімін білмейтін адам жоқ. Ол Қазақстанды сурет етіп түсірген алғашқы адам еді, сосын өз жұмыстарын бірінші кезекте Ресейге көрсеткен. Жұмысы үшін Ресей император оған алтын жүзік (перстень) сыйлаған болатын. Сол жүзік әлі күнге дейін ұрпақтан-ұрпаққа табысталауда.

Қазақстанға келген топтың ішінде британ жазушысы Ник Филдинг те болған. Ертеректе ол Лондонда «South to the Great Steppe — The travels of Thomas and Lucy Atkinson in Eastern Kazakhstan, 1847-1852» (Оңтүстіктегі Ұлы далаға — Томас пен



АЙМАҚ

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

www.jasqazaq.kz

Мерей



Еліміздің елеулі де іргелі кәсіпорны – Ақтау халықаралық теңіз сауда порты биыл 53 жылдығына қадам басты. Каспий маңы аймағындағы елдердің арасындағы сауда-экономикалық байланыстың берік, қарым-қатынастың қарқын алуына септескен теңіз қақпасы бүгінде еліміздегі құрғақ жүк, шикі мұнай және мұнай өнімдерін тасымалдайтын жалғыз теңіз порты.

Порттың іргесі Ақтау қаласымен бірге қаланды. Уақыт озып, порт жылдан-жылға өркендеп, тасымал айналымы артты. Каспий жағалауындағы елдерді байланыстыратын басты көлік торабына айналды. Ал 1999 жылы теңіз порты толықтай қайта құрылып, жарқын болашаққа қадам басты. Қаланың ажырамас маңызды бөлігі болды.

Бүгінгі – берен, ертенің – ерен еткен Ақтау порты жарты ғасырлық уақытта қарқынды дамыды, келешегін кеңейтті. Осы он өзгерістерді паш ету мақсатында Ақтау теңіз портында атаулы күнге орай салтанатты жиын өтті. Мерейлі күнмен «Ақтау халықаралық теңіз сауда порты» ҰК» АҚ президенті Михаил Ялбачев құттықтады:

– Тарихи 1963 жылы бастау алатын порттың Ақтау қаласы үшін маңызы

байқалады. Мәселен, металл – 18,9 пайызға, астық – 1,6 есеге, ал басқа жүктер 44,1 пайызға өсті. Баку-Ақтау бағытында тасымалданатын паром жүктеріне келер болсақ, мұнай және мұнай өнімдерін ауыстырып тиеу төмендегеніне қарамастан, көлемін азайтудың орнын автокөлік жүктерінің артуы есебінен толған. Осыған орай, паром жүктерінің көлемі өткен жылдың сәйкес кезеңмен салыстырғанда 396 мың тоннаға артқан. 9 айда 9 765 ауыр жүк автокөлігі өңделген, бұл өткен жылмен салыстырғанда 13,5 есе көп.

Паромның бұл табысқа жетуі «бір терезе» қағидасы мен тасымалдауға мүдделі әзірбайжандық әріптестермен өзара әрекеттесудің арқасында. Қазіргі уақытта транзиттің декларацияны рәсімдеу және бақылаушы қызметтермен келісу портта тәулік бойы жүргізіледі. Кеме келгеннен

тындап, үйренеміз, – деп ақтарыла сөйледі М.Омаров.

Ақтау порты жұмысшыларының жағдайына айрықша көңіл бөледі. Порт Халық банкімен бірлесіп, ерекше жоба құрастырған. Баспанасы жоқ қызметкерлер банк арқылы 3,5 пайыз жеңілдік бойынша кредит алу мүмкіндігіне ие. Ал зейнетке шыққан жұмысшыларға бес есе жалақы беріледі.

Теңіз қақпасының шаңырағын көтерісіп, кергесін кеңейтуге атсалысқан ардагер қызметкерлер мадақталып тұрады. Салтанатты жиында да бұл дәстүрден жаңылмай, зейнетке шыққан жұмысшылар құрметке бөленді. Порттың I дәрежелі механизатор жұмысшысы Намет Улубеков, Баутино жүк ауданының жүргізушісі Нәби Есетов және III нәтижелі механизатор жұмысшысы Қамысбай

Озық тәжірбие

«Ақтау теңіз порты» арнайы экономикалық аймағында италияндық

«Тенарис» компаниясының инвестициялық жобасы жүзеге асты. Елімізде алғаш рет ашылған «премиум» санаттағы газды – герметикалық кескінделген құбырлар өндіретін зауыт тапсырыс берушілерге таныстыру рәсімін өткізді. Салтанатты шараға ҚР Энергетика вице-министрі Мағзым Мырзағалиев, облыс әкімінің орынбасары Рақымбек Әміржанов, облыстық басқарма басшылары және мұнай компанияларының өкілдері қатысты.

Индустриалдық-инновациялық даму басқармасының басшысы Нұрбек Қарасаев «Келешекте отандық өнімнің 80 пайызы ішкі нарыққа, 20 пайызы экспортқа шығарылады. Құны 12 млрд теңге болатын инвестициялық жобаға мемлекет тарапынан инфрақұрылымды тартуға көмек көрсетілді. Қазақстан нарығындағы жана өнім облысымыздың экономикалық, әлеуметтік жағдайының жақсаруына мүмкіндік береді. Зауыт келесі жылдың ортасында толық қуатында жұмыс жасайды. Қазіргі уақытта өндіріс орнында 40 қызметкер еңбек етсе, келесі жылы тағы 50 жұмыс орны ашылады. Осы арнайы экономикалық аймақта бүгінде 12 инвестициялық жоба жұмыс жасап тұр. Жыл аяғына дейін тағы 6 жоба іске қосылады деп жоспарлап отырмыз», – деді.

«Тенарис» компаниясының президенті Паоло Рокканың айтуынша, заманауи үлгідегі құрал-жабдықтармен жасакталған зауытқа қажетті шикізат Италия мемлекетінен тасымалданады. Отандық өндіріске оң беретін зауыттың жылдық қуаттылығы жылына 400 мың газды-герметикалық кескінделген құбыр шығаруға қауқарлы. Жана өндіріс құбырның өнімдері мұнай-газ саласындағы



кен орындарында ең күрделі операциялық жұмыстарды орындауға қолданылмақ.

Салтанатты жиында энергетика вице-министрі Мағзым Мырзағалиев отандық өндірістің өрлеуіне жол ашқан кәсіпорынды құттықтап, «Қазақстанда жасалған» өнім сапалы әрі бәсекеге қабілетті болатынына сенімділік білдірді. Экономиканың өзекті буыны саналатын өндіріс саласына жана леп әкелген кәсіпорынның өнімдері Ресей, Әзірбайжан, Түрікменстан

«Қазақстан инновациялық индустрияландыру шеңберінде құрылған экономиканың жаңа секторлары экономикалық өсімінің драйверлеріне айналуға»

Елбасы Н. НАЗАРБАЕВТЫҢ

«Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму» Жолдауынан



Жаңа үлгідегі құбыр шығарылады

мемлекеттеріне экспортқа шығарылатынын хабарлады.

Жиналғандарды Ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығы қарсаңында жана зауыттың ашылуымен құттықтаған облыс әкімінің орынбасары Рақымбек Әміржанов жана отандық өнім өндірісі жергілікті мазмұнды дамытуда рөлі зор екенін атап өтті.

– Мен Румыния елінде «Тенарис» компаниясы салған зауытта 3 айлан астам уақыт оқып, білімді жетілдіріп, өндірістік тәжірибеден өттім. Газды-герметикалық кескінделген құбырларды бақылау, тексеру бөлімінде 4 адам жұмыс жасаймыз. Күніне 60-70 құбырды тексеруден



өткіземін, – деді зауыт операторы Үсен Қуандықов.

Фарида МҰНАЛҚЫЗЫ
Суреттерді түсірген
Серік МАЙЕМЕРОВ

Болашағы – жарқын, бағыты – айқын!



зор. Қаланың құрылуына, порттың өркендеуіне куә болған жандар осында аз емес. Бұл порт ардагерлерінің бірі алғашқы тағды қаласа, бірі алғашқы жүк көтерді. Енді осынау ұлы тарихты, абыройлы істі жалғастыру – қуатты ұрпақ еншісінде. Порттың әлеуеті жыл сайын артауда. Мәселен, тамыз айында металл ауыстырып тиеу мүмкіндігімізді 60 пайызға көбейттік. Технологияға өзгерістер енгізу нәтижесінде, бір айға жүкті ауыстырып тиеу көлемін 100 тоннадан 160 тоннаға жеткіздік. Онымен қоса, бұрын жылына 800-900 көлік ғана өңделетін болса, осы айда 1400-дей автокөлікті өңдедік. Бұл үрдіс әлі де жалғасуда, көліктер ешбір кедергісіз өткізілуде, – деп атап өтті М.Ялбачев.

«Ақтау халықаралық теңіз сауда порты» ҰК» республикалық «Парыз» байқауына қатысып, әлеуметтік-жауапты кәсіпорындардың арасында үздіктер қатарынан көрініп, үшінші орын иеленді. 2016 жылдың 9 айдың қорытындысы бойынша жүк ауыстырып тиеудің жалпы көлемі – 4 млн 149 мың тонна құрады. Өткен жылмен салыстырғанда өсім мен жоспарлық көрсеткіштердің артуы

кейін бірінші машинаның порттан шығу уақыты 2,5 сағаттан аспайды. Бұл қалыпты жұмыс режимінде айына бір мыңнан астам дөңгелекті техниканы өңдеуге мүмкіндік берді. Порт айына 2000 автокөлік өңдеуге әзір.

Бүгінде портта 700-ден астам жұмысша қызмет етеді. Оның 100-ге тартасы – жас мамандар. Кәсіпорынға 4 жыл бұрын келген Мейрам Омаров солардың қатарында.

– Мен Алматыдағы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «халықаралық қатынастар» факультетін тәмамдаған бойда, облысымыздың ірі кәсіпорны, еліміздің теңіз сауда портына – Ақтау теңіз портына жұмысқа орналастым. Бұл порт жас мамандар үшін зор тәжірибе. Логистика, қаржы, халықаралық қатынастар, құқықтану, теңіз ісі секілді салалар бір жерде тоғысуы арқасында білімін молайды, кәсіби қабілетім арттады. Өз ісінің майталмандарына айналған аға қызметкерлердің кеңестерін

Қадыров «Порттың ардагерлері» деген құрмет атақтарын иеленді. Порттың өркендеуіне сүбелі үлес қосып, 10, 15, 25, 30, 35, 40 жыл өмірін арнаған 70-тен астам маманға алғыс хат табысталды.

– Портта 23 жыл жұмыс істедім. 1997-1999 жылдары қайта құрылу орын алғанда, порттың қуаты бірнеше мәрте еселенді. Қызметкерлер саны артып,



жалақы өсті. Порттың қарқынды дамуы – біз үшін мақтаныш, абырой деп білемін. Оң өзгерістерге қадам басу арқылы порт жана белестерге жана табыстарға кол жеткізеді, – деді Ақтау теңіз портының

ардагері Қалнен Есетов.

Порт қызметкерлерінің қуанышына ортақтасып, мерейлі мерекемен құттықтау үшін «Нұр Отан» партиясының облыстық филиалының өкілі Есберген Інірбайұлы, Түрік республикасының Ақтаудағы бас консулы Кохан Кюнгері, «Казфрутна» ЖШС директоры Инна Сливина, «Експайрутион» армян этно-мәдени бірлестігінің төрағасы Айрапет Курдоглы және басқа да этно-мәдени бірлестіктерінің төрағалары, порттың серіктестіктері және тұғынушылары арнайы қатысып, жүрекжарды лебіздерін білдірді.

Сондай-ақ мерекке орай, бірқатар қызықты байқаулар ұйымдастырылды. Порт қызметкерлері теңіз тақырыбы бойынша киім кинолен, төрт пісіруден, сурет пен қабырға газет салудан, волейбол, коссайыстан сығна түсті. Барлық жеңімпаздар дипломдар, алғыс хаттар

Ханым ҚУАТ

Форум



«Жас ұрпақтың бойында қазақстандық патриотизмді қалыптастыру, оларды жұмыспен қамту, саламатты өмір салтын ұстану, талантты жастарды қолдау мемлекеттік жастар саясатының басты бағыттары саналады. Сіздерге аға буының ізін жалғастыру, бәсекеге қабілеттілікті



арттыру, XXI ғасырда Қазақстанның өркендеуі мен әлемге танылуын қамтамасыз ету міндеті жүктеліп отыр», – деп атап өтті өңір басшысы.

Облыс әкімі Ерік Сұлтанов өз сөзінде жастарға сапалы білім беру мен жұмыспен қамтудың мемлекеттік бағдарламаларының сәтті жүзеге асырылуын, сондай-ақ қолжетімді баспанамен қамтамасыз ету жөнінде де атап өтті.

«Жыл басынан бері «Жасыл ел» бағдарламасын жүзеге асыру барысында 15 мыңнан астам адам жұмысқа орналастырылған. «Жұмыспен қамту жол картасы-2020» бағдарламасын жүзеге асыру аясында облыстың бес ауданында еңбек жастарын тұрғын үймен қамтамасыз ету мақсатында алты жастар жатақханасы салынуда. Жыл басынан бері 2 146 жас маман аталған бағдарламаның қатысушылары атанған. «Жастар тәжірибесінен» өтуге 1 997 адам жіберілген.

Петропавл қаласында Тәуелсіздіктің 25 жылдығы аясында «Тәуелсіздіктің жас жұлдыздары» атты өңірлік жастар форумы өтті. Форум қатысушыларын қарсы алған облыс әкімі Ерік Сұлтанов бүгін бұл шараға еліміздің нағыз патриоттары, өңірдің жаңашыл, белсенді жастары жиналғанын тілге тиек етті.

Тәуелсіздіктің жас жұлдыздары

«Дипломмен ауылға!» бағдарламасы аясында 1007 жас маман 134 млн теңге көлемінде көтермеақы алған, ал бағдарламаның 540 қатысушысына 1 337,9 млн теңге несие берілді.

Өңірлік форум аясында дәстүрге сай осы жылы айтарлықтай жетістікке жеткен солтүстікқазақстандық жастар бірқатар марапаттарға ие болды.

«Жас дарын» аталымы бойынша Тимур Қаримжанов үздік деп танылса, «Үздік жас ғалым» атағына Татьяна Ермолаева ие болды, ал «Үздік жас инноватор» марапатына Маржан Аманжолова қол жеткізді.

Мағжан Жұмабаев ауданынан Иван Горбаль «Жас бағыр» аталымы бойынша марапатталды. Иван қауіптілікке қарамастан, құтқарушыларды күтпей, жанып жатқан үйге кіріп, екі кішкентай баланы құтқарды. Оның ерлік жігері мен батырлығының арқасында үш бала аман-есен қалған.

Сондай-ақ солтүстікқазақстандық жастар арасында «Үздік маман» аталымына Дәулет Серғазин, «Үздік спортшы» аталымына Рустам Набуллин және «Үздік студент» аталымына Олжас Төлеген лайық деп танылды.

«Ең үздік әлеуметтік жоба» аталымы бойынша «Улыбка» балалар қайырымдылық қоры

танылса, «Жастар ісі бойынша үздік комитет» болып, мемлекеттік-техникалық колледжінің жастар ісі бойынша комитеті, «Үздік жастар ұйымы» аталымы бойынша Ф. Мүсірепов атындағы ауданның әскери-патриоттық «Ел тірегі» – опора страны!» клубы жеңімпаз атанды.

«Жастар саясатын жарықтандыратын үздік бұқаралық ақпарат құрал» аталымында «Молодежная - Жастар» газеті марапатталды.

Форум аясында жас мамандар, жас кәсіпкерлер, спортшылар, Тәуелсіздік құрдастары, сондай-ақ



«Серпін-2050», «Дипломмен ауылға» бағдарламаларының қатысушылары сөз сөйледі.

Іс-шара облыстық филармония әртістерінің даярлаған концерттік бағдарламасымен аяқталды.

Форум аясында «Жастар ұйымдары мен қозғалысының қызметі», «Жас кәсіпкерлер», «Тімді мемлекеттік басқару» атты үш пікірталас алаңының жұмысы жоспарланған.

Шара

Мәселен, Хромтау ауданында «Бизнес ортаны дамыту» бағдарламасы аясында 4 шара өткізіліп, оған 400-ге тарта тұрғын жұмылдырылды. 13 кісіге көмек көрсетілген.

Хромтау аудандық тау-техникалық колледжінің мәжіліс залында 230 жас азаматқа арналып өткізілген семинар аясында кәсіпкерлік негіздері, кәсіпкерлік психологиясы жайында сөз болған.

Сонымен бірге облыс әкімінің баспасөз қызметінен хабарлағандай, аудан әкімдігінде өткен жиында 50 кәсіпорын жетекшілерінің қатысуымен Хромтау қаласының бас жоспары талқыланыпты.


Ақжар ауылында ауылдық округтің 100-ге тарта кәсіпкерімен басқосу ұйымдастырылды. Өз кезегінде «Әлеуметтік мәселелерді шешу» бағыты аясында Темір ауданында 2109 адамның басын қосқан 11 шара қолға алыныпты. 260 жергілікті тұрғынға көмек көрсетілген.

Мәселен, «Денсаулық» медициналық пойызының дәрігерлері 181 азаматты қарап, 108-іне дәрігерлік көмек көрсетіпті. 1000-нан астам оқушы профилактикалық тексеруден өткен. 11 балаға қатысты сауықтыру шаралары қолға алынды. Астана мен Алматы қалаларындағы ұлттық ғылыми орталықтардан келген мамандар 368 тұрғынды қарап, 34 азаматқа емдеу үшін жолдама берді.

Еңбек ұжымдарында 42 жұмысшыға түсіндіру жұмысы жүргізілді.

Ақтөбе облысында Бас прокурор Жақып Асанов бастап апарған 200 адамнан құралған «десант» жұмысы жалғасып жатыр. Мамандар «Халық қауіпсіздігін қамтамасыз ету» жобасын жүзеге асыруда. Жергілікті билік органдары арасында аталған топтың жұмысы туралы есеп беріп келеді. Бір ай сапары аясында делегация мүшелері мемлекеттік және салалық бағдарламаларды түсіндіріп жатыр.

БАҒЫТЫ АЙҚЫН БАҒДАРЛАМА



Делегация мүшелері 260-қа жуық мүгедек жанның, этникалық казак отбасыларының, көпбалалы және аз қамтылған отбасы және әйелдердің үйлеріне кіріп шықты. 6 адамға қол ұшын созды.

Адаматтарды жұмыспен қамту шаралары жалғасып келеді.

алдындағы қарыздарынан құтылды. Мәселен, «Қазқуб Нитрохим» ЖШС-тің 21 жұмысшысына 1,4 миллион теңге көлемінде берешегі қайтарылды.

Асқар АҚТІЛЕУ,
Ақтөбе

ТІРШІЛІК

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru



Құрық

Қарағандыдағы қаржы пирамидасына қатысты іс бойынша кәсіпорын басшысы тұтқындалды. «ФинансОптоГрупп» ЖШС-нің басшысы Елена Колесникова екі айға қамау туралы шешімді Қарағанды қаласы Октябрь аудандық соты шығарды. Бұл туралы аудандық соттың баспасөз қызметі хабарлады.

«Алдаймын» деп қамалды



Аталған іс бойынша жапа шеккендер құзырлы органдарға шағымданды. Шығын 100 млн теңгені құрады. Айта кетейік, жуырда Қарағанды қаласында «ФинансОптоГрупп» ЖШС-мен байланысты қаржы пирамидасын құру әрекеті бойынша шу шықты. Ұйым өкілдері тұрғындармен бірге қызмет етеміз және мол көлемде кіріс табысыздар деген желеумен азаматтардың қаржыларын жымқырған. Ал фирманың жабылып қалғанын азаматтар кейін білген де құқық қорғау органдарына шағымданған. Октябрь аудандық прокуратурасы ЖШС-нің қызметіне тексеру жүргізді. Фирманың жарғысы бойынша ұйым құрылыс-монтаждық жұмыстарымен және саудамен айналысуы керек. Қаржы пирамидасын қазір құқық қорғау органдарының өкілдері де тексеруде.

Жиын-терің

Биылғы жылы Жамбыл облысының шаруалары масақты дәнді дақылдар жинаудан рекордтық көрсеткішке қол жеткізгені белгілі. Жазғы жиын-терің кезінде барлығы 591 мың тонна астық бастырылса, диқандар әр гектардан орташа есеппен 23 центнерден өнім алған. Бұл Тәуелсіздігіміздің ширек ғасырлық тарихында бұрын-соңды болмаған табыс. Енді, міне, күзгі бидай егу науқаны да қарқын алып, шаруалар жер игеруге мықтап кірісіп кетті.

Астық мол жиналды



Облыс әкімдігінің ауыл шаруашылығы басқармасы берген мәліметке сүйенсек, биыл күздік бидай себуге жалпы 100 650 гектар жер дайындалған екен. Оның бүгінде 15 915 гектарына өнім егіліп қойған. Ал күздік алқапты игеру жұмыстары бойынша Т.Рысқұлов, Қордай, Меркі, Шу аудандары көш бастап тұр.

Жалпы күздік бидай егу жұмыстарымен өңіріміздегі тоғыз ауданның шаруалары айналысады. Жерінің қолайсыздығына байланысты Мойынқұм ауданы ғана бұл шаруадан шет қалуға. Десе де, биылға дайындалған жеріміздің көлемі ауқымды. Міне, осы алқапты игеруге аудандағы шаруалар қазір кірісіп кетті. Нақтырақ айтсақ, Т.Рысқұлов ауданы – 32000 гектарға, Қордай – 17000, Шу – 14000, Жуалы – 12000, Байзақ – 5000, Жамбыл – 3500, Талас – 3100, Сарысу ауданы 1350 гектарға масақты дәнді дақыл егеді деп күтілуде. Себілген дәндердің алғашқылары бүгінде бүршік жарып, өнім толықтай өтпелі кезең түрінде келер жылы жиналатын болады, – дейді облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы егін шаруашылығы бөлімінің басшысы Шәкір Момынқұлов.

Иә, бөлім басшысының сөзіне сүйенсек, күздік бидай егу жұмыстары жүйелі түрде жүргізіліп келеді екен. Сондай-ақ диқандардың барлығына тұқым мен техника жағынан қолдау көрсетілген. Және жыл соңына дейін арпа мен бидай сепкен шаруаларға субсидия қарау да жоспарға еніп отыр.

Мұндай жағдай жасалып жатқанда, енді өңір шаруаларына тек жұмысқа білек сыбанып, кірісуі қажет. Және жазғы жиын-терің науқанындағы табысымызды еселеп түсіруге күш салған жөн. Қазір мамандардың айтуынша, жазда жиналған масақты дәнді дақылдардың бір бөлігі тұқымға кетсе, екіншісі мал азығына дайындалыпты. Ал қалғанына қыргыз ағайындар қолға салып, елдеріне сатып алып кеткен көрінеді.

Міне, осы шекара асып жатқан өнімімізді өз диірменімізде өңдейтін кез жеткен секілді. Сол кезде ас атасы саналатын нанның да бағасы қолжетімді бола түсетіні анық.

Дәулет ТӨЛЕНДІ,
Жамбыл облысы

Дөңгелек үстел

Кітапханашы мамандығының имиджін көтеру, студенттердің кітапханаға және кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру. Оқырмандарды кітапхана өмірімен таныстыра отырып, рухани мәдениет ордасы – кітапхана екендігін ұғындыруды мақсат еткен дөңгелек үстелде мамандықты заман талабына сәйкес дамыту жолдары қарастырылды. Қатысушылар кітапхана ісі мамандарын дайындаудың өзекті мәселелері, заманауи кітапханаға қойылатын талаптар, кітапхана, кітап пен оқырман электрондық технологиялар заманында сынды сұрақтарды талқыға салып, пікір бөлісті.

Шара барысында университет ректоры Ғалымқайыр Мұтановтың бастамасымен жүзеге асырылып келе жатқан «ҚазҰУ студенті оқуға тиіс 100 кітап» жобасы аясында шыққан «Менің шығармадан алған әсерім», «Қызықты үзінділер» жинақтары

Әл Фараби атындағы ҚазҰУ-нің тарих, археология және этнология факультеті мен кітапхана қызметкерлері бірлесе отырып, «Қазіргі заманғы кітапханашы имиджі» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырды. Шараға оқытушылар, кітапханашылар, студенттер қатысты.

өтті. Бұл жинақтардың барлығы оқу ордамыздың «Қазак университеті» баспасында жарық көрді.

Қандай мамандық иесі болсын, кітапханашы көмегіне жүгінері хақ. Сондықтан болашақ кітапханашылардың өз

КІТАПХАНА – БІЛІМДІЛЕР МЕКЕНІ



мен казактың бас ақыны Абайдың 170 жылдығына арналған «Жаздым үлгі жастарға бермек үшін» атты әдістемелік-библиографиялық құралдың тұсаукесері

мамандықтарын сүйі және біліктілікпен менгеруі аса маңызды. Шарлада болашақ кітапхана мамандары өз жобаларымен бөлісті. Елін сүйген жастар Қазақстан

талайға паш етіп Кітапханашылар күніне арналған мерекелік бағдарламаларын ұсынды. Әсем ән, әуезді күй, жүректен

дамуы жолында аянбай еңбек етіп, кітап деп аталған қасиетті қазынаны болашақ ұрпаққа бүгінгідей айбарлы, кастерлі етіп жеткізуді міндет санайтындықтарын жеткізді.

Сондай-ақ болашақ кітапханашы студенттер таланттарын

шығып жүрекерге жете білген өлең жолдары орындалды. Талантты студенттер мамандығына деген мақтанш сезімдерін жыр шумақтарымен жеткізіп, дүйім жұртты ерекше күйге бөледі.

Аталмыш іс-шара бүгінгі мамандар мен болашақ кітапханашы арасындағы қыл көпір іспетті жас маманға жол сілтеді. Сондай-ақ студенттер кітапхана қызметкерлері мен ұстаздарға сұрақ қоя отырып, мамандықтары туралы жана мәліметтерге қанықты.

Жұлдыз МАНАПБАЕВА,
Әл Фараби кітапханасының қызметкері

Ерекше әдіс

Отандық ғалымдары Алматы облысындағы тарихи ескерткіштерді

ерекше әдістермен зерттеуде. Ұлттық музейдің «Халық қазынасы» ғылыми-зерттеу институты далалық зерттеулер барысында киімнің тігілмелі алтын әшекейлерін тапты. Аталған зерттеулер халықаралық озық деңгейдегі ғылыми-зерттеу институттарымен өзара әріптестік аясында жүргізілді.

Кореяның Мәдени мұраларды зерттеу ұлттық институтымен жасалған «Қазақ-корея бірлескен зерттеулері» атты ғылыми жобасы аясында

биылғы жылғы далалық зерттеу жұмыстары Алматы облысы Райымбек ауданының Қарасаз ауылдық округінде орналасқан сак-үйсін кезенінің Қатартобе обаларында жалғастырылды. Халықаралық ғылыми жобаның казак тарапынан жетекшісі Ақан Онғарұлы жобаның бағыты туралы айтып берді. Ол



«Жоба ежелгі Үйсін мен Силла мемлекеттерінің арасындағы мәдени-тарихи байланысты зерттеуге бағытталған. Бұл байланысты қозғалмайтын мұраларды – жерлеу ескерткіштерін бірлесе, зерттеу арқылы ашақ ниеттеміз. Зерттеу объектісі ретінде Солтүстік Тәңіртаудың Шәлкөде жайлауындағы ж.с.д. IV-III

АСЫЛ МҰРА



осында», – дейді. Kazmuseum.kz сайты хабарлағандай, қазіргі таңда соңғы озық технологиялық жетістіктерді қолдана отырып, мол мағлұмат алу, ескерткішті сақтау және қайта қалпына келтіруге

ерекше мән берген кешенді зерттеулер жүргізілді. Мәселен, биылғы геосканерлеу арқылы қатарласа жатқан обалардың айналасынан көзге көрінбейтін, көптеген жерлеу және ғұрыптық құрылыстар анықталды. Бір тізбекте орналасқан екі обаны (№8 және №10 обалар) зерттеудің нәтижелері әр обаның құрылысы, ондағы атқарылған жерлеу рәсімдері мен ғұрыптардың бірі-біріне ұқсамайтындығын тағы да айғақтады. Далалық зерттеулер барысында киімнің тігілмелі алтын әшекейлері, қола айналар, сүйек жебелер, темір бұйымдар және қыш ыдыстар сынды құнды жәдігерлер де табылды.



ғасырларға жататын, қатарласа орналасқан обаларды таңдауымыздың сыры да

Дөңгелек үстел



Жиында алғаш болып сөз сөйлеген Мәжіліс депутаты Жамбыл Ахметбеков, бізге медицина саласын бюджеттен қаржыландырудан тыс жана тәсіл қажет екенін атап өтті. Бұған дейін отандастарымызға көрсетілген медициналық көмек ары қарай

министрлігі медициналық қызмет төлемі комитеті төрағасының орынбасары Гүлжан Шайхыбекова «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының 80-ші қадамында қолданысқа міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесін енгізу қарастырылғанын атап

Халық даналығында «Денсаулық – басты байлық» деген қанатты сөз бар. Астанада «Қазақстандағы медицина – емдейміз бе, табыс табамыз ба?» деген тақырыппен дөңгелек үстел өтті. Жиында Мәжіліс депутаттары, денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің өкілдері, Астана қалалық денсаулық сақтау басқармасының басшылары, саяси партиялар мен үкіметтік емес ұйымдардың мүшелері, дәрігерлер және мүмкіндігі шектеулі балалардың ата-аналары қатысты.

түрлі деңгейде көтере береміз. Себебі қарапайым адамдарға сапалы және заманауи медицина қолжетімді болуы тиіс», – деді.

Астана қаласы денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Лияз Бәкіров әр адам өз денсаулығы үшін жауапты болуы керек екенін алға тартып, отандастарымызды саламатты өмір салтын ұстануға шақырды. Ол кей адамдар тиісті медициналық

тексеріске атүсті қарайтынның сәйкесінше, өздерінің ауруға шалдығу ықтималдығын арттыратынын айтты.

Осыдан соң басқарма басшысының орынбасары медицина қызметкерлеріне де босаңсуға болмайтынын ескертті. І.Бәкіров «Елордалық дәрігерлер қоғамы денсаулығын қалағалауға ерекше назар аударуы тиіс. Бұл үшін оларға білім беру мекемелеріндегі балаларды бақылау тапсырмасы берілді. Дәрігерлер балалардың денсаулығынан бастап, жеп жүрген тамағының сапасына дейін жауапты болып отыр», – деді.

Дөңгелек үстел қорытындысында саламатты өмір салтын насихаттау, медицина қызметкерлерінің кәсіби біліктілігін арттыру, ақ қалаттылардың айлық жалмақыларын өсіру, мүгедек балалардың аналарына қосымша жеңілдік жасау, оларға әлеуметтік қызметкер мәртебесін беру сынды ұсыныстар қабылданып, денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігіне жөнелтілді.

Абылай БЕЙБАРЫС

Маман

Бұл уақта тан сбірлеп жана атып келе жатқан. Түнгі қою қараңғылықтың зілмауыр етегін таңның мөлдір шапағы енді-енді сөгіп, көз көрім жердегі көкжиек таң нұрына малынып келеді. Олар уақыт. Операция үстелінде жатқан жас жігіттің өмірі тәрізді. Ол жерде де өмір мен өлім белдесіп жатыр. Түн мен күннің арпалыс-қаны сияқты. Баданадай-баданадай қан тамшылары салалы саусақтың арасынан үздіксіз тамшылайды. Пәленбай жыл бойы машықтанған іш құрылысы, өкпе-бауыр, өт емес. Талмаусырап солықтаған, деміккен, үздіккен жаралы жүрек. Енді болмаса тоқтап қалардай, біржола тыншу табардай. Кей-кейде тыныштық тілесек те, жүректің тынышталмағаны керек. Қайта дәл осы сәтте қуатын жинап, мынау жарық дүниеге деген бұқынысы мен құлшынысы артып, жұмыс істегені абзал.

Кез келген іскер адамдар тәрізді оташы Бауыржан Ахметов те табиғатынан көп сөзге үйір кісі емес. Кей-кейде қауырт жұмыстан қолы босаған сәтте ойына туған жері Еңбекшілдер ауданына қарасты Макпал ауылы түсетіні бар. Макпал десе, мақпалдай-ақ жер. Шок-шок қайың-қарағайы аралас орман алқаптары көмкерген, түгін тартса, май шығатын құнарлы, жасыл шалғынды, мың сан гүл тербелген ғажап сұлу өңір. Неге екені кім білсін, бұл әу бастан, туған жерінің қысын ұнататын.

Әсіресе, қызыл інірлегі бағыс жақ қызыл жалқын бояуға боялып, аязды күндері күн жарықтық қос құлақтанып, Макпалдың жотасынан әрі аунап бара жатқан шақтағы көркем көрініс көкірегіңде ошпестей болып таңбаланған. Қызыл жалқын алаумен бұйғып қана жатқан шок жұлдыздай шағын ауылдың әр үйінің мұржасынан будақтап тұратын түгіндері қанша жыл өтсе де, жүрегін жылытып келеді. Биік көктен билеп, ойнап жауған қар қыламықтап қоянжон қар жоталарының арасында аппақ сағымға малтығып жатқан шағын ана ауылды ұлы дүрмектің дүбірінен жасырғысы келетіндей.

Макпал ауылындағы білім ошағы бұл үшін әлемнің кез келген ілгері кеткен оқу орындарынан бір сүйем

Таң алдында кірне болған баладай бебеулеген телефон шырылы шырт ұйқысынан оятқан. Блға осылай. Облыстық аурухананың хирургия бөлімінің меңгерушісі болып істейтін оташы Бауыржан Ахметов шғыл шақыртуға үйреніп кеткен. Өзі жетекшілік ететін хирургия бөлімшесінде жылына 1,5-2 мыңға жуық операция жасалады. Бәрі бірдей күн ілгері жоспарланған, дайындалған операция емес. Облыс орталығы болғаннан кейін не түрлі оқиғалар болып жатады. Айттым келмейтін апат, көлденеңнен келген кесанат. Таң алдындағы төтенше шақырудың жосығы өзгеше, жөні бөлек еді. Көкшетау қаласында жастардың арасында тұсындаған өзара келіспеушілік кезінде біреуі біреуіне тынаш салып алған. Тура жеріне. Таң алдында ешбір дайындықсыз қансырап жатқан қаршадай ұлдың жеріне ота жасауға тура келді.

ОТАШЫ



бері облыстық ауруханада табан аудармастан қызмет етіп келеді. Осы жылдар ішінде жүздеген, мыңдаған адамға шипасы тиді. Оның бәрін санап айту мүмкін емес, міндет те емес. Жүзінен иманы төгіліп тұратын, мейірімді жүзді жігіт ағасы ешқашан біреуге жасаған жақсылығын бұлдап көрген емес.

— Қаратаудың басына қар түсіпті ғой, — дейтін ақ бурыл тартқан шашын мензеп.

— Иә, — деп өңтек жымыяды, — жұмыс көп.

Оташы болу оңай дейсіз бе?! Жүйкеге де әсері аз емес шығар.

— Бағығ сіз жүрегіне ота жасаған жас жігіт аман қалды ма, — деп сұрадым мен.

— Кейін келіп, рахметін айтқан шығар, — деп тақтап сұрадым.

— Жоқ, келген жоқ.

Иә, біз солаймыз ғой. Жан мұрынның ұшына келгенде ғана әуелі құдайға, содан соң дәрігерге жалбарынамыз. Құлаптаза жазылып шықсақ, екеуін де ұмытып кетеміз. Тым болмаса, бүгінгі мереке күні ұмытпайыншы деп белгілі оташы Бауыржан АХМЕТОВ туралы бір ауыз жылы лебіз білдіргім келді.

Байқал БАЙӘДІЛОВ, Ақмола облысы

Басты байлық

да жалғаса береді. Ал міндетті медициналық сақтандыру пакетіне амбулаторлық, стационарлық көмек, медициналық оналту, мейірбикелердің күтім көрсетуі және тағы да басқа медициналық қызмет түрлері кіреді.

Алайда Ж.Ахметбековтің айтуынша, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандырудың қолданысқа енгізілуі барлық мәселені бірден шешіп тастай алмайды. Ол «Бізге ең әуелі инфрақұрылым жасақтап алу қажет. Өкінішке қарай, сақтандыру компанияларының қаржысы мардымсыз. Олар корпоративтік басқару тәсілі мен тәуекел-менеджментін меңгермеген. Бір сөзбен айтқанда, маманданған мәселе жоқтың қасы, — деді.

Сөз соңында «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» жана заңда Парламент депутаттары барлық мәселені жан-жақты қарауға тырысқанын, нақты нәтижені уақыт көрсететінін тілге тиек етті.

Басқосу барысында денсаулық сақтау және әлеуметтік даму

көрсетіп, осы арқылы денсаулық сақтау саласындағы қаржылық тұрақтылықты нығайту көзделіп отырғанын баяндады.

— Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі денсаулық сақтау саласында көп жылдан бері қордаланып қалған мәселені түбегейлі шешеді. Бұл жерде әділлік пен теңлікке басымдық берілген. Сақтандырылған әрбір азамат қандай төлем аударғанына қарамастан, бірыңғай медициналық қызметті тұтыну құқығына ие болады.

Г.Шайхыбекованың мәлімдеуінше, ауқатты адамдар тұрмысы төмен жандардың пайдасы үшін өз еріктерімен ешқашан ақша аудармайды. Сондықтан әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіне төлем төлеу міндетті болуы тиіс. Бұл жерде бас тарту құқығына орнын берілмейді.

Ал Мәжіліс депутаты Магеррам Магеррамов денсаулық сақтау саласына реформа жүргізген кезде осыған дейінгі кемшіліктерді назардан тыс қалдырмау қажеттігін айтты. Депутат «Біз медицина саласына қатысты өзекті тақырыптарды алдағы уақытта да

Ұрпақ тағдыры

Маскүнемдік, нашақорлық дерті – өлем жұртшылығын аландатып отырған маңызды мәселенің бірі. Есірткі заттары мен алкогольді сусындарға тәуелді адамның өз ғана емес, оның отбасы да зиян тартады. Елімізде отандық медицина саласында наркологот маскүнемдік пен нашақорлықтың алдын алу, емдеу жүйесін жетілдіру және оған тәуелді науқастардың отбасына, сүйікті кәсібіне оралуына мүмкіндік беру үшін үздіксіз медициналық, психологиялық әдістерді жетілдіру үстінде.



Алматы қалалық наркологиялық медициналық әлеуметтік сауықтыру орталығының мәліметінше, қалада психобелсенді, опиоид және есірткінің өзге түрін тұтынып, мінез-құлқы ауытқуына ұшырап, дәрігерлердің көмегіне жүгінген нашақорлар 19 пайызға, ашы суга құмар тұрғындар саны 18,4 пайызға азайған. Биыл Алматыда есірткі заттарына, спирттік ішімдікпен есепке алынған бала жоқ. Ал профилактикалық есепте тұрған жеткіншектер саны екі есе азайған. Билтыр профилактикалық есепте 352 көмелеттік жасқа толмаған тұрса, биылғы көрсеткіш – 149. Біршама төмендеген. Шаһарда есірткі заттары мен алкогольмен қарсы атқарылып жатқан шаралар жайында Алматы қалалық наркологиялық медико-әлеуметтік сауықтыру орталығының бас дәрігері Гүлсара Сүлейменовадан білген едік.

— Алматыда жасөспірімдер арасында нашақорлық пен маскүнемдікке тәуелділіктен айықтыруға қандай шаралар көмектесті? — Алматыда қалалық наркологиялық медико-әлеуметтік сауықтыру орталығының ең басты міндеті – есірткі заттары мен ішімдікке

Жат қылықтан арылып келеді

тәуелділіктен тұрғындарды айықтыру, кеселдің алдын алу шараларын ұйымдастыру, сонымен бірге үгіт-насихат, семинар-тренингтер өткізу. Сонымен бірге үкімет 2012 жылдың 12 сәуірінде «Қазақстан Республикасында нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2012-2016 жылдарға арналған салалық бағдарламасын» бекітті. Осы құжаттың бастапқы мақсаты – елімізде нашақорлықтың алдын алу, емдеу жүйесін жетілдіру, есірткіге тәуелді адамдарды оналту жүйесін дамыту. Сондай-ақ қоғамдық іс-қимыл жүйесін дамыту да көзделіп, нашақорлыққа қарсы үгіт-насихаттар күшейтілді.

Орталықтың нарколог дәрігерлері аурудың алдын алу, дертті ерте анықтау мақсатында жасөспірімдер арасында осы 9 айда 209 баяндама оқыды. 32 семинар өткізді. Ата-аналар да үгіт-насихат шараларынан тыс қалған жоқ. Бұған қоса, есірткіге қарсы жүргізілетін жиын, басқосудардың үлгісіне тереңірек тоқталамыз. Себебі тыңдаушыларға айтылған есірткінің зардаптары, оларға әсер етуі, олардың санасында ой қалыптастыруы керек. Көп жағдайларда баяндама барысында бейнебаяндар көрсетіліп, тыңдаушылар соңында екі топқа бөлініп, кәдімгі пікірталас ұйымдастырылады. Есірткіге қарсы және қолдаушылар өзінің таңдауын қорғап шығу керек. Әрине, ол үшін бірі пайдасы туралы, бірі зияны жайында айтыс-тартыста нақты дәлел-айғақтар айту керек. Нәтижесінде есірткінің зиянын айтатын топтың әрдайым жеңіске жететіні белгілі. Әрі есірткі заттарының, ішімдіктің зардабы балалардың есінде қалады. Бұдан өзге спорттық ойындар, флешмооб түрінде шаралар және ашық есік күндерін өткізіп, салауатты өмір салтын ұстануға шақырамыз. Билтыр есірткі заттарын тұтығаны үшін 1 бала есепте тұрған болса, биыл Алматыда маскүнемдікке салынып немесе нашақорлықпен бірде-бір бала есепте жоқ.

— Қазіргі таңда мынау белсенді психотропты заттарды пайдаланушылар жайлы



алкоголиктер» клубы жұмыс істейді. Олар ішімдік пен есірткі тұтынып, отбасына әкелген зардапты және одан бас тартып, қазіргі өзінің өмірдегі жетістіктерін айтып, құпияларын бөліседі.

Адамды денсаулығынан айыратын, өмірін тозаққа айналдыратын жағымсыз әдеттерден арылту үшін тәуелсіз қоғамдық ұйымдармен де тығыз қарым-қатынас жұмыс істейді. Салауатты өмір салтын қалыптастырып, спортты серік етіңіз деп әңгімесін түйіндеген орталықтың бас дәрігері Гүлсара Сүлейменованың айтуынша, медициналық емдеу үдерісін жетілдіру мақсатында шетелдік әріптестерді шақырып, арнайы кәсіби шеберлік дәрістерін өткізу біріздендірілген.

Нашақорлық пен ішімдіктің зардабын тартқандарды тәуелділік құрығынан құтқаратын орталыққа биыл – 40 жыл. Қазіргі уақытта нарколог дәрігерлер науқастарға орталықтан шыққаннан кейін отбасында, қоғамда өз орнын табу үшін жұмыспен қамту орталықтарымен де тығыз байланыс орнатқан. Бұрынғы нашақорлық пен маскүнемдіктен құтылған қыз-келіншектер орталықта шаштараз, бет әрлеу кәсібіне меңгереді. Ал ер-азаматтар аула сыпырушы, электр жүйесін жөндеуші, дене ұқалаушы секілді жұмыстарға орналасуда.

Алматыда ішімдікке құмарлар мен есірткіге тәуелді тұрғындардың азауы орталықтағы емдеу әдіс-тәсілдерін жетілдірудің айғағы.

Орталық бейнекөрініс, музыкалық терапияны жүзеге асыратын аппараттармен жабдықталған. Бұған қоса, олардың арасында ер бөлімнен топ жинап, спорттық жарыстар өткізіледі. Мамандар өз еркімен емделушілерге әрдайым есігіміз ашық деп, ағынан жарылды. Олар

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Гүлмира ӘБДІБАЕВА,

Алматы қалалық наркологиялық медико-әлеуметтік сауықтыру орталығы бас дәрігерінің орынбасары:

— Маскүнем мен есірткіге тәуелді тұлғаларды физикалық тәуелділіктен арылтып қана қоймай психологиялық сауықтыру арқылы емдеудің қазіргі кезде нәтижесі бар. Бізде арт-терапия – бұл емделушінің салған суреті немесе жасаған бұйымдары мен музыка тыңдаудан алған әсері арқылы оның бүкіл психологиялық жағдайын, көңіл-күйін, сырқаттың себебін білуге, соған сәйкес науқасқа қандай ем-шаралар тағайындаймыз деген бірнеше сауалға мәлімет алуға мүмкіндік береді. Мәселен, еңбек терапиясы науқастарды еңбекке баулып қана қоймай, оларға көпшіліктен оқшауланбай ұжымда бір кісідей тіл табысып, еңбек етуге және бейімделуге көмектеседі. Көп жағдайда біздің орталықтан емделіп шыққан науқастарға жұмысқа орналасу, отбасында тұрықандарымен тіл табысу қиынға соғады. Ал еңбек терапиясының осы түйткілді шешуге көмегі зор. Сонымен бірге біздің орталықта емделіп, ішімдіктен бас тартқан бұрынғы емделушілеріміздің «Анонимді

Орталық бейнекөрініс, музыкалық терапияны жүзеге асыратын аппараттармен жабдықталған. Бұған қоса, олардың арасында ер бөлімнен топ жинап, спорттық жарыстар өткізіледі. Мамандар өз еркімен емделушілерге әрдайым есігіміз ашық деп, ағынан жарылды. Олар



Дайындалған Жазира БЕГАЛЫ

Қаламдас ағаларымның арасынан майдангерлерді — кешегі Екінші дүниежүзілік соғыстың алғашқы күнінен ақырғы сағатына дейін қатысып, отбасына, ортасына жетістікпен оралған жауынгер-қаламгерлерді көрген сәтте есім өзі де от кешкен жалынды ақын Қасым Аманжоловтың: «Үстімде сұр шинелім, Ақсаңдай басып келемін...», — деп басталатын өлеңі оралады да, ол ағалардың әскери шені старшина ма, полковник пе, — бәрі де төрт жылғы сұрапыл соғыстың нышаны болған солдаттық сұр шинелді киіп келе жатқан сияқтанады. Өкінішке қарай, саны жыл санап сиреп, көзі тірілеріне «қарға алым жер мұн болып» қалды. Жазушылар одағында өткізіліп жататын жиын-жиналыстарға барған сайын мәжіліс залының табалдырығынан аттап кіре кіріріп, алдыңғы орындарға көз жіберіп, «үстімде сұр шинелімдерді» іздеймін. Қатар түзеп, ыяқ түйістіре жарасып отыратын сол ағалардың бүгінде бос тұрған орындары көңілімді қаныратады, — өз еркiммен барып отырудан тартына беремiн, құқым жоқ сияқтанады. Осы пікірімді бірде карт жазушы Қалмұқан аға Исабаевқа телефон арқылы айттым. Қалекен үйінен шығуы тиылғалы бір жыл болған майдангер екі-үш ағамыздың бірі еді. Жазушылар одағындағы бір мерейтой туралы мағлұмат бергім келген.

— Ай, Ғаббас, қайталап қаттырақ айтшы! Менің аяғым мен құлағым ымыраласып алып, екеуі де кері кете бастады, қызық, ей! — деді, әдетінше сөзін күле аяқтап. Ескертудің екі етпей орындадым.

— Ә, түсіндім, түсіндім. Мәселе құқта емес, сенің шал болғын келмейді, шалдардың орнына отырғын келмейді, мәселе сонда! — деп балаша мәз бола күлді. Қалекен қалжыңқұмар жан еді ғой. Күлкілі жәйтті тыңдағанды жақсы көргеніндей, өзі де қысынын келістіріп айтатын. Әншейінде байсалды қонақ үнді кісі болса да, күлген сәтінде дауысы жіңішкеріп: «Е, иә, иә, қызық, ей, е,

— Ильменауда қалған жеңелеріміздің біріне қазы-қарта апарып келу керек болса да, орындаймын! — дедім. — Әй, сен бар ғой, — деп күліп алды да, жазбақ кітабына қажет екі жәйтті атап: — Ресей мұрағатынан әлгі сұмырай Мирзоянның Сталинге, Саяси бюроға жазған хаттарының көшірмелерін алғаныңды әнеуегіңің айттың ғой, сол жолымын тағы бір рет жүріп өтерсің, — деді.

Иә, «Сол жолыммен» жүріп өтіп, Қалекенге мына екі жауапты табыс еттім (қысқа нұсқасы):

жүгіре жөнеледі. Анырған Қаскен сонынан қарап қала берді. Қалекен есік алдында тұрған жаңағы жігіттерге барып, бәрімен қол алысып, қайтып келеді. «О не, не болды?» дейді ағасы, салқын сөйлеп. «Үйбай-ау, Қаске-ау, сіздің мәшініңізге отырдым ғой, анау

жолдастарымды енді аман-есен көре алам ба, жоқ па, қоштасып келдім» дегті. Екеуі ішек-сілелері ката күліпті.

Қалжыңбас Қалекеннің олайша «мырқымбайланғанына» себеп бар-ды. Содан екі ай шамасы бұрын Қаскен үлкен ұлы екеуі «ГАЗ-69» аутомәшінімен Талғар тауын жолсыз түспен қиялап келе жаталды да, он шақты метр биікте мәшіні аударылып кетіп, бірнеше аунап, етекке бір-ақ түседі. Әйтеуір, екеуі де мертлікпен аман болып, Талғардың ауруханасында бір апта емделіп шыққан. Қалекен соны мензеген ғой.

«Ертіс-Қарағанды» каналы туралы «Арман арнасымен» деп жазған күнделік-кітабының қолжазбасын баспаға алып барған Қалекенге әзілі жарасып жүрген інілерінің бірі, бөлім редакторы: «Ағасы-ау, қолжазбаныз тым қалың екен, су көп-ау, ә?» дегенде Қалекен: «Сен қызықсың, ей! Канал туралы кітапта судан басқа не болуы мүмкін?» дегті.

1990-жылы, мамыр айының 19-20 күндерінің бірінде болар, Қалекеннің үйіндегі жеңгеміз Зәпекен телефон шалды: «Ғаббас, бағана мына аған бар ғой, айырылсаң кетуге болатын қылық жасалды», — деді. Түсінбедім. «Қылығы» не? «Айырылсаң кетуге болатын» не?..

Зәкен жауабымды күтпеді, сөзін жалғалды: «Бағана, түсік шайдан кейін, аған: — Зәке, берірек отырыш, саған балалар жоқ онашада айтар бір сөзім бар еді, — деді, күмілжіп сөйлеп. Қарасам, өңі де біртүрлі, өзгеріп кеткен. Маған тура қарамайды, үстелді шұқылап отыр. Не дерімді білмедім. Жақындап отырдым. Аған басын бір сипап алып, тұқырған күйінде: — Айттайын деп ойланғалы көп болды... батылым жетпей жүрді... енді айтпауға мұрша жоқ, тек сен, Зәке, сабыр сақтап тыңда, жарай ма?» — деді де, адамның өмірі,

отбасымыз жайында біраз айттып, ауыр күрсініп қойып, махаббат туралы айта бастады, екеуіміздің қалай қосылғанымызды есіне алды, махаббаттың да тағдырға байланысты екенінен мысал келтіріп, өзінің ойда жоқта, бұдан төрт жыл бұрын бір әйелмен қатынас жасап қалғанын, әнеуегіңің онымен осында, орталық алаңда оқыс кездескенін, үш жаста ұл баласы барын айттып: «Зәке, кешір, кешіре ғар, мынау сол ұлым екеуіміздің сонда түскен суретіміз еді» деп, бір суретті алдыма қойып, тұрып кетті. Есім шығып, үнді алмай отыр едім, фотоға еріксіз қарасам, — Әзиз! «Қудай-ау, мынау өзіміздің Әзиз ғой? Ғаббас пен Заданың Әзизі ғой!» деп ағана жалт қарасам, диванның алдында қыстығып күліп тұр екен, қарқылдап күліп, диванға құлай кетіп: «Қап! Сені алдап, бір қатырайын деп едім, болмай қалғаның қарашы!» деді.

Ол суреттің мынадай тарихы бар: Жәністің 35 жылдығы қарсаңында отставкаға майдангер Қалекеннің әскери шені өсіріліп, майор болған. Сол 1980-жылы 9 мамырда үш жастағы Әзизімді әскери шеруді көрсетуге ертіп барғанмын. Шеруден кейін, алаңды аралап жүріп, майор Қалекенге кездестік. Әзиз атасына сәлем берді. Мен мерекемнен, жана шенімен құттықтап: «Генерал болуыңызды құттықтаймын. Қалекен: «Маған осы да жетеді, ал мен мына жігіттіміздің бейбіт өмір генералы болуын тілеймін!» деп, Әзизді көтеріп алып, бетінен суйді. Жарты сағат мөлшері бірге қыдырыстадық. Қолымда фотоаппаратым бар еді, Қалекен мен Әзизді екі-үш жерде суретке бірге түсірдім. Сондағы суреттердің ең тауір шыққанын Жазушылар одағында бір аптадан кейін болған бір жиында Қалекенге сыйлағанмын. Аралас-құралас болып жүрген жеңгеміз Әзизді танып қойып, Қалекеннің «0! Есебімен жеңіліп қалғаны» ғой.

«Қалмұқан былай деген екен», «Қалекеннің бір қалжыны былай еді» деп, ақ көңіл әкеміздің көзі тірісінде-ақ айтылған әзіл, мысқыл аз емес. Өзі айтқанды өзгенден естігенде тақыр басын бір сипап қойып, қой көзі күлімдеп, жылы жымып отыратын. Кейде ернін жорта қояпайтып: «Жо-жо-о-оқ, олай емес, былай болатын» деп, қалжыңның «түпнұсқасын» қайталайтын. Сол сөзі де сағынышты сағымна айнала бастады-ау!..

«Үстімде сұр шинелім, Ақсаңдай басып келемін... Ұмытса да достарым, Ұмытпа ма мені елім?!». Ұмытылмасқа жаралғандар ешқашан ұмытылмайды! Сол санаттағы Қалекеннің де екінші өмір жолы ешқашан тұйықталмайды!

Ғаббас КАБЫШУЛЫ

«Үстімде сұр шинелім...»

иә...» дейтін. Өмірінің соңғы үш айында жарасымды күлкісін ести алмадым: «аяғыммен ымыраласқан құлағы» аяғынан «өзіп кетіп», естуді қойған.

2015-жылдың тамыз айында 90 жасын тойлап, төрт айдан соң бақиға аттанып кете барған Қалекеннің бізге, ертеңгі ұрпақтарға қандай кітаптар қалдырғанын көзі қарақты қазақ біледі. Төрт жылғы жорық жолында, Германияның Ильменауында комендант болғанында, әйгілі Ертіс-Қарағанды каналының құрылысшылары қауымында үлкен істің басынан аяғына дейін жүргенінде көріп-білгендері туралы тартымды, деректі хикаяттар, романдар жазды.

Қалекеннің кейін Ильменаудағы Гете мұражайына арнап Гете-Лермонтов-Абай үшеуіне ортақ «Қараңғы түнде тау қалғып» атты өлеңнің қазақшасын ойдырып жазған ескерткіш такта апарып, Абайдың өзі аударған сол өлеңге шығарған өңіннің магнитофон таспасына түсірілгенін нотасымен қоса сילהаны азаматқа жарасқан ерекше жаңалық болды. Қала тұрғындары, келіп-кетіп жататын меймандар мұражайда болып, Абай өнін ұйып тыңдайтын көрінеді.

Іскер, ітпінатты, қарымды Қалекеннің Берлин көшелерінің біріне Абай атын, ал Семейдің бір көшесіне Гете атын қойдырған еңбегі ой көзі ояу қазақты да, немісті де тәтті еткен танымды оқиға болғаны баршаға аян.

Қаламгер Қалекен сонау тың және тынайған жер игеру кезінде шовинистердің қара қанжарлы атаман Ермакқа Павлодарда орнатқан дәу ескерткішін құлатуға бастамашы, қалағалаушы болғаны мәлім. Ол жолғы күресі туралы өзі де, жергілікті журналисты-жазушылар да деректі мақала жазған. Жақында бір гәзеттен (қайсысы екені есімде қалмапты) біреудің (өкінішке қарай, кім екеніне мән бермеппін) сол қарақшының ескерткішін өзі құлаттырғаны жайында шоқтықтана жазғанын оқып, Семей атом полигонына қарсы күрес туын жанпидалькпен көтерген Кешірім Бозтаевтың аруағынан аттап кеткен атакқұмар ақкөздер тобы есіме түсіп, «ерікті ауызға бөрікті бас» қана емес, есек арба сипып кете беретін заманда еріксіз таңданбас ешбір ерсілік қалмауға айналғанына іштей тағы бір тіксіндім.

Баукеннің — Бауыржан Момышұлының — «Найзадан қол босаса, қалам алдым» дегеніндей, Қалекеннің комендантығы, басқа да әскери қызметі 1954-жылдың күзіне дейін қолына қалам алдырмады. Әйткенмен әдебиетке, шығармашылыққа құмарлық-құштарлығы көкейінде көктеп жүрсе керек, елге оралысымен «Баян» атты әңгіме болып гүл жарды. «Жұлдыз» журналында жарияланған ол туындысын оқырман қауым, әдеби сын жылы қабылдап, бұлақтың көзі ашылды да, очерк пен әңгіме, күнделік пен естелік, хикаят пен роман көші түзілді. «Қолымды мезгілінен кеш сермедім!» ескерген, сезінген Қалекен өндіре жазып, өмір-тірлік өрісін өкінібестей танып-түйсініп, тіпті қазу-сау жұмыстары қарқынды жүргізіліп жатқан «Ертіс-Қарағанды» каналы құрылыстарымен 500 шақырымды бірге жүріп, «жауу жазушы» атанды да. «Бір күні кешкісін сол жолдың бір бөлігінде басқалардан оза онаша кетіп, қасқырларға жем бола жаздапты» дегенді де естідік. Соның анық-танығын өзінен сұрағанында Қалекен қолын сілтей күліп: «И-и-и шікі-і-ін, бұ қазақ енді қасқырға жала жабағын болды-ау!» деді.

Талабы сан тармақты Қалекен мұрағаттан да мұрат тауып, арыда атакты Шоң би, Айқыз өмірлерінен роман жазса, беріде ғұлама Қаныш Сәтбаев хақындағы көлемді зерттеу еңбегі де жоғары бағаланды.

Халық Батыры Баукеннің: «Соғыс туралы шындықты... тіпті мына біздер, соғысқа қатысушылар да, оны түбегейлі, ұңғыл-шұңғылына дейін біле бермейміз. Соғыс хақындағы шындықты табу өте қиын, ал оны жинақтау, қорыту оған да күрделі. Соғыс туралы ақиқатқа жету — өте үлкен мәселе», деген сөзі бар екен. 1944-жыл қантарда майданнан Алматыға келіп қайтқан жолы болашақ Ғылым академиямызда болған кездесуде айттыпты. Ол кездесуде Қаныш ағамыз бастаған ғалымдар, Мұхтар ағамыз бас болған жазушылар қатысыпты. Қалекен бірде сол тарихи оқиға туралы әңгімеледі де:

— Саған бір өтінішім болғалы тұр, орындайсың ба, тек тура айт! — деді, әзіл-шынын айырғысыз дауыспен. Мен еркелене қалжындаса беретін әдетіммен:

— КСРО Армиясы мен флотының майдандағы шығыны — 6,1 млн адам; фашистердің тұтқынында қаза болғандары — 2,5 млн; фашистер басып алған жерлерде өтірікпен — 17,6 млн; Яғни КСРО шығыны — 26,2 млн; Германияның жалпы шығыны — 7,2 млн; АҚШ, Англия, Франция, Жапония және басқалардың жалпы шығыны — 1 млн адам шамасы.

Демек, 1941-1945 жылдардағы соғыс құрбанының жалпы саны — 34,4 миллион адам.

Осы мағлұматтарды алған күннің ертеңінде Қалекен телефон соғып: — Ғаббас-жан, ей, әлгі сұмырай Солженицынның «Совет Одағының билік жүйесі, Сталин 110 миллион адамды қырды» дегенін оқығанда «есектің миын жеген жәдігөй!» деп күле салып едім, одан кейін алаяқ Хрушев XX съезде: «Сталин 10 миллион адамды «халық жауы» деп жазықсыз құрбан қылды!» деді, құдай-ау, бәрі өтірік екен ғой! — деп тандандым.

— Қалекен, көп кешікпей Сталин мен Гитлердің орындарын алмастырған оттауымз басталады, тоса тұрайық, — деп едім, Қалекен: — Қой, құрысын! Ондайды айтпа, құрысын! — деді, дауысы бұзылып...

Арының ғана сөзін айтатын тарихшылардың (ресейлік) зерттеу еңбектерінің деректер былай деген: руленколардың шифрлары алдына барғанда Хрушев жоқ шашын жұла жаздап, ақырып-бақырып, лақтырып тастап, «құпия баяндамасына» аузына келген 10 миллионды жаза салыпты. Оған бұрында өздеріне есептеп, 5 миллион деген Волгоконов, Медведев сияқты «қасқалар» жолда қалып, Хрушевтан кейін: Антонов-Овсенко, Феофанов сияқты «басқалар» 16-20 миллионға жеткізіпті. Ал Кириллов деген бір «тарихшы ғалым»: «Гитлер 20 миллион адамды құртса, Сталин 40 миллион адамды құртты» деп лағыпты. Алайда, ол полекорлардың өкінішіне қарай, ешқайсысы ервей-выкредт Исаакийдің (басқа дінге кіріп Исай болғанын) баласы А. Солженицынның «рекордын» жаңарта алмаған...

...Әдеби қазынамызға қыруар үлес қосып жүрген Қалекеннің «мен сөйттімділегенін» көрген де, естіген де емеспін. Себебі ол қарапайым болды. Ал қарапайымдылық пен кішіпейілділік «ағайынды» ғой, Қалекеннің табиғи ол қырларына жазушылар мен журналистеріміз қанық дей аламын. Әрқашан көңілі жүретін ағамен Жазушылар одағы құзырында он шақты жыл қызметтес болғаныма оның әзіл-қалжыңға ерекше құмар жан екенін де көрдім. Бірер мысал келтірейін.

— Анау Қалмұқан да бір Мырқымбай екен, — деді бірде партизан жазушы Қасым Қайсенов. «Мырқымбай» оның Би-ағандың, Бейімбет Майлиннің, әңгімесінен «жекешелендіріп алған» сөз сырлығы еді.

— Иә, қалайша? — дедім. Ол былайша екен: Қаскен бірде Жазушылар одағына барып, оны-мұны шаруасын реттеп, үйіне қайтуға шықса, есік алдында бірнеше ақын-жазушы тұр екен. Араларындағы Қалекен: «Қаске, мені ала кеткенді қайттеді?» дейді. «Мәшініме сисан, жүр», дейді Қаскен, шағын денелі інісін қағытып. Екеуі аутомәшіне отырып жылжып кетеді. Ауладан көшеге шығатын тұсқа жете бере Қалекен: «Тоқтанышы, тоқтанышы!» дейді де, тоқтаған мәшіннен абын-күбін түсіп, кейін

жолдастарымды енді аман-есен көре алам ба, жоқ па, қоштасып келдім» дегті. Екеуі ішек-сілелері ката күліпті.

Қалжыңбас Қалекеннің олайша «мырқымбайланғанына» себеп бар-ды. Содан екі ай шамасы бұрын Қаскен үлкен ұлы екеуі «ГАЗ-69» аутомәшінімен Талғар тауын жолсыз түспен қиялап келе жаталды да, он шақты метр биікте мәшіні аударылып кетіп, бірнеше аунап, етекке бір-ақ түседі. Әйтеуір, екеуі де мертлікпен аман болып, Талғардың ауруханасында бір апта емделіп шыққан. Қалекен соны мензеген ғой.

«Ертіс-Қарағанды» каналы туралы «Арман арнасымен» деп жазған күнделік-кітабының қолжазбасын баспаға алып барған Қалекенге әзілі жарасып жүрген інілерінің бірі, бөлім редакторы: «Ағасы-ау, қолжазбаныз тым қалың екен, су көп-ау, ә?» дегенде Қалекен: «Сен қызықсың, ей! Канал туралы кітапта судан басқа не болуы мүмкін?» дегті.

1990-жылы, мамыр айының 19-20 күндерінің бірінде болар, Қалекеннің үйіндегі жеңгеміз Зәпекен телефон шалды: «Ғаббас, бағана мына аған бар ғой, айырылсаң кетуге болатын қылық жасалды», — деді. Түсінбедім. «Қылығы» не? «Айырылсаң кетуге болатын» не?..

Зәкен жауабымды күтпеді, сөзін жалғалды: «Бағана, түсік шайдан кейін, аған: — Зәке, берірек отырыш, саған балалар жоқ онашада айтар бір сөзім бар еді, — деді, күмілжіп сөйлеп. Қарасам, өңі де біртүрлі, өзгеріп кеткен. Маған тура қарамайды, үстелді шұқылап отыр. Не дерімді білмедім. Жақындап отырдым. Аған басын бір сипап алып, тұқырған күйінде: — Айттайын деп ойланғалы көп болды... батылым жетпей жүрді... енді айтпауға мұрша жоқ, тек сен, Зәке, сабыр сақтап тыңда, жарай ма?» — деді де, адамның өмірі,

отбасымыз жайында біраз айттып, ауыр күрсініп қойып, махаббат туралы айта бастады, екеуіміздің қалай қосылғанымызды есіне алды, махаббаттың да тағдырға байланысты екенінен мысал келтіріп, өзінің ойда жоқта, бұдан төрт жыл бұрын бір әйелмен қатынас жасап қалғанын, әнеуегіңің онымен осында, орталық алаңда оқыс кездескенін, үш жаста ұл баласы барын айттып: «Зәке, кешір, кешіре ғар, мынау сол ұлым екеуіміздің сонда түскен суретіміз еді» деп, бір суретті алдыма қойып, тұрып кетті. Есім шығып, үнді алмай отыр едім, фотоға еріксіз қарасам, — Әзиз! «Қудай-ау, мынау өзіміздің Әзиз ғой? Ғаббас пен Заданың Әзизі ғой!» деп ағана жалт қарасам, диванның алдында қыстығып күліп тұр екен, қарқылдап күліп, диванға құлай кетіп: «Қап! Сені алдап, бір қатырайын деп едім, болмай қалғаның қарашы!» деді.

Ол суреттің мынадай тарихы бар: Жәністің 35 жылдығы қарсаңында отставкаға майдангер Қалекеннің әскери шені өсіріліп, майор болған. Сол 1980-жылы 9 мамырда үш жастағы Әзизімді әскери шеруді көрсетуге ертіп барғанмын. Шеруден кейін, алаңды аралап жүріп, майор Қалекенге кездестік. Әзиз атасына сәлем берді. Мен мерекемнен, жана шенімен құттықтап: «Генерал болуыңызды құттықтаймын. Қалекен: «Маған осы да жетеді, ал мен мына жігіттіміздің бейбіт өмір генералы болуын тілеймін!» деп, Әзизді көтеріп алып, бетінен суйді. Жарты сағат мөлшері бірге қыдырыстадық. Қолымда фотоаппаратым бар еді, Қалекен мен Әзизді екі-үш жерде суретке бірге түсірдім. Сондағы суреттердің ең тауір шыққанын Жазушылар одағында бір аптадан кейін болған бір жиында Қалекенге сыйлағанмын. Аралас-құралас болып жүрген жеңгеміз Әзизді танып қойып, Қалекеннің «0! Есебімен жеңіліп қалғаны» ғой.

«Қалмұқан былай деген екен», «Қалекеннің бір қалжыны былай еді» деп, ақ көңіл әкеміздің көзі тірісінде-ақ айтылған әзіл, мысқыл аз емес. Өзі айтқанды өзгенден естігенде тақыр басын бір сипап қойып, қой көзі күлімдеп, жылы жымып отыратын. Кейде ернін жорта қояпайтып: «Жо-жо-о-оқ, олай емес, былай болатын» деп, қалжыңның «түпнұсқасын» қайталайтын. Сол сөзі де сағынышты сағымна айнала бастады-ау!..

«Үстімде сұр шинелім, Ақсаңдай басып келемін... Ұмытса да достарым, Ұмытпа ма мені елім?!». Ұмытылмасқа жаралғандар ешқашан ұмытылмайды! Сол санаттағы Қалекеннің де екінші өмір жолы ешқашан тұйықталмайды!

Ғаббас КАБЫШУЛЫ



Х х х

...Әдеби қазынамызға қыруар үлес қосып жүрген Қалекеннің «мен сөйттімділегенін» көрген де, естіген де емеспін. Себебі ол қарапайым болды. Ал қарапайымдылық пен кішіпейілділік «ағайынды» ғой, Қалекеннің табиғи ол қырларына жазушылар мен журналистеріміз қанық дей аламын. Әрқашан көңілі жүретін ағамен Жазушылар одағы құзырында он шақты жыл қызметтес болғаныма оның әзіл-қалжыңға ерекше құмар жан екенін де көрдім. Бірер мысал келтірейін.

— Анау Қалмұқан да бір Мырқымбай екен, — деді бірде партизан жазушы Қасым Қайсенов. «Мырқымбай» оның Би-ағандың, Бейімбет Майлиннің, әңгімесінен «жекешелендіріп алған» сөз сырлығы еді.

— Иә, қалайша? — дедім. Ол былайша екен: Қаскен бірде Жазушылар одағына барып, оны-мұны шаруасын реттеп, үйіне қайтуға шықса, есік алдында бірнеше ақын-жазушы тұр екен. Араларындағы Қалекен: «Қаске, мені ала кеткенді қайттеді?» дейді. «Мәшініме сисан, жүр», дейді Қаскен, шағын денелі інісін қағытып. Екеуі аутомәшіне отырып жылжып кетеді. Ауладан көшеге шығатын тұсқа жете бере Қалекен: «Тоқтанышы, тоқтанышы!» дейді де, тоқтаған мәшіннен абын-күбін түсіп, кейін

жолдастарымды енді аман-есен көре алам ба, жоқ па, қоштасып келдім» дегті. Екеуі ішек-сілелері ката күліпті.

Қалжыңбас Қалекеннің олайша «мырқымбайланғанына» себеп бар-ды. Содан екі ай шамасы бұрын Қаскен үлкен ұлы екеуі «ГАЗ-69» аутомәшінімен Талғар тауын жолсыз түспен қиялап келе жаталды да, он шақты метр биікте мәшіні аударылып кетіп, бірнеше аунап, етекке бір-ақ түседі. Әйтеуір, екеуі де мертлікпен аман болып, Талғардың ауруханасында бір апта емделіп шыққан. Қалекен соны мензеген ғой.

«Ертіс-Қарағанды» каналы туралы «Арман арнасымен» деп жазған күнделік-кітабының қолжазбасын баспаға алып барған Қалекенге әзілі жарасып жүрген інілерінің бірі, бөлім редакторы: «Ағасы-ау, қолжазбаныз тым қалың екен, су көп-ау, ә?» дегенде Қалекен: «Сен қызықсың, ей! Канал туралы кітапта судан басқа не болуы мүмкін?» дегті.

1990-жылы, мамыр айының 19-20 күндерінің бірінде болар, Қалекеннің үйіндегі жеңгеміз Зәпекен телефон шалды: «Ғаббас, бағана мына аған бар ғой, айырылсаң кетуге болатын қылық жасалды», — деді. Түсінбедім. «Қылығы» не? «Айырылсаң кетуге болатын» не?..

Зәкен жауабымды күтпеді, сөзін жалғалды: «Бағана, түсік шайдан кейін, аған: — Зәке, берірек отырыш, саған балалар жоқ онашада айтар бір сөзім бар еді, — деді, күмілжіп сөйлеп. Қарасам, өңі де біртүрлі, өзгеріп кеткен. Маған тура қарамайды, үстелді шұқылап отыр. Не дерімді білмедім. Жақындап отырдым. Аған басын бір сипап алып, тұқырған күйінде: — Айттайын деп ойланғалы көп болды... батылым жетпей жүрді... енді айтпауға мұрша жоқ, тек сен, Зәке, сабыр сақтап тыңда, жарай ма?» — деді де, адамның өмірі,

отбасымыз жайында біраз айттып, ауыр күрсініп қойып, махаббат туралы айта бастады, екеуіміздің қалай қосылғанымызды есіне алды, махаббаттың да тағдырға байланысты екенінен мысал келтіріп, өзінің ойда жоқта, бұдан төрт жыл бұрын бір әйелмен қатынас жасап қалғанын, әнеуегіңің онымен осында, орталық алаңда оқыс кездескенін, үш жаста ұл баласы барын айттып: «Зәке, кешір, кешіре ғар, мынау сол ұлым екеуіміздің сонда түскен суретіміз еді» деп, бір суретті алдыма қойып, тұрып кетті. Есім шығып, үнді алмай отыр едім, фотоға еріксіз қарасам, — Әзиз! «Қудай-ау, мынау өзіміздің Әзиз ғой? Ғаббас пен Заданың Әзизі ғой!» деп ағана жалт қарасам, диванның алдында қыстығып күліп тұр екен, қарқылдап күліп, диванға құлай кетіп: «Қап! Сені алдап, бір қатырайын деп едім, болмай қалғаның қарашы!» деді.

Ол суреттің мынадай тарихы бар: Жәністің 35 жылдығы қарсаңында отставкаға майдангер Қалекеннің әскери шені өсіріліп, майор болған. Сол 1980-жылы 9 мамырда үш жастағы Әзизімді әскери шеруді көрсетуге ертіп барғанмын. Шеруден кейін, алаңды аралап жүріп, майор Қалекенге кездестік. Әзиз атасына сәлем берді. Мен мерекемнен, жана шенімен құттықтап: «Генерал болуыңызды құттықтаймын. Қалекен: «Маған осы да жетеді, ал мен мына жігіттіміздің бейбіт өмір генералы болуын тілеймін!» деп, Әзизді көтеріп алып, бетінен суйді. Жарты сағат мөлшері бірге қыдырыстадық. Қолымда фотоаппаратым бар еді, Қалекен мен Әзизді екі-үш жерде суретке бірге түсірдім. Сондағы суреттердің ең тауір шыққанын Жазушылар одағында бір аптадан кейін болған бір жиында Қалекенге сыйлағанмын. Аралас-құралас болып жүрген жеңгеміз Әзизді танып қойып, Қалекеннің «0! Есебімен жеңіліп қалғаны» ғой.

«Қалмұқан былай деген екен», «Қалекеннің бір қалжыны былай еді» деп, ақ көңіл әкеміздің көзі тірісінде-ақ айтылған әзіл,



Белгілі бір халықтың әдебиетінің тарихы сол елдің төл тарихымен сабақтас дамитыны ақиқат. Түркітілдес ұлыстардың бірі – түрікмендердің тарихы да әріден бастау алады. Әр ұлттың даму жолының өзіндік ерекшелігі болады. Бұл тұрғыдан алғанда, түрікмендер де өзге елдер сияқты бірнеше ғасырлар бедерінде түрлі факторлардың ықпалымен түзіліп, қалыптасқан іргелі халық.



елдерге ортақ. Бірақ ол бір ғана XVI-XVII ғасырларды емес, көп заманның оқиғаларын қамтыған кәрі сюжет болса керек», – деп тұжырым жасайды.

Түрікмен әдебиетінде айрықша орны бар бұл эпостың тарихи мен табиғатын зерттеушілер оның қазақ халқына қатыстылығы жөнінде мысалдарды көбірек келтіреді. Қазақ пен түрікмен халықтарының арасында ежелден әдеби байланыс дәстүрі орныққан. Бастау-көзіміз саналатын көне дәуірлерге зер салсақ, ортақ құндылықтардың аз емес екенін аңғарамыз.

«Орхон-Енисей ескерткіштері», «Корқыт ата кітабы», «Көрұғлы», «Диуани лұғат ат-түрік» сияқты тұтас рухани қазыналардың ортақтығын былай қойғанда, екі елдің әдебиетінде кейбір шығармалардың жекелеген сюжеттер ұқсастығының мысалдары да жетіп артылады. Мұның бәрі елдердің ортақ тарих ауқымында дамығанын, біркелкі ахуалды бастан өткергенін, халықтың өсіп-өркендеуіне өзара үйлесімді факторлар ықпал еткенін, соған орай мәдениеті мен әдебиетінің сабақтаса ілгерілегенін айғақтайды. Сондықтан болса керек, Р.Бердібай айтқандай, «Туысқан түрікмен халқының асыл дастандарының

Таным

Әрине, тәуелсіздікке ұмтылған жылдарда әр халық өз тарихына жаңаша көзқарас танытқаны, өздерінің бастауларын ілгері замандардан іздеуге тырысқаны белгілі. Түрікмен халқы да өз тарихының ақтандық сөздерін қалпына келтіріп, жаңа жылнамасын түзгені анық. Олар адамзат тарихының барлық кезеңінде түрікмен атауын қолданады. Түркі халықтарына ортақ тарихтың өзінде түрікмен ұғымы қоса жүреді. Мұны елдік рухтың биіктігі деп бағалаған жөн шығар. Басқа елдер сияқты түрікмен халқы да өз тарихында түзілуді, іргеленуді, ыдырауды, отарлануды бастан кешті. Осы жағынан алғанда, оның тағдыры кеңестік жүйенің құрамында болған өзге республикалардың тағдырымен сабақтас. Ал әдебиетке сол халықтың басынан өткен тарихи оқиғалардың ықпалы болмай қалмайды. Әсіресе, түркі тілдес елдердің әдебиет тарихындағы ортақтық бұл елдердің өз тарихының да бір-біріне ұқсас жағдайда дамығанын көрсетеді.

Түрікмен әдебиеті тарихының бастау көздері тым әріде жатыр. Бұл елдің ежелгі әдеби және фольклорлық мұралары билеушілер ықпалының негізінде сол топырақта орныққан халықтардың тілінде туындады. Түрікмен жерінде арғы дәуірде қоныс тепкен иран тілдес парфия, сак, массагет, аландар, корасандар, хорезмиліктер, түркі тілдес оғыздар сөз өнерін өркендетті. Кейінірек бұл тайпалар қазір іргелі ел болып отырған халықтардың құрамына кіргені белгілі. Мәселен, парфиялықтар, сактар, корасандар иран мен тәжіктерге, хорезмиліктер өзбектерге, оғыздар түрікмен, әзербайжан және түріктерге, аландар Кавказ халықтарының қатарына қосылды.

Ежелгі түрікмен жерін мекен еткен бұл халықтардың бәрін де өзіндік әдебиет үлгілері болды. Сактар мен массагеттердің көсемі Томирисінің Парсы патшасы Кирді жеңгені туралы қаһармандық эпос және сактарға шабуыл жасаған парсы патшасы Дарий біріншінің маскара болып жеңілуі туралы эпос – біздің дәуірімізге дейінгі 500 жылдардың жемісі. Көне дәуірдегі осындай ілкі әдебиет нұсқалары кейінгі түрікмен әдебиетіне соны соқпақ салды.

Түрікмен әдебиетінің бұдан кейінгі даму жолы елдің аумағына түркілердің келуімен тікелей байланысты. Бұл тұстағы шығармалардың біразы түркі тілдерінде жазылды. Түрікмендер оғыздарға жатады десек, бұл тайпаның атауы аты ежелгі түркі руинасымен таңбаланған жазба ескерткіштерінде аталды. X ғасырда Солтүстік Түрікменстан мен Қазақстанның Оңтүстік батысын оғыздар жайлады. Түркі тілдерінің оғыз тобы орнықты. Бұл қазіргі түрікмен тіліне негіз болды.

Өзге елдердегі әріптестері сияқты түрікмен ғалымдары да тасқа жазылған жазба ескерткіштерін тек әдеби жәдігерліктер емес, жазудың алғашқы үлгілерін көрсеткен рухани құндылық ретінде таниды. Түрікменнің жазу тарихын зерттеген Бегмұрат Уәйісовтің тұжырымдауы бойынша, «Түрік қанағаты тұсында (VI-VIII ғасырлар) жазылған, табылған жерлері бойынша «Орхон-Енисей жазулары» аталған тас жазулар бізге мәлім болған түркі жазба жәдігерліктерінің ең көнесі».

Қолда бар мәліметтерге жүгінесек, түрікмен халқы бірнеше тайпалық құрылымды біріктірген ұлт болып қалыптасқан. Қазақ кенес энциклопедиясындағы «20-ғасырға дейін түрікмен Теке, Жаумұт, Ерсары, Салыр, Сарық, Гоклен, Чоудор аталатын ірі-ірі тайпаларға бөлініп келді. 19-ғасырдың 80-жылдары Түрікмения Россияға қосылды», – деген дерек осыны айғақтайды.

Түрікмен әдебиеті – тереннен тамыр тартатын тарихы бай іргелі әдебиет. Бұл елдің фольклорлық мұрасы өте бай. Халықтың еркіндік пен азаттық туралы арман-тілектері олардың баға жетпес рухани құндылықтарын дүниеге әкелді. Ол үнемі халықтың өзімен бірге жасасып келеді. Бұл шығармаларда елдің тарихы, ұлттың ерекшелігі көрініс тапқан. Түрікмен фольклоры ізгілікке үндейді, жақсылыққа жетелейді, татулыққа шақырады. Сол арқылы адами қарым-қатынастарды жетілдіреді, рухани сананы тазартады. Керісінше, қоғамның кертарпта құбылыстарынан жирендіреді, енбекерлікке баулиды. Бүкіл түркі халықтарына ортақ рухани мұралар түрікмен жұртына да тиесілі.

Түрікмен фольклорында аңыздар, хикаялар, анекдоттар, ертегілер сияқты прозалық үлгілер басты орын алады. Барлық елдердің фольклорын қамтитын хайуанаттар, тұрмыстық, қиял-ғажайып, сатиралық сарындағы ертегілер түрікмен әдебиетіне де тиесілі. Бұл халықтың ең ежелгі ертегілері – хайуанаттар туралы ертегілер. Адамдар арасындағы түрлі құбылыстарды түсіндіретін «Алданған қасқыр» және басқа ертегілерде түрікмен халқының әлеуметтік қатынастары бейнеленеді. Сол арқылы халықтың басындағы ахуал астарлап айтылады. Ертегілер адами құндылықтарды бағалауға үндейді. Тұрмыстық ертегілерде нақты тіршілік суреттеледі, қатаалдық пен қатыгездікке қарсылық білдіріледі, жақсылық пен жамандық салыстырылады, ізгі мұраттардың жеңіске жетуі насихатталады. Ал «Мамеджан» сияқты қиял-ғажайып



ертегілерде түрікмен халқының ой-арманы, эстетикалық идеялары дөріптеледі. Сатиралық сарындағы ертегілерде қарапайым халыққа тізесін батырған билік өкілдері күлкілі кейіпте танытылады. Олар өзүне мен келем-жәдің нақты нысанасына айналады. Сонымен қатар сәлт-дәстүр өлеңдері, аңыз өлеңдер, оның ішінде түрікмен әдебиетінің көрнекті өкілдері туралы өңгімелер, Кемине туралы анекдоттар, түрікмен халқының тұрмысы мен әлет-ғұрпы туралы мақал-мәтелдер, жұмбақтар мен әзілдер, санамақтар мен жаңылтпаштар түрікмен фольклорын байыта түседі.

Арғы дәуірден келе жатқан халық фольклоры бергі дәуірді де қамтиды. Оның үлгілері жазба әдебиеті толық қалыптасқан кейін уақытта да қабаттаса жүруі мүмкін. Әдебиет тарихын кезеңдеуде бұл ерекшелікті де ескермеуге болмайды.

Түрікмендердің фольклорлық мұрасында эпостық шығармалар

ТӨРКІНДЕС ТҰЛҒАЛАР, САБАҚТАС САРЫНДАР

жеткілікті. Барша түркі халықтарына ортақ көне түркі жазба ескерткіштері, «Корқыт ата кітабы», «Көрұғлы» жәдігерліктері түрікмен әдебиетінің де шоқтығы биік шығармалары болып саналады.

Түрікмен әдебиеті үшін XI ғасырда өмір сүрген «Мяне баба» деп аталған ғұлама Әбу Саид Әбіл-Хайыр Мехнедидің орны ерекше. Халықтың айрықша ықыласын иеленген ол сопылық ілімінің сұлтаны саналады. Қазақ әдебиетіндегі сопылық ілімнің басында Қожа Ахмет Иассауидің тұратыны сияқты Мяне бабаның шығармашылығы осы тақырыппен тығыз байланыстырыла бағаланады. Түрікменнің ұлы ойшылы сопылық ілімге негізделген тұтас бір мектептің негізін қалаған.


Қазақ әдебиеті мен түрікмен әдебиетін сабақтастыратын ортақ жәдігер – «Оғызнама». Бұл – бүкіл түрік халықтарына тиесілі шоқтығы биік шығарма, теңдессіз әдеби-тарихи ескерткіш. Түрікмен халқы оны өз рухының баламасы ретінде бағалайды, төл тарихының орта ғасырдағы шежіресі деп санайды. Оғыздар тарихы – түрікмен ғана емес, қазақ тарихының да бөлінбес бөлшегі. Олардың қазақ жерінде қоныстанып, тіршілік кешкені, қос халықтың мәдениеті мен тұрмысы, рухани құндылықтары біркелкі дамығаны баршаға белгілі. Мұны оғыздар тарихын зерттеуші ғалым С.Г.Ағалжановтың: «IX – XI ғасырларда оғыздардың көпшілігі жартылай көшпелі және көшпелі өмір салтын ұстанды. Олар Каспийдің Солтүстік жағалауына, Сырдарияның төменгі сағасына және Арал теңізі маңындағы далалық жерлерге тығыз қоныстанды», – деген мәліметі айғақтай түседі. Сонымен қатар оғыздар қаласы жөніндегі мәселде арнайы тоқталған академик К. Байпақов «археологиялық материалдарды талдау және керамиканы зерттеу нәтижелеріне сүйеніп, оғыздардың Қазақстанның орта ғасырлық қалаларда мекендегенін нақтылай түсуге болатынын» айтады.

Рухани дамуымызда қазақ пен түрікменді байланыстыратын мысалдар баршылық. Тіпті «Бір шежіре аңызда Қазақ пен түрікменді бір атадан таратады. Ағайынды екі ұлдың аты Сейлхан мен Жайылхан болып келеді. Сейлханнан түрікмен, Жайылханнан қазақ туыпты. Аңыз бен шындық арасы қаншалықты бірілестік табатынын өз алдына бір мәселе. Екі халықты осылайша жақындатып көрсететін шежіренің туу сыры да тегін болмаса керек. Әсіресе, халық пен халықты бауырластыратын белгілерді көбірек іздейтін біздің дәуірімізде өлгіндей аңызды сөз етпеске, ілтипат жасамаса болмайды. Ал әрбір аңызда да ақиқаттың елесі жатқаны ежелден алы. Түрікмен шайырлары өз елін «Сейлхан» деп атап келген де мәлім», – дейді академик Р.Бердібай.

Қазақ пен түрікменге ортақ тасқа қашап жазылған көне түркі ескерткіштері, Корқыт ата кітабы, Махмұд Қашғаридың «Диуани лұғат ат-түрік» сөздігі, «Көрұғлы», «Оғызнама» эпостары – қос халықтың мұрасын биік деңгейге көтеріп тұрған шығармалар. Олар біздің әдебиетке қандай орын аласа, түрікмен әдебиетінің тарихын кезеңдеу барысында да соншалықты деңгейде болуға тиіс. Себебі бұл шығармалардың қай дәуірде туғаны, дамып, жетілуіне, бүгінге дейін желісін үзбеуіне біркелкі факторлар әсер еткені анық.

Екі елдің әдеби мұрасын дәуірлерде ортақ пиянақ болатын шығарма – 16 ғасырдың соңғы жартысында шыққан көне эпос – «Көрұғлы». Бұл эпоста өмірге келуінің өзі адам сенгісіз аңызбен байланыстырылатын Көрұғлы батырдың қаһармандық істері, елін қорғаудағы ерлігі, дұшпандарымен шайқастағы табандылығы, халыққа қамқорлығы жан-жақты баяндалған. Шығармада қиял-ғажайып ертегілерге тән сюжеттер молынан қамтылған. Зерттеулерде «Көрұғлының» әзірбайжан, армян, грузин, курд, түрік, өзбек, түрікмен, тәжік және қазақ нұсқалары бар екені, барлық версиялар бойынша Көрұғлының түрікмен халқының теке-жәуміт руынан шыққандығы айтылады. Осыған орай Р.Бердібай «Қазақ пен түрікмен қатар жырлап келген «Көрұғлы» туралы да ұзақ тоқталуға болар еді. «Көрұғлы» тек осы екі халыққа ғана емес, Орта Азияның өзге жерлеріне де кең таралған. Ауыз әдебиетінің эпостан өзге салаларында да қазақ пен түрікмен халықтарына ортақ сарын толып жатыр», – деп тұжырым жасай келіп, XV-XVIII ғасырлар туындысы деп есептелетін осынау «Көрұғлы» эпосында түрікмен халқының бостандық сүйішті батыр сипаты көрінгенін айтады.

Ө.Қонаратбаев «Көрұғлы» эпосының қазақ тілінде туған жиырма сегіз нұсқасы бар екенін айта келіп, қазақ жырларында түрікмен нұсқасымен ұқсастық көп екенін баяндайды. Ол «Жырды кім қайдан алды дегеннен гөрі сюжет қашан, қалай туды, оның ортақтығы неге деген мәселе шындыққа жақындау. «Көрұғлы» сюжеті көптеген



бірі – «Шахсәном мен Ғаріп» кей тұстарында қазақтың эпостық туындысы «Қозы Көрпеш – Баян сұлуы» еске салады»

Түрікмен әдебиетінің орта ғасырлық дәуірінде бірнеше халыққа ортақ мұра қалдырған шайырлардың тобы қалыптасты. Олардың ішінде түрікмен мен иранға, түрікмен мен түрікке, түрікмен мен өзбекке ортақ рухани құндылық қалдырған ақындар бар.

Шығармаларын түрік және парсы тілінде жазатын ақындар – түрікмен жеріндегі орта ғасырдағы ахуалдың жемісі. Олар бір-бірімен сабақтас осы екі арнаны да қатар дамытты. Бұл кезеңде ауыз әдебиетінен желі тартып келе жатқан эпикалық дастан жанрында жазу кең тараған үрдіс болды. Олар парсы тілінде жазылғанымен, негізгі кейіпкерлері ретінде оғыздар мен түрікмендер алынып отырды. Ежелгі аңыздар мен ертегінің нұсқалары қайта өңделіп, сюжеттері басқаша жырланып, бірте-бірте түркі тақырыбына бейімделді.

Әдебиет тарихын әдебиеттің даму эволюциясы тұрғысынан дәуірлеу кезінде назарға алынатын мәселенің бірі – әдеби байланыс пен сабақтастықтың бір-біріне ықпалы. Тарихи қоғамдық ахуалға байланысты түрікмен әдебиеті де ұзақ уақыт көршілес елдердің әдебиетінен нәр алды. Бұл елдің әдебиеті де белгілі бір деңгейде сол іргелі әдебиеттердің ілгерілеуіне қос ашты. Осыған орай Х.Қороғлы «Түрікменнің классикалық әдебиеті халық шығармашылығы сияқты формальды ғана емес, тақырыптық жағынан да парсы, тәжік және әзірбайжан әдебиеті мен фольклорының әсерін сезінді және олардың дамуына да ықпал етті», – деп тұжырымдайды. Керісінше, түрікмен әдебиеті ғасырлар бедеріндегі рухани құндылықтардың дамуында негізгі рөл атқарған кезі болды. Түрікмендер өз тарихында билік құрылымдарын орнықтыруға да, оның мәдениетін ілгерілетуге де үнемі үлес қосты. Олардың белсенді әрі ықпалды халық ретіндегі рөлі осындай әрекетке мүмкіндік берді.

XVIII ғасырда өмір сүрген түрікменнің ұлы ғұламасы, ойшыл ақыны Мақтымқұлы Фрагидің әдебиеттерді орны ерекше. Мақтымқұлы – түрікмен әдебиеті үшін тегеурінді тұлға әрі қайталанбас құбылыс. Оның шығармалары Ф.Орманов, Ф.Қайырбеков, Д.Қанатбаев, С.Нуржан аудармалары арқылы қазақ топырағына жақсы таныс Фрагидің ұлт рухына айналған классикалық туындылары түрікмен әдебиетін биік белеске шығарған тұтастай бір дәуірдің табиғатын танытады.

Қазақ-түрікмен әдеби байланыстары кенес дәуірінде де жүйелі жалғасты. Соңғы жылдарда елдегі бәсенсіп қалған үлеріс қазір қайта жандана бастады. Ендеше, ежелден тамыр тартатын төркіндес тұлғалар мен сабақтас сарындарды зерттеу мәселесі енді толастамауға тиіс.

Бауыржан ОМАРҰЛЫ,
ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, филология ғылымдарының докторы, профессор



Өнердің абзалдығы, қадір-құрметі және өнегелі болуы туралы

Алтыншы тарау (Басы адығы сайдарда)

Кайғылы жаңға қуанышынды айтпа. Әр нәрсеге танданып танырқама, өйткені тандану жас балаға жарастықты. Есті жан қайғымен аяқталатын қуанышты қуаныш демеуді, қуанышпен аяқталатын қайғыны қайғы екен демеуді.

Үмітсіздіктен сақтан, жақсылықтан үмітінді үзбе, үміт есігін аша біл. Керісінше, үміт есігін үмітсіздікке айқара ашпағын.

Біреудің істеген ісін зая кетірге, еңбегіне қарай ақысын төле. Жақсылықты ең алдымен өз жақынына істей біл. Қарт-қарияларына ізет, құрмет көрсетіп сыйла. Бірақ сен олардың құрсауы құлы болмай, жақсылығымен қатар кемшілігін де көре біл.

Егер өзіне сыртынан төнген қауіп-қатерлі сезсен, одан жедел құтылудың қамына кіріс. Айналана құмдана көз тікпе. Жайшылықты қауіпті жағдай деп есептеме. Үмітсіздік пен құманыштық кеселіне ұшырап, у ішу – асқан надандық. Халықтың аз өнерін көптей көріп, көңілін аула.

Егер ақылысыздық, өнерсіздікпен жақсы ат, жақсы тағамға көз қырып салып, өнерсіз де бола бер. Я болмаса өнер үйрен. Тыңдаудан жақылқа, білгенінді үйретуден намыстанба. Сен мұнымен бойыңдағы мінезінді, өзінді өкінішті жағдайдан құтқарасын.

Халықтың жақсы-жаман істері мен мінез-құлқына көз қырып салып, олардың пайдалы екенін зиянды істерінің қандай нәтиже беретінін бақылап, ой елегінен өткіз де, оның қайсысы өзіне тиімді, қайсыбірі халыққа пайдалы екенін үйрен. Міне, осы айтылғандардан қорытынды шығар да, өнер үйреніп, жоғары мәртебелі болу үшін әрекет істе. Сен ол мақсатыңды екі түрлі жолмен жүзеге асыра аласың. Бірі – өнеріне сай іс істеумен, екіншісі – білмеген өнерді үйренумен.

Сократ Хакім: «Өнерден жақсы нәрсе, білімнен үлкен, ұяттан сұлу нәрсе, қызғаншақтықтан асқан дұшпан жоқ» деген екен. Әрбір сәтті бос өткізбей, тиімді пайдаланған жағдайда ғана өнерді үйренесің. Өнер үйренетін дана табылмаса, наданнан үйрен. Ол үшін әрдайым көңілдің көзі, ақылдың айнасымен наданның істеген істерін көріп, оның жаман, жағымсыз істерінен бойыңды аулақ сақтауың керек.

Ескендір Зұлхарнайың бір сөзінде: «Барлық достарымың пайда көрме, дұшпандарыңды одан да көбірек пайдаланамын, өйткені жаман істерімді достарым жасарды, жақсылығыңды асырады. Сондықтан да өз кемшілігіңді білмей қаламын. Дұшпандарым дұшпан болғандықтан, айып істерімді жасармай айтады, ал мен болсам, ол кемшілігіңді тез жою үшін әрекет жасаймын» депті.

Ей, перзентім, сен де өнерді данадан үйренбесен де наданнан үйрен. Және барлық үлкен-кішіге өнер үйрету қажет. Өйткені тек өнер үйренумен ғана өз замандастарыңнан дәреже биік бола алады. Әр уақытта сен өзін өнер иесі болып, замандастарыңда сендегі қасиеттің жоқ екеніне көзін жеткен жағдайда ғана өзінді басқалардан артық деп айтуына болады. Олар да сені өздерінен биік дәрежеде деп есептейді. Дарын даналығы мен қадір-құрметі еңе басқа жұрттан мәртебесі биік екенін сезініп, ілім мен өнерді үйренуге ерінбей еңбек ететінді жұрт данышпан, ақылды дейді.

Мұндай адамдар ілім ықпалы күшті болғандықтан, халық арасында қадірі асып, үлкен абыройға тез ие болады. Осы жағдайды біле тұрып, өнер-білімге немқұрайды қарап, қолды бір-ақ сілтей салу – барып тұрған ақылысыздықтың белгісі.

Білімді үйрену үшін еңбекқұмар болып, бойыңды жалқаулыққа үйретпеуің қажет. Жалқаулық іс жақпастық дененің бұзылып, кеселденуіне себепкер болады. Өз білігіңе көнбейтін дертті дененің жоғары мәртебелі бола алмайсың. Дене деген әрекетсіздік жан рақатымен достасып алса, ол саған өз ықтиярымен бой ұсынбайды.

Сондықтан да дене өзлігіннен әрекет істемейді, ол әрекетті бұйрықпен істейді. Сен оған жетекшілік жасамасаң, дене еш нәрсеге де басылық етпейді. Ей, перзентім, ойлан, дененді өзіне бой ұсындыр және бұйрығыңды бұлжытпай орындауға көндірі. Әрбір алам өз денесін өзі билей аласа, өзгені де бағындыра алады. Кімде-кім өзін-өзі билеп, ілім мен өнер үйренген жағдайда ғана баянды бақытқа қолы жетеді.

Жалпы білім мен өнердің негізі – әлеп, қанағат, ұят, пәктік, сактық, мейірімділік, ұстамдылық (сабырлық). «Ұят иманға тән» деген екен. Бірақ көп жағдайда шамадан тыс ұндылық өзіне зиян келтіреді. Әдеттен тыс ұялшақ болмағын. Ұялшақтық әр кез қателесуіне себепкер болып, бастаған ісіне нұқсан келтіреді.

Жаман істерден, өтіріктен, қанағатсыздықтан ұял; тура сөз, ізгі тілек, жақсы бастамадан ұялма. Кейбір адамдар ұяламын деп, ойдаған мақсатын орындай алмайды. Ұят – иманның жемісі дегендей, жарлылық та ұялшақтықтың жемісі.

Сондықтан да қай жерде ұялып, қай жерде ұялмауды білгенін жөн, қайсысы жақсы болса, соны істеу қажет. Негізінде жақсылықтың бастапқы шарты – ар-ұятты сақтауға, жамандықтың бастапқы шарты – ар-ұяттан айырылуға.

(Жалғасы бар)

Орайы келген әңгіме

— Асылхан мырза, сұхбатымыздың алқисасын бірден «Бағдаршам» орталығы туралы сұрақтан бастасак. Оны құру туралы бастаманы өзіңіз айттыңыз. Бүгінде директорысыз. Орталықтың қызмет барысы туралы тарқатып айтып берсеңіз. Мұндай идея қайдан туындады?

— Мәслихат депутаттығына келгендегі басты мақсатым — жастар мәселесін көтеру болатын. «Жастармен қалай тығыз жұмыс жасап, оларға неңдей көмек көрсете аламыз?» — деген сұрақ төңірегінде көп ойландым. Өйткені, алып шаһарда көп жастардың ақпарат пен тегін тіл үйрету курстарына қолдары жете бермейді. Сондықтан базарда, құрылыста және тағы басқа сол сияқты жұмыс орындарында немесе жұмыс таппай жүрген жастарға бағыт-бағдар берсек деген оймен орталықты аштық. Бұл жерде біз келушілерден ештеңе талап етпейміз. Тек қана адамның өз өмірін жақсы жағына өзгертем деген ниеті болуы керек. Бұл тек Наурызбай ауданына қатысты мәселе емес, бұл барлық Алматы қаласының аудандарына тән. Сондықтан жастар осы орталыққа келіп, өзіне қажетті дүниелерді ала алады. Осы жерге 100 адам келіп, оның жартысына жуығы өзіне қажетті білімді алып кетсе, біз үшін соның өзі үлкен жетістік!

— «Бағдаршам» орталығы өзіңіз, айтпақшы жастарға тегін бағыт-бағдар береді екен. Сонда орталықты қаржыландыру мәселесі қалай шешілуде?

— Орталықты «Болашақ» республикалық қозғалысы, «Жастар үні» ЖҚБ-гі мен Алматы қаласы жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының тікелей мұрындық жасауымен аштық. Алдағы уақытта бұл орталыққа қалтасы қалың демеуші боламын деген кісілерді де тарту жоспарда бар.



— Орталық тегін курстардан басқа, қандай кездесулер мен семинар-тренингтер өткізеді? Айына немесе аптасына қанша рет өтетін болады?

— Жастардың қаржылық, жаңа технология, яғни компьютерлік, шешендік сауатын ашу мақсатында сол салалардың мамандарын шақырып, лекция, семинар-тренинг өткізетін боламыз. Сондай-ақ қазіргі кезде жас отбасылар үшін өзекті мәселенің бірі болып отырған баспана мәселесі екені анық. Бірақ көпшілік оны қандай бағдарлама арқылы алуға болатынын, қандай құжат жинау керектігін білмейді бұл болады. Біз сол кісілерді тікелей «Тұрғынүй құрылыс жинақ банкі» өкілдерімен кездестіріп, тегін ақпараттан сусындандыратын

Осы аптада Алматыда жастарға алып мегаполистің шырмауына шұбатылмай, олардың қызмет бабын бастауына, түрлі мәселелерін шешуіне қол ұшын беретін «Бағдаршам» орталығының тұсаукесері өтті. Келген қонақтар орталықтың директоры, Алматы қалалық мәслихат депутаты, театр және кино актері Асылхан Төлеповтен кездесіп, көкейіндегі сауалын қойды. Бізде олардан қалыс қалмай мәслихат депутатынан сұхбат алдық.

Жастарға бағыт-бағдар

боламыз. Одан бөлек, орталықта тегін психолог көмегі де қарастырылған.

— Орталықтың өзін жарнамалауы, халықты ақпараттандыру жағы қалай болмақ? Себебі базарда, құрылыста, мейрамханаларда түрлі қызмет атқарып жүрген жастар күнделікті күйбең тіршіліктің қамымен жүріп, орталық туралы ақпараттан қалып жатады.

— «Бағдаршам» орталығы ашу мақсатында ең алдымен, осы мәселелерді ескерген болатынбыз. Сондықтан осындай тегін орталықтың бар екені туралы ақпаратты өзіміз базарларды, қала шетіндегі ауылдарды аралап, жастармен тікелей жолығып, орталықтың жұмысы туралы қағаз тарата басталдық. Одан бөлек, әлеуметтік желі арқылы ақпараттандырамыз. Өйткені, қазір көп жастар әлеуметтік желіде отырады. Сондай-ақ жарнамалық баннер ілініп, бейнеролик шығарылады. Жалпы, орталық туралы ақпарат жастарға жетелі деген ойдымын.

— Алматыға жастар тек жұмыс бабымен ғана келмейді. Олардың дені университетте немесе колледжде білім қуып келген студенттер. Олармен қандай жұмыс жасауды жоспарлаудасыз?

— Біз үнемі студенттермен тығыз жұмыс жасаймыз. Қазіргі кезде түрлі университеттердің белсенділерінен құралған G38 деген топ бар. Тікелей осы топ арқылы студенттерді түрлі іс-шараларға қатысуға шақырамыз. Сонымен қатар ақылы түрде білім алып жүрген үлгерімі жақсы, қоғамдық өмірге белсенді араласатын, бірақ отбасылық жағдайы төмен студенттерге барынша қолдау көрсетуге тырысамыз. Біз ЖОО басшылығына хат жолдап, сондай студенттерді мемлекеттік немесе ректорлық грантка ауысуына ықпалдасамыз. Ендігі кезекте орталықтың

ЖАҢА ҚАЗАҚ

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru



қызметі аясында студенттердің жұмыспен қамтылуына бағыт-бағдар береміз.

— Жұмыс іздеп келетін жастар жетерлік. Ал оларға жұмыс ұсынаын кәсіпорны қалай тартасыздар?

— Жоғарыда айтып өткендей, «Бағдаршам» орталығы жалғыз бір адамның ғана айналысып отырған жобасы емес. Алматы қаласы жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының тікелей көмегі арқасында «Болашақ» РҚ SELF MADE жобасы аясында Алматы қаласындағы 60-тан астам кәсіпорындарды шақырып «Мүмкіндіктер жәрмеңкесін» өткізген болатын. Ендігі кезекте сол жәрмеңкені бірігіп келесі айдың басында тағы да өткізуді қолға алып отырмыз. Сондықтан орталықта тігін, компьютерлік сауаттылық үйірмесі сияқты бірнеше саланы бітірген жастарға сертификат беріп, оларды «Мүмкіндіктер жәрмеңкесіне» қатыстыратын

— Жастардан бөлек, орталықтың көмегіне қарапайым халық жүгіне ала ма?

Иә, біз жастардан бөлек, қарапайым халықпен де жұмыс жасау жағын қарастырып қойдық. Орталықта айына екі рет халықпен кездесу өткізуді жоспарлап отырмыз. Депутаттық қызметінің алғашқы айларында маған су, жол сапасы, мектепте орындардың жетіспеушілігі секілді мәселемен халық көп келетін. Оның барлығына қаржы бөліп, мәселе шешімін тапты. Ал қазір көбіне қосымша мұқтаж көпбалалы немесе жағдайы нашар отбасылар келеді. Біз оларға «Бағдаршам» арқылы қол ұшын беретін боламыз. Тек Наурызбай ауданының ғана емес, сондай-ақ басқа аудандарды да қамтуға тырысамыз.

— Сұхбатыңызға рахмет!

Сұхбаттасқан
Талғат ЖАНЫСБАЙ,
Әйгерім ӘБДРАШИТОВА

Құлшыныс

Арманның IT салаға құштарлығы оқушы кезінде оянған. Алғаш рет ғаламторға кіргенде Энди Шафранның Уеб парақша жасау туралы кітабын оқыды. Бұл өз сайтын жасауға түрткі болды. «Білімге бірге барамыз!» атты алғашқы ресурсында мектеп пәндеріне қатысты деректер, ғалымдардың шығармалары мен өмірбаяны жинақталды. Кейін ҰБТ-ға дайындық сайты мен Брюс Ли, сайт жасау туралы энциклопедия жасап шығады. Бұларды ай сайын 300 мың оқырман пайдалана бастаған тұста Арманның IT-ға деген қызығушылығы одан сайын артты.

15 жасында бағдарламалаумен айналыса бастаған Арман Сүлейменов қазір 28 жаста. IT саладағы 13 жылдық тәжірибесі текке кеткен жоқ. 2005 жылы орта мектепті бітірген соң Астанадағы МГУ-дың филиалына түсуге талпынады. Алайда өмір арнасы оны басқа жаққа бұрып өткізді. ҰБТ тапсырғаннан кейін қажетті құжаттарды жинап, барлық емтихандардан өткен ол Мәскеу мемлекеттік университетіндегі екі айлық дәріс алды. Содан соң Америкаға оқуға аттанады.

АҚШ-та таңдаған мамандығын барынша менгеру үшін спорттық бағдарламалаумен айналысады. Мұндағы ерекшелік — бағдарламашылар командасы бес сағатта ұялы қосымша жасап шығуы тиіс. Кім ұшықыр, кімнің идеясы үздік, сол — жеңімпаз. Арман Сүлейменовтің командасы тұрақты түрде үздіктер қатарынан көрінді. Алдына биік мақсат қойған жас жігіт университет командасының мүшесі ретінде 2009 жылы Швециядағы, 2011 жылы АҚШ-та өткен әлем чемпионаттарына қатысып, ақтық сынға сүрінбей өтті. Алдымен



Арманның биік асуы

бакалавр, кейін магистрлік білім алған соң Кремний алқабында бір жыл жұмыс істейді. 2013 жылы кіндік қаны тамған жеріне — Қазақстанға оралады.

Туған елінде жастардан жаңа толқынды бағдарламашылар қалыптастыруды мақсат тұтқан Арман Назарбаев университетінде «Стартап өнері: идеядан іске қосуға дейінгі 4 апта» курсы, Халықаралық IT университетте Кремний алқабындағы компанияларда тәжірибеден өтуге студенттерді дайындайтын «Бағдарламашы жолы» мектебі жобасын жүзеге асырған. 2015 жылы жазғы мультимедиялық инкубаторды іске қосты.

Былтыр жазғы осы инкубатор түлектері жасаған жобалар бірден ел назарына іліктеді. Әсіресе, Назарбаев университетінің бірінші курс студенті Динара Пердебаева жасаған «Келін» қосымшасы айтуға тұрарлық. Оның 182 мың қолданушысы бар. Қыз-келіншектерге арналған форумда сән, отбасын құру, жүктілік, бала тәрбиесі сияқты 30 тақырып қамтылады. Тағы бір танымал қосымша Кинза деп аталады. Ол — тоназытқыш ішіндегі тағамдардан тамақ әзірлеуге арналыпты. Сондай-ақ былтырғы жобалардан жапон неролфтерін үйрететін ойын ерекше сұранысқа ие. Осы орайда Арман быыл да осындай әлемде сұранысқа ие болатын жобалар жасауды мақсат тұтып отырғанын айтады.

«Бұл инкубатор 6 маусымнан 13 тамызға дейін жұмыс істейді. Осы 10 аптаның ішінде 50 мобильдік қосымша жасалуы тиіс. Біріншіден, ондай қосымша экспортқа арналады. Екіншіден, әр қосымшаның 10 мың қолданушысы болуы керек. Барлығы — 50 қосымша, 500 мың қолданушы», — дейді Арман Сүлейменов. Быыл жазда осы жобаға қатысуға 700-ден астам өтініш келіп тұрған. Арман олардың барлығымен танысып, өзінің өріптестерімен бірлесіп, онлайн сұхбат өткізудің нәтижесінде ең үздіктерін іріктеп алған. Сөйтіп, жазғы мультимедиялық инкубатор аясында 100 шақты өрен білім алып, өздерінің жобалары бойынша жұмыс жүргізді.

Бір айта кетерлігі, мультимедиялық инкубатор — Арманның бастамашылығымен жүзеге асырылатын әлеуметтік жоба. Сынақтардан сүрінбей өткен үміткерлер еш ақысыз, компьютерлік бағдарламалау саласының үздіктерінен сабақ алады. Олардың білімін шыңдауға барлық жағдай жасалған.

Арманның өзі бұл ісін шығармашылық деп қарайды. Бағдарламалаудың қызығы — өнім жасап, басқа адамдарға қолдануға мүмкіндік беру. Оның өрмен қарай дамуын көру шығармашылық ләззат сыйлайды», — дейді ол. Әбетте, мұндай құлшыныс болса, еліміздің IT саладағы жетістіктері алда екені сөзсіз.

Дархан КӨРІМОВ

Өнеге

ЭКСПО-2017 көрмесі — еліміздің түрлі салалардағы әлеуетін паш етуге тамаша мүмкіндік. Әсіресе, баламалы қуат көздерін пайдаланудың маңызы зор. Осыған орай түрлі ғалымдар мен өнертапқыштар тың дүниелерді ұсынып жатыр. Бұл ретте Уфа Ахмедсафин атындағы гидрогеология және геозология институтында әзірленген жаба назар аударарлық. Ғылым ордасында Айгүл Ақылбекова бастаған оқымыстылар тобы жаңғыртпалы қуат көздеріне арналған атлас дайындап жатыр. Алып көрменің ұраны «Болашақ энергиясы» екенін ескерсек, бұл бастаманың осы мақсатпен үндесіп жатқанын байқаймыз.

Топ жетекшісінің айтуынша, 2013 жылы еліміздегі баламалы қуат көздерінің атласын жасау жобасын қолға алынды. Ол ЭКСПО-2017 баламалы энергия көздерін табу бағдарламасына енгізілген. Оны іске асыру 4 жылға созылады деп жоспарланып отыр.

Табиғи байлықтың қоры мол еліміздің өтетін көрмеде баламалы энергетика мәселесі қозғалуы тегін емес. Өйткені, шикізаттың түбінде бір таусылатыны әмбебап аян. Сондықтан да тұрақты энергияны, жаңғыртпалы қуат көзін пайдалану және табиғи қорын сақтау барлық энергетикалық саланы дамытудың басым бағыты болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда, бүгінгі біздің кейіпкеріміздің қолға алған жобасы ертенгі күні ғылым мен өндіріске жол нұсқаушы бағдар деуге негіз бар. Айгүл атлстың қызметін былай түсіндіреді. «Біз ЭКСПО-ға интерактивтік такта қойғамыз келген. Оған өзіміздің атласымызды саламыз. Кез келген адам өзіне қажеттіні экраннан ұлғайтып,

«Мына ауылға күн батареясын қоюға болады, ал мына жерге жел электр стансасын, ал мына елді мекенде геотермалды судың көмегімен жылу беруге, тіпті жылыжай салуға болады», — деп жоспар құра алады. Яғни Қазақстан табиғатының ерекшелігін бір жерден көре алады. Қартаға қарап, қай жерге кішігірім су электр стансасын салу ыңғайлы екенін де көре алады. Еліміздің аумағы үлкен, шалғайда жатқан елді мекенде жарықпен қамтамасыз ету кезек күттірмейтін міндет. Міне, біздің атлас осындай мәселелерді шешуге қызмет етеді.

Жұмыр жерді мекендейтін 7 миллиардтан астам адам қуат көзі тапшылығын қазірдің өзінде сезіп жатыр. Осы орайда барған сайын сұранысы артқан экономика үшін қуат көзін үсті-үстіне өндіру экологияны тығырыққа тірегенін күллі әлем мойындайды. Сол сияқты себепті өскелең ұрпақтың болашағы балама

қуат көздеріне тікелей байланысты болатынын күн тәртібіне қойып отыр. Осы тұрғыдан алғанда, ғалымдар мен өнертапқыштардың Елордада өтетін ғаламат көрмеге дайындал жатқан жобасының маңызы айтпаса да зор екені түсінікті. Жоба жетекшісінің пікірінше, атлас еліміздің стратегиялық жоспарын жүзеге асыру үшін қажет. Қағазға шығарғаннан

академиясын инженерлік-экологиялық факультетінде қолданбалы геодезия мамандығы бойынша білім алыпты. 1996 жылы «Алматы қаласы сәулет және қала құрылысы басқармасы» мемлекеттік мекемесіне жұмысқа тұрады. Үш жыл геодезия және картография бөлімінде, 1999-2005 жылдар аралығында «Казгеокарт» республикалық мемлекеттік кәсіпорнында, 2005-2013 жыл аралығы «Охотпроект» мекемесінде жұмыс істейді. Қазір Уфа Ахмедсафин атындағы гидрогеология және геозология институтында ғылыми хатшы.

— портал жасаймыз. Сол екеуін қосу арқылы портал құрылады» дейді.

Кейіпкеріміз үнемі білімін жетілдіріп отырады. Ғылымдағы қосбасшылар бағдарламасы бойынша Америка Құрама Штаттарының 4 қаласына барды. Тәжірибе аландарын аралады. Қазір мұхиттың арғы бетіндегі әріптестерімен байланыс орнатып, өз саласына қатысты жарияланып жатқан жаңалықтан хабардар болып отырады. Америка сапарынан алған әсері мол. Ғалым «Биыл Американы барған кезімде АҚШ геология қызметіне бардық. Бізге онда

Көрмеге тарту

бөлек, атлстың электрондық нұсқасы да болады. Ол интернетке салынады. Сол арқылы жел электр стансасын қандай биіктікке қою тиімді екені, нақты бір аумаққа күн сәулесі қанша түсетінін білуге болады. Бұл атлас, сондай-ақ геотермалды энергия бойынша да жан-жақты ақпарат береді.

Жұмыс тобы көп ізденді, көп зерттеді. Онда енгізілетін ақпарат нақты болуы тиіс. Өйткені, кәсіпкер күні ертен қуат көзін өндіретін қондырғыны картада көрсетілген жерге орнатады. Егер нәтиже алынбаса, алдымен атлас сынға ұшырауы мүмкін. Ғалымдар бұл істі қолға аларда әлемдік тәжірибені зерттеген. А. Ақылбекова өзіне IRENA (Халықаралық жаңғыртпалы қуат көздері агенттігі) агенттігінің картасы ұнағанын айтады. Осы мекеме барлық елдің жаңғыртпалы қуат көздерінің атласын жасаған. Дегенмен, ол

жерде елімізге қатысты мағлұмат жоқ. Айта кету керек, еліміз осы ұйымға әлемнің өзге 134 мемлекетімен бірге мүше болып табылады. Бұған қоса, қартаға қажетті күн мен желге қатысты мәліметті АҚШ әуе-ғарыш агенттігінен (NASA) алынған. Жалпы, НАСА-ның сайтына кіріп кез келген адам ақпарат ала алады. Алайда ол жерде дерек көп болғандықтан, қарапайым адам


шатасып кетеді. Біздің мамандарға күн және жел қуаты бойынша ақпарат қажет болыпты. Ал геотермалды энергия картасына ақпаратты институт мамандары дайындап берген. Мұнда геотермалды және өндіріс суы зертханасы бар. Сонымен қатар шағын өзендер бойынша деректі алу үшін өзге институттағы әріптестерден көмек сұрайды. Нәтижесінде, ешкім күмән келтірмейтін атлас жасалды.

Жас ғалыммен өңгіме барысында оның ғылымға қалай келгенін сұрадық. 2000-2005 жылы аралығында Казак бас сәулет-құрылыс

Ол атласқа геотермалдық энергетикаға қатысты деректі тікелей институт директорының ғылым жөніндегі орынбасары Ермек Мұртазынмен ақылдаса отырып, енгізген. Институттың арнайы зертханасы және тәжірибе алаңы бар. Сол жерде жүргізілген зерттеу жұмысынан алынған мәлімет көлеге жарапты. Ермек Мұртазын тың үрдіс жөнінде былай дейді: «Атлсты дайындау барысында күн, жел және су электрстансасынан бөлек, геотермалды энергия бойынша да карта дайындалды. Бұл тікелей термалды сумен байланысты. Негізгі аумақтар — Оңтүстік Қазақстан мен Алматы облыстары. Батыс Қазақстан облысында да термалды суды пайдалануға болады. Атласта еліміздің барлық аумағындағы термалды судың орны көрсетілді. Жылу энергетикасын қолдануға болатын перспективасы бар орындар да белгіленді».

Атлстың қазір журнал ретінде жасалған нұсқасы дайын. Енді әркімге қолжетімді болу үшін арнайы сайт ашып, іске қосуды жоспарлап отыр. Айгүлдің айтуынша, биыл картаның WEB-нұсқасын жасау қолға алынды. Оған бұл саланы жетік білетін білікті мамандар қажет екені белгілі. Сондықтан Қаныш Сәтбаев атындағы Қазақ техникалық университетіндегі заманауи құрал-жабдығы бар бағдарламашылардың көмегіне жүгінген.

Атлстың электрондық нұсқасын жасап жатқан бағдарламашылардың жұмысымен де таныстық. Топ жетекшісі суперкомпьютер орнатылған бөлмеге кіргізіп, атлас портал ретінде іске қосылғанда осы жердегі бір жалғыз сақталатынын айтты. Ал ғылыми қызметкер Қайрат Бостандықов картаны қандай бағдарлама бойынша жасап жатқанын түсіндірді. Ол «Америкада әлемге әйгілі АРГИС деген бағдарлама бар. Сол жердегі карталарды ретке келтіріп, сызғамыз. Содан кейін Майкрософт технологиясы бойынша бөб



жерасты суының автоматтандырылған жүйесін көрсетті. Яғни ұңғымалардағы кез келген өзгеріс туралы ақпарат бірден офистеріне келіп түседі. Кабинетте отырып, судың сапасын денгейін қадағалап отырасың. Мен сол жүйені Қазақстанда енгізім келеді. Еліміздің жерасты суын автоматтандырып, судың сапасын және шығынды қадағалап отыратындай болуымыз керек» деген пікірде. Айгүлдің ендігі арманы — сол жүйені елімізде енгізу. Бірақ ол қолға жұмыс қаржы мен уақытты талап етеді. Бір ғана емес бірнеше ұжымның ғылыми қызметкерлері атсалысу керек.

Соның үш жылда институтта ғылыми қызметкер болып жұмыс істеген Айгүл танның атқаны мен күннің батқанын ғана көретінін айтады. Қалған уақыт институт қабырғасында өтеді. Демалыс күні қызын қылыртып, сабағын пысықтаумен айналысады. Дегенмен осы айдың басында бұрыннан ойлап жүрген арманын іске асырыпты. Ол үлкен тенниске бәт бұрды. Өрине, Зарина Диас сияқты кәсіби деңгейде ойнамаса да, өзімен шамалас қарсыласына лес бермейді. Алайда оның мақсаты жену емес, салауатты өмір салтын ұстану.

Елдос ӨМІРЗАҚ



Өмір-өнер

Театр өнерінің қара шаңырағы өзінің 90-жылдық мерейтойын тойлаған болатын. Бұл айтулы өнер мерекесі еліміздің Тәуелсіздігінің 25 жылдығымен қатар келді.

2015 жылы 90-жылдығын салтанатпен тойлаған театрдың 91-ші жана маусым шымылдығын М.Әуезовтің «Абай» трагедиясымен ашты. Әр жана театр маусымын «Абай» қойылымымен ашу – театрдың мызғымас дәстүріне айналған. Бұл – ғасырға жуық уақыт бойы қалыптасып, даму үстіндегі театрдың академиялық деңгейін, режиссуралық көркемдік биіктігін, актерлер ойынының асқан шеберлігінің көрсеткіші. Ал режиссер Есмұхан Обаевтың сахналауымен қойылатын «Абай»



трагедиясы ұлы ойшылдың өмірі, болмысы, бұрынғы және қазіргі қазақ қоғамындағы Абай айтқан мәселелердің ұлы ақынның жанашырлық, ағартушылық бағытындағы терең ойларымен астасып, көрерменін Абай әлеміне жетелейді. Алғаш рет Асқар Токпанов сахналаған «Абай» трагедиясы театрда 1940 жылдан бері жүріп келеді.

Театр басшылығы қойылымға дейін театр әлемінде болып жатқан жанашыл жаңалықтарымен жоспарларын талқылау үшін журналистермен кездесті. Жиында

Қазан – театр маусымының ашылу айы. Ғасырға жуық уақыт қазақ көрерменін өнермен сусындатып келе жатқан М.Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театры биыл 91-рет өз шымылдығын ашты.

Жаңа маусымда жаңалық бар...

деген ықпалас ниеттің арнасынан асып, төгіліп жатқанын көзімізбен көріп, көңілге түйіп қайттық. Бүгін 91-маусымның шымылдығын театрмыздың бұлжымас дәстүріне сай М.Әуезовтің «Абай» трагедиясымен ашпақпыз».

Қойылым басталмас бұрын қара шаңырақтың өнер тарландары актерлер шеруіне шықты. Айтулы шарада сөз бастаған КСРО халық әртісі Асанәлі Әшімов «Ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығы мен театрдың 90-жылдық мерейтойы аясында театрда көптеген іс-шаралар ұйымдастырылды. Соның бірі – еліміздің облыс орталықтарына гастрольлік сапармен барып, 90 жылда жеткен жетістіктерімізді саралап, халыққа есеп беру болды. Аға, орта, жас буын өкілдерінен тұратын театрдың шығармашылық құрамы күн өткен сайын талантты жастармен толығуда. Бүгінде театрмыз – академиялық театр болса, ертеңгі күн «Ұлттық театр» деген атқа қызмет етуде», – делі. Қазақстанның халық әртісі Есмұхан Обаев өз кезегінде

театр директоры, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Ерлан Біләл, театрдың көркемдік жетекшісі, КСРО халық әртісі Асанәлі Әшімов, директордың кеңесшісі, Қазақстанның халық әртісі Есмұхан Обаев, режиссер, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Әубәкір Рахимов, театрдың әдебиет бөлімінің меңгерушісі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Әлия Бөпежанова, актриса, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Данагүл Темірсултанова қатысты.

Қазірде киелі сахнада ойнайтын актерлер негізінен жастар, соған сай көрермендердің дені жас буын өкілдері. Біздің міндетіміз – ізімізден өрген осы жастарға жол көрсету, тілеуші болу. Сіздердің де бүгінгі тілеулеріңіз қабыл болсын! Маусым шымылдығын ашайық, біз ойламаған, біз айтпаған ойды Ұлы Абайдан естіңіздер!», – делі.

Шымылдық ашылды. Сахнада Абай. Абай ролінде – театр директоры Ерлан Біләл. Әбдірахман ролін театрдың актерлік құрамына жана қабылданған Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Қуандық Қыстықбаев ойнаса, Айдар ролі жас актер Аян Өтепбергеге бұйырды. Өмірдің көркем шындығын, тарихтың берделі шақтары мен белді тұлғаларының сан қилы тағдырын арқау еткен дәстүрді үзбей, жанашырлық пен ізденіске толы театрдың әр қойылымын

көрермені асыға күтетіні көрініп-ақ тұрды.

«Жана заман туар, жана ұрпақ келер. Заман өзгереді. Ол заманды мен көре алмасам, бірақ көре алмасам да, сол заманға сәлем дендер, сәлем дендер достарым» деп Абай аманат еткендей, зымыраған уақыт керуені тоқтаусыз жылжыса да, 1940 жылы А.Токпановтың, 60-жылдары



Ә.Мәмбетовтің, 90- жылдары Ж.Хаджиевтің, Б.Атабаевтың, 2010 жылдан Е.Обаевтың режиссурасымен сахналанған қойылым әдемі жалғасын тауып келеді. Әр режиссер, актер ақын жанын әр қырынан ашты. Әр кезеңнің өз Абайы, өз көрермені болды. Ұлы Абайдың болмысы Ерлан Біләлдің сомдауында жана сипатымен ашыла түсті. Зұлмыдық пен сатқындықтың арасынан адалдық іздеген Абайдың кемелденген шағын көрдік.



Сонымен қатар «Абай» трагедиясында өнердің жілігін шағып, кіл майын ішкен М.Әуезов театрының сахна санлақтары да өнер көрсетті.

Алдағы уақытта да театр басшылығы мен ұжымы өнер мен мәдениетке жана серпін, тың тыныс беретін іс-шаралар тізбегін жоспарлап отыр.

Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Сыр сұхбат

Қазақ мемлекеттік академиялық М.Әуезов атындағы драма театрында жаңа маусым аясында қазан айының 22-23 күндері жазушы, драматург Мәдина Омарованың «Ақтастағы Ахико» драмасының премьерасы болады. Қазір репетициясы жүріп жатқан қойылым авторынан шығарма жөнінде аз-кем сұхбаттасқан едік.



кисындалған сияқты. Енді оған өздеріңіз төреші боларсыздар. Алла қаласа. — Идеология, саясаттың құрсауындағы қалған адам тағдыры тағы да идеологияға қызмет етіп тұрғандай әсер қалдырады екен...

өзі. Сондықтан ол кейіпкер мен үшін осы қалпында өте қымбат. — Жендетерлік қанішерлігін көрсету арқылы сол заманның қатыгездігін жеткізу байқалады. Алайда жендетке де ақталуға әрі болмысының бір бөлшегін көрсетуге мүмкіндік беруге бармаудың себебі неде? — Иә, мен тіпті Степанға да ақталуға мүмкіндік қалдырмадым. Оларды сындырған заман, олар іштей күйрей отырып, амалсыз сол заманның қилдері болды деген сентименталды психологияны ишара еміреуімен бойларына дарытпадым. (Әрине, режиссер өзгертіп жіберсе, амал кем). Менің ойымша, қашанда, қай заманда, қай жағдайда болмасын әр адамда

дүниетанымымен байланыстырылған үміт бейнесі ме? — Иә, Абыз қария – Сарыарқа жерінің киесі, иесі ретінде алынды. Анандай керемет даланы бөліп алып, қоршап тастап, ол жерде өсіп-өніп отырған қалың елді теңіретіп жіберіп, Ажал, Азап лагерін салып отырған билікке келіп, үрейін алатын, тұтқындарды серпілтіп, Әділет орнатып кететін – Қасиет. — Ақтамақ (кейткер) халықтар достығының ұйытқы бейнесін бе, әлде қазақтың Құдайшылығын, адамшылығын көрсетуге ме? — Бұл екеуінің аражігін ажыратып, бірін таңдау мүмкін емес. Біртұтас нәрсе ғой. Адамның ұлтына, нәсіліне қарай өзгеріп отыратын Құдайшылық, адамшылық бола ма? Оны қалай құдайшылық деп айтамыз? Ақтамақ – қазақ анасы, қазақ әйелі. Жоғары мағынада бұл тіркестің аясына дүниенің бар имандылығы сыяды. — Әуезов театрында қойылғалы жатқан алғашқы пьесан. Өз көңіліңнен шықты ма? — Әлдене деу қиын. Қазір репетиция барысында түрлі күйлі бастан кешіп жүрмін. Біресе алай, біресе былай сияқты. Енді спектакль шықсын, сонда белгілі болады. — Драматургия саласында тағы басқа қандай жана ізденістерің бар? — Идея көп. Барлығы қызық. Барлығы ұнайды. Бір жұмысты бастап алып, тезірек аяқтап, көзжіекте қылтың шеті көрінген тағы бір образға жан бітірген келеді. Әрине, бар. Бұйырса, оқып қаларсыздар. — Қазіргі заман драматургиясы несімен ерекшеленуі керек деп ойлайсың? — Мұхтар Әуезов, Ғабит Мүсірепов сияқты ұлы классиктер, кеше дүниеден өткен Асқар Сүлейменов, Қалихан Ысқақ секілді азулы ағалар іргетасын қалап кеткен қазақ драматургиясы мықты болуға тиі. Бірақ, әрине, заман өзгерген сайын, әдебиет те бірқалыпта қала алмайды. Әлеммен бірге қарыштап, жанашырлықтан қорықпай, қабылдау керек, қазақ драматургиясының бойына лайықтап сіңіру керек. Қазір бір қуантағыны, жақсы жастар легі келе жатыр. Мұрат Қолғанат, Әлібек Байбол деген балалардың шығармашылығымен танысып, өте ұнайды. Олар мүлде басқа. Біз де шама-шарқымызға қарай ізденіп жатырмыз. Барлығы жақсы болады деген ойдамын. — Әңгімеңе рахмет!

Көрермен іздегенін табады

ПРЕМЬЕРА



Авторы: Мәдина Омарова
Режиссері: Асхат Маемиров

әуел баста таңдау еркіндігі болады. Құдай билеген әлемде онсыз еш болмайды. Олар өз таңдауына жасаған адамдар. Сондықтан оларды жас талша солқылатып, толқытып жатуды артық санамды. Бұл үзілді-кесілді пьесаға әлдебір мәрттік берген сияқты... — Қария бейнесі. Аруақ, азапты жеңілдетуші рух бейнесінде алынуы халықтың

— Қоғамда, заманауи әлемде өмір сүргеннен кейін идеология идеясынан ешқайда қашып қутыла алмаспыз. Егер ол идеология көкейте қонып тұрса, оған неге қызмет етпеске... Содан кейін бұл пьесадан, жалпы кез келген әдеби туындыдан оқырман (көрермен) нені ізесе, нені көргісі келсе, соны табады деп ойлаймын. Кішкене көңіл есігін кеңірек ашып, тереңдеу бойласа, өте ауыр ойла қалары анық. Бірақ әйтеуір барлығының оптимистік нотала, көңілді аяқталатыны дәтке қуат. — Шығармада кеңес өкіметінің қанқұйлы саясатын, қазақ халқының болмысын толық аша алдым деп ойлайсың ба? — Енді өз деңгейімде, проблеманы бір пьеса бойына арту мөлшерінде, аштым деп ойлаймын. — Пьесадағы Степанның бейнесі сурет өнермен астақтырылады. Бірақ жауыз. Бұл зұлмыдық зынданындағы өнер бейнесін, өнердің халін беру ме, әлде басқа ойға құрылған ба? — Степанды суретші етудегі басты мақсатым – оны түрмеде отырған жай «урка», «вор в законе», «авторитет» деңгейінде қалдырмай, интеллектуалдық деңгейіне көтеру, солайша көрермен үшін қызықты ету, аласапыран күй кешіп, бойындағы өнермен алыса отырып, жан-жағына өлшеусіз қиянат жасайтын есі ауысқан, қатыгез өнер адамының бейнесін жасап шығу болды. Ол мен үшін сол кездегі жүйенің – символы. Тіпті көркем бейнедегі – дәл

САХНА

Шерлі шежіре ШЫНДЫҒЫ

Табиғатынан өр мінезді, еркін ойлы бабаларымыз «қара қазан, сары баланың қамы үшін» құрбан болып, жүздеген жылдар бойы сыртқы жаулармен жан аямай арпалысқа түсті. Бұл күрес орыс отаршылдығы кезінде де тоқтаған жоқ. Ғасырларға созылған ерлікке толы тарихымызда 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс өз алдына бір төбе.



Осыған орай, Жамбыл облыстық қазақ драма театрында Ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығына және ұлт-азаттық көтерілістің жүз жылдығына орай заңғар жазушы Мұхтар Әуезовтің «Қилы заман» тарихи драмасы сахналанды. Ұлы жазушының шығаралар тағдырылы шығармасын сахна тіліне түсірген белгілі ақын-драматург Нұрлан Оразалин. Жалпы, 1927 жылы жазылған «Қилы заман» повесі – сол кезеңдегі қазақ халқының өмірі мен тұрмысын, жарасымды табиғатымен қоса адамдар арасындағы әлеуметтік тартысты, оның ақыры қазақтардың көтерілісіне әкеліп соққан жағдайды шебер суреттейтін көркемдік дәрежесі жоғары шығарма.

Тарихи драма көрермен назарына ұсынылмастан бұрын облыстық қазақ драма театрының директоры Болат Бекжанов театрдың жана маусымының ашылуымен құттықтап, руханият ордасының ұрпақ тәрбиесіндегі алатын орнына айрықша тоқталып өтті. Сондай-ақ Болат Умбетәліұлы қазақ жерінің қиыр-қиыр қамтыған ұлт-азаттық көтерілісінің халық өміріне қалдырған табы қалың екендігін тілге тиек етіп, өскелең ұрпаққа тәуелсіздіктің қадірін жете



түсіндіру мақсатында таңдау «Қилы заманға» түскендігін айтты.

Қойылым Ақ патшаның бұратана халықтардың өкілдерін тылдағы жұмысқа алу жөніндегі жарлығының шығуымен басталады. Бейбіт өмір кешіп жатқан елді Ресей патшасының 1916 жылғы 25 маусымдағы жарлығы дүр сілкіндірді. Жарлық бойынша тыл жұмыстарына Қазақстаннан, Орта Азиядан, оның ішінде қазақтар мекендеген барлық облыстардан адам алу белгіленді. Олардың тізімін жасау болыс басшыларына жүктелді. Патша жарлығы халыққа төбеден жай түскендей әсер етті. Жер-жерде наразылықтар көбейді. Қысқа күнде қырық құбылған саясаттың салқаны жалпақ жұртшылыққа қатты батты.

Көтеріліс басшылары Ұзақ батыр мен Жәменке шешен және Албанның ең белледі адамдары. Ал болыс-билер саяси ахуалды жіті бақылауда ұстаған, заман сырын, патша саясатын терең түсінген адамдар еді. «Ұлымыз құл, қызымыз күн болмасын десек, аяғымыз аттың үзгеніңде кетпесін десек атқа қонайық» деп ұран тастаған Ұзақ батыр енді шегінерге жол жоқтығын айтып қол жинай бастайды. Ұзақ батыр әділдік жолында әрдайым ұлықтармен ұстасып келген тұлға ретінде көрінесе, Ұзақтың туған ағасы Тұңғатар қажы оған мүлде қарағар бейне. Мал соңына түскен дүниеқұл, дүлей пенде. Қара басының ғана амандығын ойлап, өзге елдің үніс бағынуын жөн көрген ол Ұзақтың елді бастап шыққан әрекетін жақтырмай, жолын бөгегеуе тырысады. Тоқтау айтып, сабырға шақырады.

Ақырында ел кісілері бір шешім табуын амалын іздеп, айналып келгенде, би-бостардың емес, Албан руының қадірлі ақсақалы Жәменкенің ауылына жиналады. Ал Жәменке ауылындағы алғашқы жында ел бастаған серкелер белді бекем буып, «Бала өлгенше, шал өлсін» деп өздерінің құрбандыққа шалалы.

Осылайша, ерек кіндіктің барлығын тегіс атқа қонып, жазалаушы отрядқа қарсы шығады. Бұған дейін «айтқанына көндіріп, айғырсып қамшы үйіріп, ысқырып» ықтырып үйіріп қалған момын елдің бір-ақ сәтте жат мінез танытып, қарсылыққа бет бұрғанын байқаған ұлықтар енді көтерілісшілерді басып-жаншудың түрлі амал-айласын қолдана бастайды. Қарсы бас көтергенді тегіс қырып, тіпті бесіктегі нәрестелердің өзі қанішер қаніпезерлердің шенгеліне ілінеді.

Тығырыққа тірелген сәтте патша ұлығының арам ниетін өбден танып-білген қазақтар, Оспан Жәбірбаев деген қазақ тілмаштан үміт күткенімен ол жанашырлық танытпайды. Ақырында зіркілдеген зеңбірекке берденке мылтықпен, сойыл-қамшымен қарсы тұрған көтерілісшілер жеңіліске ұшырайды.

Дар алдында емес, ар алдында именген Ұзақ бастаған көтерілісшілер қазақ халқының тәуелсіздігі үшін басын бөйгеге тігіп, ақырында оққа ұшады. Қойылымның түйінделер сөтінде Led экран арқылы тар заманда да тобасынан жанылмай тағлымды ғұмыр кеше білген, тәуелсіздік жолында бастырып бөйгеге тіккен боздақтарымыздың бағын-көздері көрсетіліп, көрермен қауымын ерекше әсерге бөледі.

Жалпы, қойылымнан бүкіл ұжымның еңбегін көруге болады. Қай кейіпкерді алсақ та, артистердің шеберлігі, жан дүниесінің тереңдігі сүйсініп қоймайды.

Дәулет ТӨЛЕНДІ,
Жамбыл облысы

Сұхбаттасқан
Өміржан
ӘБДІХАЛЫҚҰЛЫ

Мереке

Орал қаласында Тәуелсіздіктің 25 жылдығына арналған шаралар аясында ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің күні аталып өтті. Мерекеге орай таң сәріден қала орталығындағы М.Ықсанов көшесі бойында ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі ашылды. Қала тұрғындарына арналып ұйымдастырылған жәрмеңкеге өңір аудандарындағы және қаладағы ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер өз тауарын қолжетімді бағамен сатты.

Ауыл – ұлтымыздың тамыры

Облыстық «Нұр Отан» партиясы ғимаратында аталған мерекеге орай салтанатты шара өтті. Мерекеге жиналғандар ғимарат дәлізінде орнатылған теледидарлар арқылы әр ауданның экономикалық дамуы мен жетістіктерінен сыр шертетін бейнебаяндарды тамашалады. Бұл мерекелік шараға облыс әкімі Алтай Көлгінов қатысып, ауыл шаруашылығы саласы қызметкерлері мен ардагерлерін құттықтады; – Биыл Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдық мерейтойы. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары ауыл шаруашылығы қиын кезеңдерді бастан өткерді. Бүгінгі таңда өңіріміздің агроөнеркәсіп кешені айтарлықтай нәтижеге қол жеткізді. Кеше ғана Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев астық жинау науқанының табысты аяқталуына байланысты еліміздің агроөнеркәсіп кешені еңбеккерлеріне құттықтау жолдады. Елбасы құттықтауда ауыл шаруашылығындағы жетістіктерге тоқталып өтіп, «Осының барлығы мейлінше мол тер төгуді, ұдайы қамқорлықты, зор қажыр-қайратты, білім мен тәжірибені талап ететін саланың бірі – егін шаруашылығының табысты дамып келе жатқанын даусыз дәлелдейді. Бұл саладағы азаматтардың бәрін құттықтап, бірден жеміс бере қоймайтын жер төсіндегі бейнетті

еңбектері үшін» деп алғыс білдірді. Сонымен қатар ел Президенті «Біз Қазақстанда дикандардың адал еңбегі барынша бағаланып, ауыл шаруашылығы инвестицияға қолайлы, жана жобаларға, жастарымыздың күш-қуатына өріс ашатын келешегі кемел салаға айналуы үшін барлық жағдайды жасаймыз» деп атап өтті. Халқымызда

қантар-тамыз айларындағы есеп бойынша ауыл шаруашылығының ішкі тауар айналымы 14,4 млрд теңгені құрады. Оның ішінде экспорт 2,4 млрд, импорт 12,0 млрд теңгені құрайды. Бүгінгі таңда өңіріміз ірі қара малы мен қой етіні, балық, астық пен астық өнімдерін, майлы дақылдарды сыртқы нарыққа шығарып отыр.

егістен 52,3 центнерден бастап 41 центнерге дейін өнім алды. Бұл – біздің өңір үшін үлкен жетістік.

Біз бүгінгі мейрамда ауыл шаруашылығы саласында еңбек етіп жүрген азаматтарға және ардагерлерге, барлық дикандар мен мал өсірушілерге ерекше алғысымызды және



«Ауылдың амандығы – елдің амандығы» деген ғибратты сөз бар. Расында да, ұлтымыздың тамыры – ауыл, тағдырымыз да соған байланысты. Ауыл шаруашылығы саласын дамыту – бұл 443 ауылдық елді мекенді өркендету, облыс тұрғындарының жартысынан астамын қолдау болып табылады. Мемлекет тәуелсіздік жылдары бұл салаға айрықша назар аударып, ерекше көңіл бөліп келеді. Тек 2016 жылы ауыл шаруашылығы саласын қолдауға 8,3 млрд теңге қаражат жұмсалды. Сонымен қатар 2016 жылы ауыл шаруашылығын қаржыландыруға 3,6 млрд теңге «ҚазАгро» акционерлік қоғамы арқылы несие ресурстары тартылды. Біздің өңіріміз – асылтұқымды Көшім жылқысы, қазақтың ақбас сиыры мен Елілбай қойының отаны. Соңғы 20 жылда ірі қара мал басы 30, қой мен ешкі – 50, жылқы – 60, құс саны 130 пайызға артты. Еуразиялық экономикалық одақ аясында және Дүниежүзілік сауда ұйымына кіргелі шаруаларымыздың аяғына нық тұруына, бәсекеге қабілетті сапалы өнім шығаруға «АгроБизнес – 2020» бағдарламасы шеңберінде барлық жағдай жасалуда. Үстіміздегі жылдың

Бізге Ресей, Испания, Әзірбайжан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түркіменстан, Ауғанстан, Өзбекстан мен Украина секілді елдермен сауда-саттық саласы мықты дамыған. Еліміздегі ауыл шаруашылығы саласына деген қолдаудың, ауа райының қолайлы болуының және дикандар мен жұмысшылардың қажырлы еңбегінің арқасында биылғы жылы егін шаруашылығынан мол өнім алдық. Ағымдағы жылы өңіріміз бойынша дәнді дақылдан түскен өнім 318 мың тоннаны құрап отыр. Бұл көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда 35 есеге көп. Мол өнімге қол жеткізген шаруашылықтар қатарында Зеленов ауданындағы «Алтын бидай», «Матевосян», «Достық» шаруа қожалықтары бар. Олар әр гектар

ризалығымызды білдіреміз. Сіздер қажырлы еңбектеріңізбен еліміздің экономикасының дамуына ғана емес, қоғамның әлеуметтік тұрақтылығының нығаюына да қомақты үлес қосып келесіздер. Егер биыл маңызды оқиға – ел тәуелсіздігінің 25 жылдығы болса, келесі жылы Астана қаласында өтетін «EXPO – 2017» бүкіләлемдік көрмесі халықаралық қоғамның назарын өзіне аударады. Батыс Қазақстан облысының ауыл шаруашылығы қызметкерлері көрмені ұйымдастыруға атсалысады деген сенімдеміз, – делі өңір басшысы Алтай Сейдірұлы. Бұдан соң облыс басшысы ауыл шаруашылығы саласында елеулі еңбек етіп жүрген бір топ сала мамандарын марапаттады.

Руслан ДОСТАЕВ

ӨЛКЕ



www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Нәтиже

Жуырда Қазақ ұлттық аграрлық университетінде «Ветеринариялық білім бойынша Халықаралық эпизоотиялық бюроның жаһандық конференциясы ұсыныстарын Орталық Азия аумағында жүзеге асыру туралы кеңесі» тақырыбында бірінші аймақтық кеңесі өтті.

Екі күнге жоспарланған кеңестің ұйымдастырушылары – ENVT, ҚазҰАУ, Лион ветеринариялық ұлттық мектебі (VetAgroSup), ауыл шаруашылығы министрлігі,

жылдан бері жүргізіп келеді. Тек тәуелсіздік алған жылдардың өзінде университет қабырғасынан алты мыңнан астам ветеринар, ветеринар-санитар дәрігерлер, магистрлер мен PhD докторлар түлеп ұшты», – дейді. Университет басшысы түлектерінің еңбек нарығында өте жоғары сұранысқа ие екенін де атап өтті. Оның сөзіне жүгінісек, бүгінгі таңда олар ветеринарлық мекемелерде, мемлекеттік, ғылыми-зерттеу, білім беру құрылымдарында, кәсіпорындарда, алыс-жақын шетелдерде қызмет атқарады. Университет ветеринарлық медицина және ветеринарлық санитария мамандығы бойынша үш деңгейде білім беру бағдарламасын жүзеге асырады. Мәселен, ветеринария факультеті халықаралық ғылым-білім беру кеңістігінде көптеген табысқа қол жеткізгені. Т.Есполов «Қос диплом бағдарламасын жүзеге

Ветеринарияда жаңа қадам



Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығы, Халықаралық эпизоотиялық бюроның Астанадағы өкілдігі.

Кенес жұмысына ветеринарияға бағытталған жоғары оқу орындарының ресми өкілдері және Франция атынан Халықаралық эпизоотиялық бюроның делегаттары, ТМД-ның 11 мемлекетінен (Армения, Әзірбайжан, Белоруссия, Грузия, Қазақстан, Қырғызстан, Ресей, Тәжікстан, Түркіменстан, Украина, Өзбекстан) өкілдер қатысты.

Жиынды Қазақ ұлттық аграрлық университетінің ректоры, академик Тілектес Есполов ашып, ветеринария саласындағы түйткілді мәселені ортаға салып, аталған бағытта университет тарапынан атқарылып жатқан инновациялық жобалар жайын баяндап, алдағы атқарылатын іс-шараларға тоқталды. Академик Т.Есполов «Бүгінгі таңда адамдардың денсаулығы мен өмірі үшін ветеринарлық медицинаның маңыздылығын қайта бағалау өте қиын. Себебі адам мен жануарларға ортақ ауруларының саны жыл сайын артып келеді. Қоршаған орта факторлары мен дәрі-дәрмектердің әсеріне төзімді вирустар мен микроорганизмдердің

асыру бойынша әлемнің жетекші жоғары оқу орындарымен әріптестік байланыс басталды. Оның қатарында Шығыс Финляндия университетінің, Ветеринарлық медицинаның Ганновер университеті, Ыстамбұл ветеринарлық университеті, Вагенинген университеті және т.б. бар», – делі.

Биылғы жылы университет базасында агротехникалық ХАБ өз жұмысын бастады. Ол мемлекеттің және жекеменшік сектордың ресурсын бір арнаға шоғырландырып, оны ел үшін пайдалы, перспективасы жоғары жобаларға бағыттауға болады. Бұл бірегей ХАБ еліміздегі агроөндірістік технологиялар трансферті мен ғылыми-зерттеу нәтижесін коммерциаландырудың аланы болып табылады.

Ғылыми басқосуда бірқатар мәселе қарастырылды. Ол ТМД елдерінде және Орталық Азия аумағында ветеринариялық білім беру туралы ағымды жағдайды талдау. Сонымен қатар ветеринариялық оқу орындарын бітірушілерінің қузыреттілігіне қойылатын Халықаралық эпизоотиялық бюросының (ХЭБ) ұсыныстарын қарастыру және ветеринариялық білім ветеринариялық беру бойынша аталған бюроның негізгі концептуалды бағдарламасын ұсыну.



жаңа штаттары пайда болуда», – делі. Оның айтуынша, басты мақсат – жануарлар ауруларының таралуына жол бермеу. Сондай-ақ адамға жұғатын аурулардың алдын алу және олармен күресу. Мал шаруашылығындағы азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету іс-шараларын жетілдіру.

Ректор «Медицина адамды емдесе, ветеринария адамзатты емдейді!» деген қағида бар. Сондықтан, сапалы ветеринарлық білім беру мен білікті маман дайындаудың маңызы өте жоғары. Ветеринарлық білім беруді дамытудың инновациялық әдістерін талқылау дәл біздің оқу орнымызда өтуінің өзіндік себебі бар. Ветеринария саласында маман дайындауды университет 1929

Бюроға қатысушы-мемлекеттердегі жоғарғы және жоғарыдан кейінгі ветеринариялық білім берудің үйлесімлі қамтамасыз етуге бағытталған бірқатар бағдарламалық құжаттарды ХЭБ әзірлеп құрастырды. Қазіргі кезде Халықаралық эпизоотиялық бюро Еуропаның, Азияның және Американың 18 университеттерінде тоғыз Twinning жобаларын қолдап отыр. Екі күнге созылған кенес жұмысының нәтижесінде ветеринарлық білім саласының ғалымдары саланы дамытуға байланысты арнайы резолюция қабылдайды.

Макпал НОҒАЙБАЕВА, Суреттерді түсірген М.БОТАБЕКОВ

Еңбегімен еңселі

Қалың көде қақалып өскен беткейдегі жусап жатқан жылқы үйіріне жақындағанымыз сол еді, мойнын қаздай иілтіп, қамыс құлақтарын тынымсыз қайшылап, болат тұяқтарымен саздауыт жердің шымын оя шұрқырай кісінеген, жаясына екі адам еркін жатқандай бозайғыр алдымызды кескестей берді. Кебеже қарын, кең құрсақ нағыз қазаққа мал екен. Сауырлы, жаялы, кесек бітімді бозайғырдың тұрқына көзің тойғандай. Үйірдегі тай-құлынды айбарымен жасқап, бізді сәл әріректегі тепсеңге қумак. Есебі бейсауыт адамдардан үйірін қорғаған түрі. Мал иесі Серік Балағазыұлының құр-құрлаған дауысын естігеннен кейін бозайғыр ойқастай басып барып, сабасына түсті де, боз даланы басына көтере оқыранды. «Байқамай қалдым» дегендей қамыс құлақтары тік шаншылған басын шұлғып-шұлғып қояды.

Тепсеңдегі жылқы үйірі көңіл тоғайтарлық тоқ. Мама биелердің жанындағы жабағылардың жүні жылтырап тұр. Солтүстіктен күзгі қара суықтың алғашқы белгісіндей аңызға, суық жел еседі. Қара суыққа қынатын мал жоқ. Желге жондарын төсеп, бітік өскен бетегені күйіспей жатыр. – Міне, жылқы үйірі осында, – дейді жасы жетпістің желкенін кереген Серік Асқаров, – мініс аттар ауылда. Оның үстіне жаз бойы сауып отырған бір үйір бие де елде. Мал баққанға бітеді. Қазір «МММ» деп ат қойып, айдар таққан біздің шаруа қожалығымызда 110 бас жылқы, 205 қара мал, 400-ге тақуа қой бар. Осы малдың басын кенес өкіметі тарап жатқанда астыма мініп жүрген автокөлігімді бірер бас жылқыға айырбастап құрап едім. Содан өскені. Өз төлінен өсірдім. Әрине, жылқының тұқымы түзік болуы үшін жыл аралатып, үйірге салатын азбан айғырды айырбастап отыру керек. Содан соң малдың қабағына қараған дәзім. Онсыз босағана төрт түлік байланбайды. – Ақсақал, – дейміз біз әзілге жығып, – төрт түлік деген сөзді екі қайталадыңыз. Сіздегі түлік үшеу-ақ қой. – Сұрағың жөн, қарағым, – дейді Серік Балағазыұлы, – Төртінші түлік анау қырдың астында жатыр. Ашылды, сортаңда. Бір келе түйе. Біздің жақта тансық болса да төрт түлікті түгел түгендеп, өсірмек мақсат ойда бар. Жылқы жайылымынан сәл әріректе, үйір-үйір балапан қайындар қауамалы қоршап, табиғаттың өзі желге қорған жасаған алаңшадағы ақбас сиырлар табынына бет алдық. Алыстан қарағанда ғана

Төрт түлікті түгел өргізген



сан алуан түл егілген. Кәдімгі қаладағыдай эстетикалық талғаммен безендірілген. Сыртқы тазалық ішкі тазалықтың жанында астар болмай қалады екен. Тәулік бойы қымыз бапталғандықтан ба, жарма есікті ашқан сәтте қышқылтым қымыз иісі кенсірігінді жарып жібере жаздайды. Таза, кен бөлмеде сегіз күбі тұр. Темірмен құрсауланған, ағаштан шабылған кең күбі. Біз көрген күбілерден әлдеқайда үлкен. Боишан адамның кеудесінен келетіндей биік. Төрт күбі оң жақта, төрт күбі сол жақта. Іргеге шағын мотор орнатылған. Моторға жалғанған білік күбілердің деңгейіне орнатылған екінші білікпен жалғасады. Көлденен тартылған құрсауда әр күбінің үстінен келетін піспек. Мотор от алғанның кейін жанағы піспектерді айналған білік қозғалыса келтіріп, тербелмелі қалыпқа түседі. Өстіп қымыз піседі. Бұл қол жұмысын азайтуға бағытталған әдіс. Қымыз баптаудың қыр-сыры көп. Нобайы бір болғанмен, әдіс-тәсілі әркілі. Әркім өз білгенінше бұрынғылардан қалған білік, тәжірибені өрістетеді. Шаруа қожалығы дайындаған қымызға сұраныс мол. Ұзындығы атшаптырмын, бірнеше мал қорасы салыныпты. Қолдағы қара малға арналған. Қосымша тағы бір ұзындығы 80 метрлік, ауқым кең, үлкен қора салынууда. Шаруа қожалығының басшысы «Сыбаға» бағдарламасы арқылы асылтұқымды мал алуды жоспарлап отыр. Асылтұқымды бірнеше бұқа сатып алып, табынға қосқан, сініре бұдандастыру үшін. Шаруа қожалығының қоянның жымындай бір-біріне селбескен шаруасын пайымдасаныз, қай жерден де ұқыпты қолдың табы мен мұндалап тұрады. Өне жерде дөңкерлеу аппараты, мына бір жерде малдың жемін үетін шағын диірмен. Екі ұнғыма қазып алған. Бірі – үйдің жанында, бірі – мал қораларының іргесінде. Әрқайсысы әркілі тереңдіктен. Бірінен су 25 метрден шықса,

біркелкі көрінеді екен. Жақынды келіп, жобаласак, табында Зенгі бабаның сан атасы тоғытылған екен. Қырдың қызыл сиыры да, сүтті қараала да, етті ақбас та осында.

– «ҚазАгро» ұлттық компаниясы елге тиімді бастама көтеріп отыр, – дейді Серік Балағазыұлы, – «Сыбаға» бағдарламасы біле білгенге ел үшін, елде тұратын жұмыссыздықтың зардабын көрген адамдардың енесің тіктейтін, әлденетін ғажап көмегі. Жасым жетпіске келгенде мен неге жарғақ құлағым жастыққа тимей жұмыс істеп жүрмін? Жастарға үлгі болайын, елді қоғамдастырайын дейміндей. Әйтпесе асарын асап, жасарын жасаған адамға не керек?..

«МММ» шаруа қожалығының атауы Серік Асқаровтың Марат, Мұхтар, Мәулен есімді балаларының бас әрпінен алынған. Қазір Ақкөл ауданында, іргелдегі Астанада шаруа қожалығының атын естіген ел елен ете түседі. Өйткені, қожалықтың аты бал татыған қымызымен шығып тұр. Қымыз баптайтын үйді арнайы барып көрдік. Ауылдағы кез келген үй тәрзіді төрт бөлмелі, жатаған шатырлы баспана. Жалғыз-ақ ерекшелігі – төңірегінде көлденен жатқан бір тал қылау жоқ, мұнтаздай тазалығымен ерекшеленеді. Үйдің алдына

екіншісінде 42 метр. Соның арқасында өзі де бағымдағы мал да таза суға мөлтектеп, қарық болып отыр. Электр қуаты үшін ауылдан бөлек трансформатор орнатылған. Ауылдастарына бөгет болмауы үшін. Ауыл шаруашылығы техникаларын электр қуатына қосқан кезде жалпы қуат азайып, бейнет шекпеуі үшін.

– Өз ғұмырымда сан алуан шаруаның басын қайырдым, – дейді «МММ» шаруа қожалығының жетекшісі Серік Асқаров, – бригадир де болдым, бөлmiş менгерушісі болып та қызмет істедім. Қара жұмыстан да қашқан жоқ. Сол сан жылғы еңбек тәжірибемде істің көзін тауып, маңдайы терлеп еңбек еткен жанның далала қалмайтынын айқын аңғарып, көкірегіме тоқыдым. Тәуелсіздік алған тұста ескі қирап, жана әлі жолға қойылмаған уақытта киыншылықты бастан кешкеніміз рас. Ешкімге алақан жайып бармадым. Қолтығымнан демейтін қузыры ешкім жоқ. Осы бітімге өзімің ақ адал еңбегімнің арқасында жеттім.

Ақсақалдың шаруаның ыңғайын білетіндігі қай жерде де көрініп тұр. Биыл жаз қуаңшылық болса да, бір-біріне іргелестіріле үйілген қоян жон маялар мен мұндалайды. Шаруа қожалығының басшысы егін

орағы аяқталған соң, 1200 гектар егістік алқабындағы бидай мен сулы сабанынан бір қылтанак қалдырмай, жинап алатындығын айтады. Одан соң мал азығына тұлді қосындылары бар жарма, қорама жем, тұз қосылатындығын, оның өзі мал ағзасына өте пайдалы екендігін баяндап берді. Қолдағы техникаға арналып, кәдімгідей екі бокс, асфальтталған қырман салған. Астыққа арналған қойма, мал жеміне арналған қойма бір бөлек. Еңбексүйгіш адамдардың қарекетіне қарап көңілің тойғандай.

Шаруашылықты ұрышқаша үйіріп, дөңгелетуі өз алдына шаруашылық басшысының 30 жылдан бері тарқамай келе жатқан бір құмары бар. Ол ат спорты. Осы төңіректегі ат жалын тартып мінітетін, тақымы мықты бозбалаларды жинап, команда құрған. Облыс ішінде өткізілген көкпар сайысынан қалып көрген жоқ. Ежелгі спортқа жастардың ынтысы ғажап. Команда құрамындағы Азат Алшынов, Елдар, Айтқазы Сағындықовтар, Диас Байзақов тәрзіді жас жігіттер ұлттық ойынның көркі.

Көкпар ойынымен бірге бәйте десе дөлекесі қозады. Асылтұқымды жүйрік ат баптап, бәйтеге қосу бір құмары. Өз бойындағы қызығушылықты да қанағаттандырып қоймай, көпшілікке де шарапатын тигізуден бір жаңылан емес. Елдегі мерекеге білек сыбана кіріседі. Оның ішінде жылдағы Наурыз тойы, қыстағы қар қалашының соғу тәрзіді ел енесің көтеретін шаруаларға ұйытқы болып жүр. Елдегі орта мектепті де сақтап қалуға айрықша еңбегі сіңген. Жылыусыз қалғанда екі бөлмені жылжытатын бір пештен орнатып, отынның қамтамасыз етіп, ауыл балалары үздіксіз білім алуға үлес қосты. Қазір де әрдайым орта мектептің тыныс-тіршілігін қадағалап отырады.

Жетпіске келген адамның еңбексіз қарап отыра алмайтынына әрі таң қаласың, әрі разы боласың. Тепсе темір үзетін аптал азаматтар қол қусырып қарап жүргенде, ақсақалдың бұл ісі өзгеге үлгі, жалпыға жақсы мысал емес пе?!

Байқал БАЙӘДІЛОВ, Қараөзек ауылы Ақкөл ауданы Ақмола облысы

келеді. Орталықта ақсақалдар алқасы мен жастар қанаты жұмыс істеуде. Ұлттық колонер және ұлттық тағамдар көрмелері жиі өткізіледі. Ал біздің этнос өкілі Мырзақұл Тұрғынбаев — үздік мұғалім атағына ие және «Мен тау ұлымын», «Кәрі баба хикаясы», «Каратөбе қырғыздарының шежіресі» сияқты кітаптардың авторы. Есіркеп Жолдасов — Қазақстанға еңбегі сіңген мәдениет қайраткері, Шымкент

жер берді. Қырғыздардың аяқтарынан тік тұрып, енесінен көтеріне көмек қолын созды. Осыларды бүгінде балаларымызға айтып, түсіндіріп отырамыз. Қазақтармен құла-жекжат болып, араласып кеттік. Балаларымыз қазақтардың бауырмалдығын бойларына сіңірді. Көпшіл, қонақжай, кең пейілді болып өсті. Өзіміз де сүйген жарым қазақ қызы...

Жас қазақ: «Қазақ-қырғыз бір туған» деп жатамыз. Дегенмен, екі халықтың бір-біріне ұқсамайтын қандай ерекшеліктері бар деп ойлайсыз?

Абылай Рысбеков: Мен айтар едім, бір-біріне ұқсамайтын айтарлықтай ерекшелік жоқ. Кішкентай кезімізде өкеміз «Кобыланды батыр», «Алпамыс батыр» сияқты эпостық жырлар жазылған грампластинкаларды әкелетін. Соны түнімен

Қазақ пен қырғыз бір туған!



саз колледжінің аға оқытушысы, Ш. Қалдаяқов атындағы филармонияның «Бас дирижері» атағы да бар. Жас қазақ: Қырғыз бауырларымыз Төле би ауданына қалай келген?

Абылай Рысбеков: Каратөбе қырғыздарының шежіресіне сүйенсек, қырғыздардың алғашқы легі қазақ жеріне 1703 жылы келген екен. Ол кезеңде төрт мыңға жуық шаңырақ қалмақ шабуылынан жер ауып, Енисейден Таласқа көшкен. Ал Кәрі Байтұғелулы бастаған қырғыз бауырлар бір ғасырдан астам уақыт бұрын қазіргі Төле би ауданындағы Каратөбе ауылына қоныстанған. Бүгінде мұнда 80 қырғыз отбасы қоныстанып отыр.

Мырзақұл Тұрғынбаев ақсақалдың айтуынша, Кәрі Байтұғелулы еті тірі, ел қамын ойлаған, әділ адам болыпты. Ол осы өңірдің билік иесі Қасымбек датқадан жер сұрайды. Датқа оның өтінішін қанағаттандырып, Жетімботадан жер бөліп беріпті. Қырғыздар солан бері осында тұрақтап қалған. Кәрі баба өзімен келген тұстарын «қайтсем, аштықтың тырнағынан құтқарып, ел етем» деп, жарғақ құлағы жастыққа тимей, ойы он саққа жүгіреді. Тиесілі жерді алып, ұзақ ойлана келе, жерді игерудің жолын қарастырады. «Су шығарып, егін ексе, сонда ғана ағайындарын тойындырамыз» деген тоқтамға келеді. Сөйтіп, іргедегі арқырап ағып жатқан Балдыберек өзенінің бойынан шаруа бастауды қолға алады. Бала Балдыберек пен Үлкен Балдыберектің түйіскен жерінен қия беткейлі жағалата арық қаздырып, Жетімботаның жазығына су шығарса, бұл ойы да жүзеге аспак. Өзімен бірге келген азаматтардың ішінен іске жарамдысының басын қосып, өзі бас болып, арық қазуға шығады. Арықтың жобасын жасап, әр жерге қада қағып отырады. Еңбекке жарамды ерлер сол жобамен арық қазды. Жолында кездескен жартас, қақпалас, ақ жершітерді қайламен бұзып, су жүретін жол ашады. Еңбектің ашы терінің арқасында екі-үш жылға созылған арық қазу жұмысы аяқталып, Жетімботадан арыққа су келеді. Бұл арық кейін келе «Қырғызарық» аталып кеткен. Келер көктемде жер аударып, билей, тары егеді. Кәрі өзі бас болып, күзде түскен мол өнімді әр үйге теңдей бөліп, «Әрекет түбі — берекет», еңбектің жемісін көрген қырғыздар келесі жылы бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, жұмыла қимылдайды. Алғашқы жылдары жертелде тұрса, кейінірек асарлатып қам кірпіштен үй салды. Еңбек өнімділігі артақан соң, артық астығын саудалап, мал алады. Тұнымсыз еңбектің жемісі сол, өлгізе соқа жегіп, жер жыртады. Егістік жерлерін ұлғайта түседі. Кәрі қартпен бері келген Әзіке Бесқұртқаулы есімді азамат Қырғызарықтың биік жағасынан науа түсіріп, су диірмен тұрғызады. Каратөбеге қоныстанған қырғыздардың тұрмысы

тындайтынбыз. Алпамыс сияқты болғымыз келді. Өсе келе, қырғыз халқының да «Манас» атты эпикалық дастаны барын біліп, жырға сусындалық. Қазақ пен қырғыздың тілдері де өте ұқсас. Бір-бірімізді аудармасыз-ақ түсінеміз. Салт-дәстүріміз де бірдей. Көкпарымыз да ортақ. Сәл-пәл айырмашылықтарымыз туралы айтайын. Қырғызстанда болғаныма бір кісі «Бешбармақ» сөзін бізден алғандысыздар, өйткені, бізде сіздер айтатындай бес саусақты бешбармақ дейміз, ал сіздер бес саусақ деп атайсыздар...» делі. Көзімдідей айтысып, жене алмадым. Сондағы бір байқағаным, қырғыздарда қойдың басын күйеубаласының алдына қояды. Біздерде ақсақалдар мүжілі дегендей...

Жас қазақ: Апырмай-ә? «Пайғамбар да күйеубаласын сыйлаған» деген. Күйеубалаларды қатты қадірлейді екенсіңдер...

Абылай Рысбеков: Қайбір жылы Қырғызстанда үш жыл жұмыс істеп келгеніме, осындай дәстүрге күйеу болғаным бар. Ерекшелік дегенің, сіздерде домбыра болса, бізде қомыз. Тиегі жоқ. Қомызшыларға таңқалатыным, үш ішекпен, тиесізіз-ақ нотаны қалай тауып алады десеніңізші? Ал домбыраны өз басым бір кісідей тарта аламын.

Жас қазақ: Менің анам қырғыз әндерін жазы көреді. Әсіресе, «Жылқышы» әні. «Сен жылқышы, мен чаба-а-ан...» деп басталатын ше? Ал сіз қазақ әндерін сүйіп тындайтын боларсыз?

Абылай Рысбеков: Әрине! Әсіресе, халық әндерін жаным сүйеді. Енді бүгінгі тілмен айтсақ, «хит» болып жатқан Төреғалидің әндерін ынылдап қоямын. «Әсіресе «Атлосын»...

Жас қазақ: Ұлттық тағамдарыңыз да ұқсас. Жоғарыда айтқаныңыздай «бешбармақ жейсіздер.

Абылай Рысбеков: Ұқсас екені рас. Дегенмен, біздің қазақтар ет астына қамыр салалы емес пе? Қырғыздарда қамырды о бастан лапшаға ұқсас кесіп, ұзындау етіп пісіреді. Айырмашылық осы ғана.

Жас қазақ: Айпақшы, тағы бір ұқсастығымыз бар екен-ау? Сіздерде де, біздерде де қыз алып қашуда алдымызға жан салмаймыз.

Абылай Рысбеков: Иә, оның рас. Қырғызстанның онтүстік облыстарында қыз алып қашу дәстүрі орын алған. Ош, Жалалабад облыстарын айтамын. Солтүстігінде мұндай оғаш қылық орын алмайды. Бізде де солтүстіктің жігіттері қыз



түзелгенін естіген Таластағы ағайындары да көшіп келіп, елге ел қосылады. Мұндағы халық әлі күнге осы арықтың итілігін көріп келеді. Каратөбе ауылдық округіндегі «Қырғызарық», «Кәріжон», «Тотайжар», «Қырғыз көшесі», «Қырғызмола» — осындағы қырғыз тұстардың мекендеген, игерген жерлеріне байланысты қойылған атаулар.

Бүгінде каратөбелік қырғыздар еліміздің барлық аймағында түрлі салада еңбек етіп, ортақ шаңырағымыздың көркейіп, гүлденуіне өз үлестерін қосуда.

Каратөбеге қырғыз ағайындардың немере-шөберелерінің басын қосса мыңға, ал облыста екі мыңға жетеді. Олардың бәрі қазақ тілінде білім алды. Ал бүгінгі ұрпақтары аталары секілді өздерінің бақаты мен қызығын, мақсат мүддесін Қазақстаннан тауып отыр. Біз осында туып-өстік. Осы жерден бақытымызды таптық. Отанымыз — Қазақстан. Ата-бабаларымыз алғаш осында келгенде, қазақ бауырлар жатсынбай қабылдап,

«Бірлігі жоқ ел тозады, бірлігі күшті ел озады» дейді қазақ мақалы. Қырғыз — қазақ тарихына көз жіберсек, достықтың, тату көршіліктің тамыры тереңде жатыр. Өзге де этникалық ұлттар секілді қырғыз бауырларымыз да елімізде татулық пен бірліктің, қоғамдық келісімнің айшықты да ажарлы, айқын бедері нәтижесінде бейбіт өмір кешіп келеді. Әсіресе, Оңтүстік Қазақстан облысының Төле би ауданында мыңға жуық айырқалпақты бауырларымыз қазақтармен төскейде малы араласып, дастарқанда бастары қосылып, бір кісінің баласындай тіршіліктің тауқыметін де, жақсылығын да бірге көтеріп келеді.

Біз Қазақстандағы этникалық қырғыз бауырларымыздың бүгінгі тыныс-тіршілігін көңіл көкжиегінен өткізіп, танып-білу мақсатында Шымқаладағы қырғыз этно- мәдени орталығында болдық. Жайдары мінезімен кісіні өзіне баурап алатын қасиетке бай, құшағы кең, ниет-пейілі жан-жадыратар шуақтай шашылып, әңгімелесуші адамын жалықтырмайтын Абылай Рысбековпен сұхбатымызды назарларыңызға ұсынамыз.



Жас қазақ: Сіз бен біздің ашық-жарқын әңгімелесіп отырғанымыз — татулық пен бірліктің, достықтың арқасы, айтынызы, облысымызда қырғыз этно-мәдени орталығы қашан құрылды?

Абылай Рысбеков: Қазақстанның тәуелсіздік алған алғашқы жылдарынан-ақ, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың ұстанған саясаты қолпұлты Қазақстанды тығырлықтан қалай да алып шығу болды. 1992 жылы 16 желтоқсанда өткен жалпы Қазақстандық форумда Елбасымыз «Қолпұлты Қазақстанда ұлтаралық татулықты дәрлітейтін бір институт ашуымыз керек, оны біз форум немесе ассамблея деп атаймыз ба, оны уақыт көрсетеді» — деген болатын. Міне, осы сөз негізінде 1995 жылдың 1 наурызында Қазақстан Халқы ассамблеясы институты құрылып Жарлыққа қол қойды. Басқа елдерде баламасы жоқ, бұл институттың өміршеңдігі өмірдің өзі айқындал берді.

Бүгінде қолпұлты Қазақстан бірлігі жарасқан, бір кісінің баласындай ұлтаралық татулықта өмір сүруде. Шын мәнінде, сонау жиырмасыншы ғасырдың қиын-қыстау жылдарында түрлі себептермен тағдыр тәлкегіне ұшыраған ұлттарға өзінің жағдайының мез еместігіне қарамастан, қол ұшын берген қазақ елі айтарлықтай пана бола білді. Сондықтан болса керек, 2015 жылы 23 сәуірде «Қазақстан Халқы ассамблеясының 20-жылдығы» аясында өткен сессияда сөйлеген сөзінде Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев «2016 жылдан бастап 1 наурызды алғыс күні деп атауды ұсынамын» — деген болатын. Бұл күн Қазақстанда тұратын басқа ұлт өкілдерінің қазақ халқына деген шынайы алғысы — күні болатынына біз, төскейде малы — төсекте басы қосылған қырғыз этносы кәміл сенеміз. Қазақ ұлты Қазақстанда тұрып жатқан түрлі ұлттардың ұйытқысы әрі көшбасшысы болуына тілектеспіз. Сонда ғана біз мәңгілік ел боламыз деп ойлаймын.

Ал енді сіздің сұрағыңызға оралайын. Облыстық қырғыз этно-мәдени орталығы 2005 жылы құрылды. Онтүстік Қазақстан облысында 2424 қырғыз өкілдері тұрады. Мен 2014 жылы 26 мамырында осы облыстық қырғыз этно- мәдени орталығының төрағасы болып сайландым. Бұл орталықтың басты мақсаты — мемлекеттік тілді қолдай отырып, қырғыз этносның мәдениетін, тілін, салт-дәстүрлерін дамыту болып табылады. Сондай-ақ басқа этностардың өткізетін іс-шараларына белсенді қатысып, оларды қолдап отырамыз.

Был бұл біздің этностан 3 адам «Қазақстан Халқы ассамблеясына 20-жыл» медалімен марапатталды. Бұл да болса, біздің жеткен жетістігіміз деп білеміз. Өткен жылдың тамызы айында елбасының «100 нақты қадам» бағдарламасы бойынша Төле би, Сарыағаш, Шардара аудандарында болып, ауыл тұрғындарымен жүзбе-жүз сұхбаттасып қайттық. Жыл сайын ОҚО әкімдігінің тікелей қолдауымен «Қырғыз этносның тілі, мәдениеті және салт-дәстүрлері күні» мерекесі ұйымдастырылып



Он сан ұлтқа орда болған — КӨКТЕРЕК

— Баста жұмысым жоқ, — деген Карл Александрович, — ал жамбасқа тиімдер. Осы ауылда менің де бөлінбеген енім бар. Солай деген де туырылып піскен бүгін, майлы жамбасты алдына қойған. Қолына мүйіз сапты, өткір кездікті алып, дау астаумен тартылған тұтас секітін етіп жапырақтап турауға кіріскен.

— Әй, Карл, — деді Сабыркен ақсақал, — Бас ұстауға сенің әбден хақың бар. Сөйтті де құйқасы ағарып, бабымен піскен басты толайым Карл Александровичтің алдына тартқан. Көзін ашқалы тірілігі қазақ арасында өскен Карлдың да осал емес. Бастың құлағың майлы құйқасымен қосып ойып алып, шеткері отырған балаң жігіттің қос алақанын толтыра, ұмысын барып ұстатқан.

— Баяғы шалдардың ырымы, — деді Карл Александрович. — Германиядағы ағайындарың туралы жақсы хабар естіп жүр. Қыр желкенің қыртысты жерінен тағы бір кесіп алып, екінші бозбалаға жолдаған. Өмірде желкен күдірейіп, желкенің жығылмай жүр. Ұрттан кесіп үшіншіге ұсынды. Ұрттың майлы болсын дегенді және бір қосып қойды. Ал дәл қасқа маңдайдағы жұқалау қыртысты, құйқаның ең бір дәмді жерін маңдайың жарқырап жүрсін деп және біреуге жолдады. Төтті тіл түбімен қоса, келін-кешікке жолданды.

Астаудың жанындағы шағын ыдысқа етегінің өзі жарты астау болып жатқан тұтас субе, топқаптай тоқпан жілік, белдемнің қыртысы анау-мынау тайдың қазысынан кем түспейтін, май байланған тұтас қалпымен қотарылды. Емін-еркін асықпай, бабымен турау үшін.

— Германияда бәрі бар, — деген Карл Александрович, — онда молшылық. Қарын тоқ болғаныммен, ылғи бір нәрсе жетпегендей елегізіп жүресін. Және ол біреу де емес, бірнешеу. Таратып айтайын, маған жетпейтінді Көктеректің емге дауа ауасы, көкмайсалы даласы. Анау ақ қайындарды аңсаймын. 1993 жылы көшіп барғаннан кейін көктемгі салым Германияны шарлап қайынды алқаптарын іздедім. Қайың көрсем Көктеректі көргендей болдым. Қайың табылар-ау, Көктерек қайдан табылсын.

Ауыл ақсақалдарының бірі — Қалдыржан Тумурзин биыл жетпіс жетіге толып отыр. Ақсақалдың айтуына қарағанда, Көктерекке алғаш немістердің қоныстануы соғыс уағындағы жылдар. Саратов өңірінен қырық отбасы көшірілген. Оның алдында соғысқа дейін шамамен 1938-1939 жылдары он бес үй татарлар көшіп келіпті. 1940-1950 жылдары аралығында 15-20 отбасы шешен-ингуштар тұрды. Ол кезде ауылда бастауыш мектеп болатын. Осы шағын мектепте қазақтың, татардың, немістің, орыстың балалары білім алды. Немістер ең бір қиын уақытта қоныс аударған. Ол тұста алыстағы соғыстың дүмпуі шалғайдағы қараша ауылдың да түндігін желпілдетіп, тұрмысын жүдетіп-ақ тұрған кезі еді. Соғыс жылдары бала саны көп болды. Оның үстіне дүмеп шиетті жас балаларын ертіп, немістер келді. Бұрын естіген, бірақ көрмеген, дәмдес болмақ түгілі, өң-түсін көз алдына елестете алмайтын бөгде ұлт, бөтен жұрт. Тілін, ділін білмек қайда. Әлет-ғұрпынан да хабар-ошар жоқ. Өйтсе де көп уақыт өтпей, атамыз қазақтың «жылқы кісінескенше, адам сөйлескенше»



дегені шыңға айналып, немістермен де тоннын ішкі бауындай араласып кеткен. Сөйлескені бертін, алғашқыда сақау адамдарына ымдасқан. Осы Карл Александрович Қалдыржан, Сабыркен ақсақалдар қатарлы Көктеректің қотанында бірге өскен көкөрім еді. Кабырғасы қатып, бұғанасы бекіместен еңбекке араласты. Бригадир болды. Әйелі Мина бие сауатын. Қымызының дәмін Көктеректің көнеқоз қариялары әлі күнге дейін тамсанып айтады. Осы елде отау құрып, шаңырақ көтерді. Өмірге бес бала әкелді. Бес баласы Қалдыржан ақсақалдың бес перзентімен қанаттас

өсті. Ұлтқа бөліну деген қаперлеріне де кіріп шыққан жоқ. Әлі күнге дейін Германиядағы сол балалықтың бал қызығын бірге кешкен достармен хат жазысып, хабар алмасып тұрады. — Соғыс аяқталған соң төрт жыл дегенмен қырық жылдай көрінген азап, мұхнат аяқталып, майдан даласында жауған оқ пен жанған оттан аман қалған майдангерлер елге орала бастады. Орта толмағанымен, ордамыз тіктелді, — дейді сексеннің сенгіріне таяп қалған ауыл ақсақалы Сабыркен Өмірұлы. — Соғыстан кейінгі бейнетті жылдардың маңдайымызға жазылған ауырталығын көп ұлттың өкілдері бір кісідей көтеріп алдық. Біз соғысты көрген жоқпыз, қан төгілмеген, оқ атылмаған жерде жүргенге бейнет деген сөз бе екен. «Орнында бар оналар» демекші, Көктеректің жас шыбықтары қаулап өсті. Селдіреп қалған ауыл қайта толықты. Саясаттың салқынымен көшірілген неміспен, татармен, басқа ұлттармен.

Сабыркен ақсақал бір күні есік алдында шықса, Германияға көшіп кеткен, бір жыл өткен соң туған ауылына мейманның салтымен жолаушылап келген Карл Энгель өтіп бара жатыр екен. — Әй, Карл, — дейді Сабыркен ақсақал. — Үлкенге сәлем бермеуші ме ең. — Тұра тұршы, — депті Карл. — Сен ешқайда

көшпессің. Алдымен анау тауға шығайың. Кеудемді толтыра саф ауадан бір жұтайын, ақ қайыңды құшақтайын, туған топырағымға бір аунайын, содан соң келемін.

Ет пісірім уақыттан соң мауқын басқан Карл Александрович Сабыркен ақсақалдың шаңырағына соққан. Бұрынғының жолымен қадірлі қонаққа қыс бойы жемдеп тұрған ту қойын жайратып тастап, ауылдағы ақсақал, қарасақалды түгел қонаққа шақырып, қауқылдасып, өткен-кеткенді айтып отырып, шер таркатқан.

— 1955 жылдан осындамын, — дейді Зоя Ысмайылықы Мұсаева. — Ұйғырдың қызымын. Жолдасым Геннадий Попков орыс. Жеті жасымда осында келдім. Қытайдан тоғыз отбасы осында қоныс аударғанбыз. Содан бергі уақытта сүттей ұйғыған ынтымақпен, бірлікпен тұрмыс құрып, еңбек етіп келеміз. Ұл өсірдік, қыз өсірдік. Ұлымызды ұяға, қызымызды қияға қондырдық. Қазір бір құдам қазақ, бір құдам орыс, бір құдам шешен. Ауылдағы әжелерден алғашқы бетте қымыз баптауды, күбі астауды үйрендім.

Ауылда қариялар сирек. Өмірдің өлкек заны да. Алдының толқын ағалар, апалар соғыс көрген, ашаршылықты бастан өткерген, зұлматты жылдардың жапыранын ішкен. Сол қарағайдың қарсы біткен бұтағындай тіршіліктің жауындылары мен дауылдарына қасқая қарап, қасқайған қара нардай қажымай келе жатқан қалау-қалау қариялардың бірі — Майра Гемалова.

— Он төрт жасымда 1942 жылы Қөкшетау қаласындағы әскери заводта істедім. Содан соғыс біткенше мен қатарлы көкөрім жастар басқыншы жауға атылатын әр оқын оныншысын біз жасаймыз деген ұранмен жұмыс істедік. Соғыс аяқталған соң, сол заводта үш жыл бойы тігін машинасын жасаумен айналыстым. Кейін тұрмысқа шығып, осы Көктеректе отау тіктік. Сауыншы да, есепші де болдық. Баяғыда шалымның тірі кезінде мерекелерде шақыру іздемей-ақ, бірге барушы едім. Қазір Рауф Әбдірахманұлы өмірден өткен соң, мені керек қылып жатқан ешкім жоқ. Жеміс мерекесінде де, қарттар күнінде де бізді ескере бермейді. Баяғыда бір бейбақ «қарнымның ашқанына емес, қадірлінің қашқанына жылаймын» делгі ғой. Біздің күйміз де сол. Өмірге ол бала әкелдім, соғыс кезінде еңбек еттім. Енді тіл ардагері деп, еңбек ардагері деп шақыра салса, қайтер еді.

Қарияның өкпесі орынды. Шынында да, еліне еңбегі сіңген ардагерлерді елеу кейінгіге — парыз, бүгінгіге — қарыз емес пе?!

Қытайда бау-бақша өсірумен айналысқан, жер сүмесін еміл еуден машыққа айналдырған ағайындар мұнда да қарап отырмайды. Анығы отыра алмайды. Қазір қоралап қой, үйірлеп жылқы, табындап сиыр бағып отыр. Үй-үйдің жанында кеміткісі келген кейбіреу «қытайский» деп ат қойып, айдар таққан бәлене тракторлар. Мықты трактордың бойы аласа болғаныммен, атқаратын жұмысы ересен. Жаңағы қора-қора малдың қысқы жем-шөбін осы қолкіткің арқасында жинап алады.

— Қытайда жүргенде негізгі кәсібіміз егін шаруашылығы болды, — дейді Ұйымбек Қуанған. — 2006 жылы әуелді екі шаңырақ көшіп келдік. Кейін сегіз отбасына айналдық. Абақ Керейдің Жантекей руынанбыз. Бірақ жергілікті жұрт, ру түгілі ұлтыңды да сұрап жатқан жоқ. Бұл ауылда кім жоқ дейсіз.

Ежіктеп Алтайдың арғы бетіндегі ауылды сұралық. Қазақ тілінде оқып, білім алыпты. Қаймағы бузылмаған қалың қазақтың ортасы екен. Тірі хансуды көргені бертін. 1949 жылдары ғана келген. Ол тұста аймақтың бірінші, екінші басшылары қазақ ұлтынан сайланып тұрыпты. Онда да ұлтқа байланысты Қытай саясаты қатан. Бөле-жаруға жол жоқ.

Көктеректен тай шаптырым ұзап шыққан соң, ат басын іріктік. Жаңағы әзірде жақсы адамдармен жүздескен, суын ішкен елге қарадық. Ауыл іргесіндегі шақырның етегі қайың-қарағайы аралас ну жанысқа. Қора орман қалың ел — сан ұлттың өкілі бір ауыл, бір бауыр болып тіршілік құрып жатыр. Ынтымағы жарасқан, сыйластығына сызат түспеген тұтас ел. Қашанда осындай бірлігін бекем болсын деп тіледік жол үстінде тұрып.

Байқал БАЙӘДІЛІОВ. Зеренді ауданы Ақмола облысы

Сұхбаттасқан Мұхтар ШЕРІМ

Ұлттық бренд



(Басы 1-бетте)

Әп еткен бетте бәйгеге қатысқан жүз қаралы жүйрік ауыздығымен алысып, біртұтас шоғыр болып шыққан. Екінші әлде үшінші айналымда әлденеше топқа бөлініп, бытырай бастады. Бесінші, алтыншы айналымда шаң қауып қалғандарының қарқыны молайып, ілгері озған екі шоғыр бір-бірімен үзенті қағыстырып, қуырық тістесіп, тай-таласқа түскен. Жер танабын қуырған жүйріктердің қайыспай созылған тұрқы әдеттегіден сәл ұзарып, жермен-жексен болып, шабысқа шабыс қосып, үдетіп келеді. Жылқы емес, құтты намыстың жарысындай. Алдыңғы екі топта он шақты жүйрік бар. Бұлар қазақ елінің маңдайға басқан анық, шын тұлпарлары. Сол тұлпарлардың алдында тура оқ бойы көкқасқа кара үзіп, жалғыз өзі келеді. Міне, он екінші, соңғы айналым. Қарақшыға арқан бойы қалғанда көкқасқа маңдайға ұрғандай кілт тоқтады. Он екі айналым бойы алдына жылқы салмаған, үзенті қағыстырмаған, үзенті қағыстырғаныңыз не, қуырық тістепеген, тіпті одан да әрі құрық салым жерге жақындатпаған, жаратқан ие өзгеден артық жаратқан, табанына жел бітірген жампоз, туа бітті жүйрік, әу баста асыл туған шын тұлпар екен көкқасқа.

Айна сүрең салған көтермеші топтың арасындағы жазарман ағайын жапар-тармағай суретке түсіре бастаған. Бейнетаспаға тартылып жатыр. Бірақ көкқасқа қарақшыдан өтпеген. Шамасы бәйге атының басында шапқан он бір-он екілердегі кара бала бәйгенің шарты бойынша қарақшыдан өту керектігін білмеген, билсе де, мынау дүрлүрмектен есі шығып, ұмытып кеткен. Жанашыр топтың ақырып айтқан ақылдан да, нұқып көрсеткен нұсқаудан да ұғар емес.

Өйткені, ол тіл-ауызы жоқ, әрі құлағы естімейтін ғарып еді. Семедей Ұлы Абайдың 150 жылдық мерейтойындағы ат бәйгесінен өскен қалғанын Краснояр селосындағы балалар мен жасөспірімдердің ұлттық спорт мектебінің ат бапкері Қалым Құлтасов осылай баяндап берді. — Ондай ғарып баланы жүйрік аттың басында шаптырғаны несі, — дедім мен. — Ғырым. Біз көрмеген, еміс-еміс естіген бағзы заманнан келе жатқан көне ырым болса керек-

ті. Жаратқан иеміз тіршілікте көп жылдатқан пендесін әйтеуір, бір қуантуға тиісті. Ғарып балаларды жүйрік аттың басына мінгізіп шапқызу баяғыдан бар дүние.

Қалым Құлтасов Чкалов ауданына қарасты Кенес ауылының тумасы. Қазір ол ауыл жоқ, тарап кеткен. Қалым тәрізді жер-жерде тіршілік құрып жатқан азаматтардың көкейінде ғана сақталған. Қалым Қаймолдаұлы да туған ауылын жиі еске алады. Әкесі Қаймолда жүйрік баптаған, бәйгеге ат қосқан адам. Әлі есінде жүйрік қарагер биелері болып еді. Сол биені жаратып, төңірегтегі 4-5 ауылдың әлдебір тойларында, айтулы мерекелерде, оның өзінде де тым сирек өткізілетін бәйгеге қосушы еді. Әкесінің арғы ақсақалдардан естіген, көне заманнан жеткен қағиданы өз бойындағы түйсікпен ұштастырып, дамыту болатын. Қазіргі ат жарату сол кездегімен салыстырғанда мүлдем басқаша сипатта. Сан жылдар бойы ат жаратып, бәйгенің алдын бермей келе жатқан Қалым Құлтасов былай дейді:

— Алдымен, ат тұқымы туралы айту керек. Қазір қазақы ат, қазақ жылқысы бәйгеге қосуға жарамайды. Мақтаулы араб жылқысы да. Олардың тілсергеі осал, белі бекем емес. Тыз етпе. Жақын, қысқа қашықтықтарда алуы мүмкін. Ал аламанға салу бос деме. Түркіменнің атакты ақалтекесі

қурамында тиісінше сәбіз, қант, сұлы, алма, тұз тәрізді құрама жемдердің болуын әр күн сайын қадағалап отырамын.

— Қанты несі, — деймін мен. — Кант глюкоза. Жүйріктің ағзасы қажетінше түрлі витаминдерді алып тұруы керек. Балаша мәселелер бақпасаң, бағы жана ма? Бізге дейінгі ат ұстаған бапкерлердің тәжірибесі бір бөлек. Біздікі басқа. Жүйрікті әуелі семіртіп, жілігіне май жүгіртіп, қондандырып аламыз. Бірақ оның қазысындай май болмауы керек. Қазысына май байланған жүйріктің іші қызып, өліп қалуы да мүмкін. Ал жілік майын үзіп алсаң, ондай жылқыда күш болмайды. Бұрынғылар жүйрік атты жазды күні түнде қоя беріп, күндіз үш мезгіл биенің сүтін беріп, семіртіп, тұмшалап жауып, мама ағашқа байлап қойған. Бәйгеге қосардан бір күн бұрын терін алған. Терін алу үшін көбіне ауаның тымық кезін пайдаланған. Сауырдан күлак түбіне дейін қалың текеметпен ауа өтпейтіндей етіп, тұмшалап жауып, үстіне салмақты жігіттердің бірін мінгізіп, сүйегіндегі сасық тер әбден шыққанша әрі-бері желе шоқытып жүрген. Содан соң бәйге атының ер-тоқымын сыпырып тастап, әбден қас қарайып, көз байланғанша жетелеген. Жылқы жата қап аунап, сілкініп түрегелгенде бір ұсак сұлы беріп таң асырған. Біз де негізінен, бабаларымыздан қалған тәжірибені ұштастырғанымызбен, тер алу әдісі сәл басқаша. Біз жүйрікті ыстық моншаға

Қайдасың, қазақы қазанат?!

де солай. Түркімен жылқылары әп еткен бетте бойын жаза алмағандай бұлталактап, содан соң кәдімгі ор қоян сияқты ытырынып шапқанда, көз көрім жерге дейін кара шалдырмайтын ұшқырлықтары бар. Бірақ шын тұлпардың тұлпарлығы сыналатын аламанға жарамайды. Рас өзге жылқыдан көрікті, қамыс құлақтары қайшылап, аққу мойындарын иіп, бір орнында тұра алмай, біресе билеп, біресе дөңгеленген суреті алпыс екі тамырындағы бар қанына жан бітіріп, асқақ рух, айрықша сезім сыйлағанымен бұл тек сырт көрініс ғана. Талмай шабу үшін жылқыға өзгеше жаратылыс керек. Бұрынғының тұлпарлары былайша сипатталған ғой: «Шырақтай жанған томаға көз. Еріні етектей жайылған. Қас албасты қабақты. Шықшыты оралып жатқан түбектей. Бауыздау жері піскен алма сағақты. Құлағы көлге біткен құрақтай. Құлжа мойын. Жауырыны сыпыра жапқан тақтайдай. Омыртқасы тақтайдай. Мықымы тар. Кебежесі қарын. Кең құрсақ. От орнындай тұяқты».

Қазіргі жылқы бағатын, жүйрік баптайтын мамандардың айтуына қарағанда, қазақы жылқының бағын байлап жүрген кесепат бәйге жолының қысқа болуы. Мәселен, бүгінгі аламан бәйге деп жүрген ең ұзақ қашықтық 25-30 шақырымнан аспайды. Шын тұлпардың бабы мен бағы қатар сыналатын бұрынғы бәйге ең аз дегенде 50-60 шақырым болатын. Алаштың төл тұлпарлары ағылшын, араб аттары сияқты бір жарыстан соң қалжырап, сендетіліп қалмай, бір суытып алғаннан кейін-ақ зар қүйіне енетін. Бірақ ондай қазанаттың тұқымы тұздай құрып



түсіреміз. Ыстық бу жүйріктің бойындағы арам терден бір тамшы қалдырмайды. Бір мәрте түсіріп алғаннан кейін, желе жортып, тер шыққанша жүгіртіп, содан соң тердің дәмін көреміз. Кермек дәм жойылса, жылқының бойы тазарғаны.

— Өне бір жылдары Қызылжардың ат шабарында тоғыз жүйрік мәреге жетпей, жығылып еді. Шамасы, жүйрік аттарға бәйгенің алдында допинг берілген деген жел сөздің шын болғаны ғой.

— Біз өзге әріптестеріміз туралы ғайбат сөз айтудан аулақпыз. Жұртта жұмысымыз жоқ. Өзіміз ондайға әуестігіміз жоқ. Біздің тұлпарларымыз бәйгеде өз бойындағы жаратқан иеміз сыйлаған мүмкіндіктері арқылы, әрі біздің жыл он екі бойы күтіп-баптап, арнайы жаратқанымыздың арқасында алдына кара салмайды. Менің «Рекорд» деген ағылшын тұқымды тұлпарым бірнеше республикалық, облысаралық жарыстарда сан мәрте бас жүлде алды. Бес рет жеңіл машина олжа етті. Ал «Раут» деген жүйрігім, ол да ағылшын тұқымды жылқы, бірнеше жылдан бері алдына жүйрік салған емес. Рауттың арқасында алты машина ұттым.

Екібастұз қаласында өткен аламан бәйгеге, елуден астам өз елінде бәйгенің алдын бермеген ерен жүйріктер қатысты. Менің «Раутым» он екі айналым бойы жеке-дара келді. Сол бәйгеде атқұмар байшықештер менің Раутыма 80 мың доллар санап берді. Бірақ алмадым. Шабысы анызға айналған Раут осы күні Красноярдағы балалар мен жасөспірімдердің спорт мектебінің ат қорасында тұр.

Жас сәбидей мәселелер күткеннен кейін сан жылғы сайыстан қалжырағаны, жарыстан жүдегені байқалмайды. Қамыс құлақтарын қайшылап, болат тұяғымен жер тарпып, шабыс тілейтіндей оқыраңа қарайды жануар. Атбегілер Рауттың сан бәйгеде жүлде алған, ел мерейін өсірген, өз мәртебесін биіктеткен еңбегін қалай ұмытсын. Атбегі Қалым Құлтасовтың айтуына қарағанда, ендігі арала қазақы жылқыдан тұлпар шығады деп дәмелену қиын. Тағы бір атбегілер айтады: — қазақы жылқы соғым ғана.

Әзірге ағылшын тұқымды жүйріктердің ғана бағы жаппы тұр. Сан ғасыр бойы Алашқа адал қызмет еткен ер жігіттің қанатына баланған қазанат тұлпардың тұқымы қашан жаңғырар екен.

Байқал БАЙӘДІЛОВ

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Тәлім

Рио Олимпиадасының чемпионы Данияр Елеусінов өзі оқыған №54 мектепке барып, дене шынықтыру сабағын өткізді. Чемпионмен бірге, мектеп оқушыларына «Астана» президенттік кәсіпқой спорт клубының менеджері Юрий Мельниченко мен World class фитнес клубының ұстаздары сабақ берді.



Даниярдың дәрісі

Сабак жүргізу кестесіне сай, спортшылар алдымен дене шынықтыратын жаттығуларды, сондай-ақ фитнескегі соңғы жаттығуды көрсетті. «Қазақпарат» хабарлағандай, Олимпиада чемпионы Данияр Елеусінов спорт аламан денсаулығына қажетті факторлардың бірден бірі екенін көрсетті.

Д.Елеусінов «Дене шынықтыру пәнінде балалардың денесін шынықтыратын жаттығуларға көп көңіл бөлген жөн. Жалпы, дене шынықтыру балалардың білімін дамытып, денсаулығын нығайту үшін ең керек пәндердің бірі. «Дене

шынықтыру» жобасының арқасында балалар спортқа бас бұрып, дені сау ұлт тәрбиелейміз деген ойламын».

Президенттік клубтың менеджері Юрий Мельниченко мектеп оқушылары спортқа мықтап кіріссе, болашақта Данияр Елеусінов сияқты чемпион болатындарына сенім білдірді.

Айта кетейік, «Дене шынықтыру» жобасы – Samruk-Kazyna Trust әлеуметтік жобаларды дамыту қорының қолдауымен басталған жоба және балалар мен жасөспірімдерді дене шынықтыру мен спортқа шақыратын бастама.

Футбол

Алматыда футболдан Қазақстан премьер-лигасының басты кездесуі аяқталды. Орталық алаңда жергілікті «Қайрат» пен «Астана» командалары арасында өткен тартысты ойында алматылық аяқдопшылар 2:0 есебімен жеңіске жетті.



«Қайрат» жеңді

Алаң иелері сапында Сесар Арзо мен Исламбек Куат көзге түсті. Кездесудің екінші кезеңінде ойын тәртібін бұзған екі тарапқа да төреші бір-бірден 11 метрлік айып добын белгілегенмен Деспотович пен Жерар Гоу мүлт

кетті. Қақпаны көздегендер қапыда қалып, мүмкіндікті мүлт жіберді.

Осы жеңістен кейін «Қайрат» көш басындағы «Астанамен» арадағы айырмашылықты үш ұпайға дейін азайтты.

Дзюдо

Қарағанды қаласында 1996-1997 жылғы жастар арасында дзюдодан өткен «Азия кубогі» халықаралық турнирінде Батыс Қазақстан облысының спортшылар табысты өнер көрсетті.



Халықаралық осы долаға Өзбекстан, Тәжікстан, Қырғызстан, Монғолия және еліміздің барлық облыстарынан дзюдошылар қатысты. «Қазақпарат» хабарлағандай, айтулы бәсекеле Жайық өңірінен келген

Арман Ерғалиев 90 келі салмақта жеңіс тұғырынан көрініп, алтын медальді иеленді. Сондай-ақ оның жерлестері Қазбек Жолдасқалиев (55 кг), Ансарбек Ғайнуллин (73 кг) салмақта өнер көрсетіп, қола жүлдегер атанды.



ТӘУЕЛСІЗДІК ПЕН ӨРЛЕУДІҢ 25 ЖЫЛЫ

Ширек ғасыр бұрын Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігіне қол жеткізгенде Шеврон компаниясы осы жаңа, болашағы зор мемлекетпен алғашқы серіктестік құрған халықаралық компанияларының бірі болды. Жергілікті экономикаға миллиардтаған инвестиция салды. Мыңдаған жаңа жұмыс орнын ашты. Және Қазақстанның одан әрі ілгерілеуіне септігін тигізу үшін бірлесе жұмыс істеп жатыр. Толық ақпаратты Chevronkazakhstan.com сайтынан қараңыз.



human energy™

CHEVRON, CHEVRON HUMAN ENERGY және HUMAN ENERGY Chevron Intellectual Property LLC-нің тіркелген сұрау белгілері болып табылады. © 2016 Chevron U.S.A. Inc. корпорациясы. Барлық құқықтар қорғалған.

Өнерге әркімнің-ақ бар таласы

ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығы және Алматы қаласының 1000 жылдығына арналған дәстүрлі «1-курс таланттары» көркемөнерпаздар байқауы биыл да өз деңгейінде өтіп, көпшілікті бір серпілтіп тастады.



Көркемөнерпаздар байқауының мақсаты – жалынды жастардың бойындағы отты өшірмеу, өнерге, шығармашылыққа деген қызығушылықтарын арттыру және сахна күдіретін түсінулеріне ықпал ету. Бұл – жастардың бойындағы жалынның, жігерін, талантымен ұштасқан өнерін

көрсететін, өнге елітіп, күйге бөлеп, бимен әрлеп өзіне баурап алып кететін жүзден жүйрік, мыңнан тұлпарларды баптайтын байқау. Биылғы жылы байқауға 800-ден аса өнерлі жастар қатысты. Олардың ең үздіктері гала-концертте марапатталып, өз өнерлерін паш етті.

Үздік деп танылған өнерлі жастарды университетіміздің бірінші проректоры Мұхамбетқали Бүркітбаев, әлеуметтік даму жөніндегі проректор Шолпан Жаманбалаева, оқу жұмысы жөніндегі проректордың міндетін атқарушы Асқар Хикметов марапаттап, жастарға ақ жол тіледі. Марапаттау кешінен кейін сыннан сүрінбей өткен талантты жастар сахнада өз өнерлерін көрсетті. Бұл байқау көптің көңілінде қалар ерекшеліктерге толы



биімен химия және химиялық технология факультеті өзге өнерпаздардан ерекшеленді. «Эстрадалық ән» номинациясы бойынша 1-орынды қанжығасына байлаған филология және әлем тілдері

болды. Атап айтқанда факультетінің студенті, талантты жас пианист Нұртолқын Самғар шетел шығармаларынан попури орындап, көрерменнің ыстық ықыласына бөленді. Журналистика факультетінің студенті күміс көмей, жез таңдай Алтынай Бажанованың әні көрерменнің көңілін көтерді. Кеште әр түрлі халық билерін билеп, бірден көзге түскен дарынды бишілер аз болмады. Жаңа ғасырдың жаңа стиліне сай, жаңа заманның жанаша көзқарастағы жастарының заманауи



факультетінің студенті Абзал Жаңабай «Университетімізде осындай ауқымды жобаның өтетіне қуаныштымын. Өйткені, ауылды жерде дарынды да өнерлі жастар көп. Бірақ олардың өнерін шыңдауға ауылда мүмкіндік жоқ. Өнерлі жастардың тынысын ашатын осындай байқау үшін университетке зор алғыс білдіремін!» – деп байқаудан кейінгі қуанышын жасыра алмады.

Ал химия және химиялық технология факультетінің студенттері жоғары деңгейдегі дайындықтарының арқасында бұл байқауда көп жетістікке жеткенін мақтанышпен айтып өтті.

Осылайша, өнер алаңында талантты жастардың тұсауы кесілді. Өнерге жаны құмар жастарымыздың қадамдары сәтті болғай. Ал ерекше өсерге бөленген көрермендер бұл кешті ұзақ уақыт есте сақтары анық.

Сымбат АЙДАРХАН

Директор – Бас редактор
Срайыл СМАЙЫЛ

Редакция алқасы:

Елдос ӨМІРЗАҚҰЛЫ
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Ғалия ҚАЛИЕВА
компьютер орталығының
жетекшісі

Бөлім
редакторлары:

Марат МАМАНБАЙ –
қоғам және әлеумет

Мақпал НОҒАЙБАЕВА – өнер және
руханият

Руслан ДОСТАЕВ – арнаулы тілші

Кәмшат ТӨЛЕШОВА – терімші

Мехмет СЕМЕРЖИ – фототілші

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Байқал БАЙӘДІЛОВ – Ақмола және

Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34)

Шынарғұл ОНАШБАЙ – Алматы облысы (8 701 503 02 76)

Асқар АҚТІЛЕУ – Ақтөбе облысы (8 778 523 44 96)

Фарида МҰНАЛҚЫЗЫ – Маңғыстау облысы (8 702 799 06 22)

Мұхтар ШЕРІМ – Оңтүстік Қазақстан облысы (8 701 428 21 08)

Айхан БАШТАШ – Осло, Норвегия mahmutba@online.no

Дүйсенбек АЙБЕКОВ – Жамбыл облысы (8 705 227 45 16)

Ұдай САРИЕВА – Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)

Кезекші редактор Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Шығарушы:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың

орынбасары

Мейрамбек

ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші

Расима

ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050009, Алматы қаласы, Гагарин даңғылы, 93-үй (Абай даңғылының қиылысы)

Телефондар: 8(727) 394-37-22; факс: 394-39-68

Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 394-39-67 (жарнама бөлімінің ішкі нөмірі 108)

Газет 2004 жылғы 14 желтоқсанда ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінде тіркеліп, бұқаралық ақпарат құралы есепке қою туралы №5710-Г куәлігі берілген.

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттері сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет «Дәуір» ЖШС РПІК (Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)

тел: (727) 273-12-04, 273-12-54

Талсырыс – №2118;

Бағасы келісім бойынша

Айлық таралымы – 45 000 дана

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «Air Astana», «Etihad Air ways», «Turkish Airlines», «BMI», «Qazaq Air» әуекомпанияларының ұшақтарында бар.